МӘСІХШІЛІК СЕНІМ НЕГІЗДЕРІ

shepherds
GLOBAL CLASSROOM

МӘСІХШІЛІК
СЕНІМ НЕГІЗДЕРІ

shepherds
GLOBAL CLASSROOM

Доктор Стивен Гибсон

Авторлық құқық © 2019 Shepherds Global Classroom

Екінші басылым.

Барлық құқықтар қорғалған. Сынақ беттерін санамағанда, бұл кітаптың ешбір бөлігін Shepherds Global Classroom (SGC) жазбаша рұқсатынсыз кез келген тәсілмен (электрондық, механикалық, фотокөшіру, жазу немесе басқа жолмен) көшіруге немесе беруге болмайды. Біздің SGC ағылшын тіліндегі оқу бағдарламамызды сатып алған сайын бізге осы оқу бағдарламасын бүкіл әлемдегі мәсіхші көшбасшыларына аударуға және таратуға мүмкіндік береді. SGC-ге хабарласу немесе осы әсерлі мақсат-аяны үшін қайырымдылық жасау үшін мына сайтқа өтіңіз: www.shepherdsglobal.org.

Мазмұны

Курсқа қысқаша шолу 5
1. Құдайдың Кітабы 9
2. Құдайдың Қасиеттері 23
3. Үшбірлік 33
4. Адамзат 43
5. Күнә 51
6. Рухтар 59
7. Мәсіх 69
8. Құтқарылу 83
9. Құтқарылу мәселелері 95
10. Киелі Рух 109
11. Мәсіхшілілік киелілік 119
12. Қауым 127
13. Мәңгілік 135
14. Соңғы уақыттағы оқиғалар 143
15. Ежелгі сенім белгілері 151
Ұсынылатын Оқулықтар 159
Тапсырмалар бойынша Есеп 163

Курсқа қысқаша шолу

Курстың сипаттамасы

Бұл курс – Құдай, Мәсіх, күнә, құтқарылу және басқа да маңызды сұрақтардағы мәсіхшілік теологияның негізгі ілімдеріне түсінік береді. Студент қалай ілімдік қателіктерді жібермеу керектігін үйренеді және басқаларға мәсіхшілік ілімдерді үйретететін білім алады.

Курстың мақсаттары

(1) Мәсіхшілік сенімнің негізгі ілімдерін үйрету.

(2) Киелі кітапты ілімдердің сенімді дереккөзі, әрі беделі ретінде дұрыс қолдану.

(3) Ілімдердегі маңызды қателіктерді анықтау.

(4) Құдаймен қарым-қатынасты тереңдетуге көмектесетін түсінік беру.

(5) Басқаларға нені және қалай үйрету керектігі туралы білім беру.

Топ жетекшілеріне арналған нұсқаулар

Бұл нұсқаулар осы курсты қалай жоғары деңгейде оқытуға болатынын сипаттайды. Топ жетекшісі Дүниежүзілік Бағушылар Дәрісханасының сертификатын алғысы келетін студенттер үшін осы стандартты ұстануы керек. Жетекші осы талаптарды орындай алмайтын басқа топтар үшін талаптарды олардың мүмкіндіктеріне бейімдеп, басқа сертификат бере алады.

Біздің есептеуіміз бойынша әр сабақ 90 минут немесе одан да көп уақытты алады. Сондықтан әр сабақты өту үшін топ екі реттен кездессе, тиімдірек болады. Егер топ екі реттен кездесетін болса, онда кейбір нұсқаулықтарды бейімдеу қажет. Мысалы, тест тек бір рет өткізіледі.

Әрбір студентке тест сұрақтарының жауаптары бар беттен басқа, сабақтарға арналған материалдардың толық көшірмесі қажет.

Сабақтың басында алдыңғы сабақ бойынша тест өткізіңіз. Әр студент жауаптарды өзі, есте сақтау қабілеті бойынша жазуы керек. Егер студент тестті тапсыра алмаса, сіз оған басқа уақытта қайта тапсыруға рұқсат ете аласыз. (Сабақтың осы кезеңінің ұзақтығы – 10 минут.)

Тесттен кейін қайталау сұрақтары ретінде алдыңғы сабақтағы мақсаттар тізімін қолданыңыз. Әр мақсат бойынша сұрақ қойыңыз және студенттерге өз ойларымен бөлісуге мүмкіндік беріңіз. (Шамамен 15 минут.)

Жаңа сабақты студенттердің бірінен сабақта көрсетілген үзіндіні оқып шығуды сұрау арқылы бастаңыз. Студенттердің үзінді осы сабақтың тақырыбы жайлы не айтатыны туралы қысқаша талқылау жүргізулеріне мүмкіндік беріңіз. (Шамамен 10 минут.)

Сабақ материалын әр бөлімді оқып, түсіндіріп өткізіңіз. Топтың кейбір мүшелері кей бөлімдерді дайындауға және үйретуге қабілетті болуы мүмкін. (Шамамен 45 минут.)

Курста көптеген **Жазбалар** қолданылады. «Оқыңыздар» деген сөзден басталатын Жазбаларға арналған сілтемелерді сабақта дауыстап оқу керек. Ал басқа сілтемелер мәтіндегі мәлімдемелерге қосымша ретінде берілген. Бұл үзінділерді сабақта іздеудің немесе оқудың қажеті жоқ.

«►» – нышаны **талқыланатын сұрақты** көрсетеді. Сұрақ кейде жаңа бөлімге кіріспе болады, ал кейде өткен материалды қайталау ретінде қолданылады. Егер сұрақ тақырыпқа кіріспе болса, жауапты толығымен түсіндірудің қажеті жоқ.

Топ сабақтың соңында **«Сенімнің ұстанымын»** екі рет бірге оқуы керек.

Сабақтың соңында әр студентке тізімнен Киелі жазбадағы үзінді ұсынылуы керек. Студенттер үзіндіні оқып, осы үзінді сабақтың тақырыбы жайлы не айтатыны туралы қысқаша мәтін жазулары тиіс. Олар бұл жұмысты келесі сабақта жетекшіге көрсетулері қажет.

Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Әр сабақтың соңында студенттерге осы тапсырма туралы ескертіңіз және егер олар өткен сабақ бойынша сабақ өткізсе, есеп беруге мүмкіндік беріңіз.

Сабақтың соңында студенттерге келесі сабақтың материалын, ол басталғанға дейін оқып шығулары керек екендерін ескертіңіз. (Хабарландырулар мен тапсырмалардың шамамен уақыты – 10 минут).

Студенттердің сабаққа қатысуларын, тест нәтижелерін, курстан тыс сабақтарды өткізулері мен жазбаша тапсырмаларды орындауларын есепке алу қажет. Егер студент сабақты өткізіп алса, ол өтпеген сабақтың материалын оқып, тест жазып, жазбаша тапсырманы орындауы керек.

Студенттерге арналған нұсқаулар

Талқылауға ашық қатыса алу үшін, әр сабақтың материалын сабақ басталмас бұрын оқып шығыңыз.

Әр сабақтың басында, алдыңғы сабақ бойынша тест тапсыруға дайын болыңыз. Тестке – берілген сұрақтар бойынша материалды зерттеп дайындалыңыз.

Материалға жеке жазбаларыңызды енгізе алу үшін, әрқашан өзіңізбен бірге Киелі кітапты, сабақтың басылған көшірмесін және қалам алып келіңіз.

Киелі кітаптағы сілтемелерді ашуға, пікірталастардағы сұрақтарға жауап беруге және жетекшінің талаптарына сәйкес сабаққа қатысуға дайын болыңыз.

Сабақтың соңында сізге Киелі жазбадан үзінді беріледі. Келесі сабаққа дейін үзіндіні оқып, осы үзінді сабақтың тақырыбы жайлы не айтатыны туралы ойларыңызды мазмұндаңыз. Орындалған тапсырманы жетекшіге көрсетіңіз.

Осы курсты өту барысында, кем дегенде жеті рет, сіз осы курсқа қатыспайтын адамдарға сабақ немесе сабақтың бір бөлігін үйретуіңіз керек. Сіз сабақты қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өткізе аласыз. Курстан тыс уақытта сабақ берген сайын, жетекшіңізге есеп беріңіз.

1-сабақ
Құдайдың Кітабы

Тақырыптың мақсаттары

(1) Осы сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Жалпы аян және ерекше аян ұғымдары.
- Киелі кітаптың дәлдігінің негіздемесі.
- Киелі жазбаның Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығының дұрыс түсінігі.
- Неліктен Киелі жазбаның Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығы, оның ішінде ешбір қате жоқтығын білдіреді.
- *Құдай Рухының жетелеуі, мінсіз және мүлтіксіз* терминдері.
- Неліктен Киелі кітап аяқталған және оған ештеңе қосуға болмайды.
- Неліктен Киелі кітап ілімдердің негізгі көзі және түпкілікті беделі болып табылады.
- Киелі кітаптың мәсіхшінің күнделікті өміріндегі маңызы.
- Киелі кітап туралы мәсіхшілік сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студентті дұрыс емес ілімдерді есту немесе шектеулі мақсатпен Киелі кітапты зерттеу барысында, қателіктер жібермеуге үйрету.

Кіріспе

Әдетте, сабақ өткен сабақтың материалы бойынша тест тапсыру мен сабақтың мақсаттарын қайталаудан басталады. Бұл бірінші сабақ болғандықтан, бірден Жазбадан үзінді оқуға кірісіңіздер.

► *«Забур жырлары 118:1-16» бірге оқыңыздар. Бұл үзінді Киелі кітап туралы не айтатынын талқылаңыздар.*

Әлемді Жаратушы, Құдай сөйледі. Ол Өзін және Өзінің жаратылысының мақсатын ашты. Құдайдың бізге ашқан ақиқаты «аян» деп аталады. Киелі кітапта «Аян» деп аталатын кітап бар, бірақ бұл сөзді Құдай бізге ашқан барлық ақиқаттар туралы айтқан кезде де қолдануға болады.

► Құдай бізге ақиқатты қалай ашты?

Аянның түрлері

Құдай ақиқатты әр түрлі жолдармен ашты, сондықтан біз аянды екі түрге бөліп қарастыра аламыз: жалпы аян және ерекше аян.

Жалпы Аян

Жалпы аян – бұл Құдайдың қандай екенін, Оның жаратылысына қарап түсіну. Біз әлемге қарап, Құдайдың таңғажайып ақыл-парасаты мен құдіретін көреміз.

Құдайдың қандай екенін, біз адамның қалай жаратылғанынан көре аламыз. Біздің ойлай алуымыз, сұлулықты бағалай және жақсылық пен жамандықты ажырата білуіміз (толықтай болмаса да), бізге Жаратушымыздың ең жоғары деңгейде, дәл осындай қабілеттерге ие екендігін көрсетеді. Біз Құдайдың ойлай алатынын және қарым-қатынаста бола алатындығын білеміз, өйткені бізде осы қабілеттер бар.

Жалпы аян бізге Құдайдың сөйлей алатындығын көрсететіндіктен, біз ерекше аянның да болуы мүмкін екенін білеміз. Құдай сөйлей алатындықтан, Оның хабарлары немесе тіпті толық бір кітабы да бар болуы мүмкін.

Жалпы аян арқылы адамдар Құдайдың бар екенін, Оған мойынсұну керектігін және Оған бағынбай кеткендерін біледі[1]. Бірақ жалпы аян бізге қалай Құдаймен дұрыс қарым-қатынас орнату керектігін көрсетпейді. Жалпы аян бізге адамдардың күнәһар екенін және олардың Жаратушының алдында «ақтала алмайтындарын» айтатын, ерекше аянның қажеттілігін көрсетеді, бірақ жалпы аян бізге шешім бермейді.

> «Бұл заң [Құдайдың] – мәңгілікте мекендейтін Тәңір Иенің бүлінбеген суреті. Ешбір адам көрмеген Құдай, Өзінің болмысымен адамдар мен періштелерге көрінді. Ол келген Құдай; Құдай Өзінің жаратылыстарына олардың көтере алатын шамаларына қарай келді; өмірді жою үшін емес, беру үшін, олар Құдайды көріп, өмір сүрулері үшін келді. Бұл Құдайдың адамдарға деген ашық жүрегі»
>
> - Джон Уэсли,
>
> «Құдай Заңының шығу-тегі, қасиеттері және қолданылуы»

Ерекше Аян

Ерекше аян – Киелі Рухтың жетелеуімен жазылған Киелі кітап пен Исаның бейнесінде көрінді. Ерекше аян жалпы аян көрсеткендей, біздің күнәға батқан жағдайымызды және күнәһар екенімізді түсіндіреді. Ерекше аян Құдайды сипаттайды, күнәға бату мен күнә туралы түсіндіреді және Құдаймен қалай татуласа алатынымызды көрсетеді.

Сіз өзіңізді Киелі кітап бар екенін білмедім деп елестетіп көріңізші. Сіз Құдайдың бар екенін түсінесіз. Құдай алдында кінәлі екеніңізді білесіз. Бірақ сіз өлгеннен кейін не болатынын білмейсіз. Сіз өміріңіздің мақсатын білмейсіз. Сіз Құдайға қалай жақындау керектігін білмейсіз.

---

[1] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 1:20-да Құдайдың жаратқан әлеміне қарай отырып нені білетініміз туралы айтылады.

Содан кейін біреу сізге бір кітапты көрсетіп, бұл кітаптың сіздің сұрақтарыңызға жауап беру үшін Құдайдан келгендігін айтады деп елестетіп көріңіз. Осы кітаптың сіз үшін қаншалықты бағалы болатынын елестете аласыз ба?

Киелі кітап жариялайды

► Киелі кітап өзі туралы не айтады? Киелі кітаптың шынымен Құдайдан екенін көрсететін ондағы мәлімдемелерді мысалға келтіріңіз.

Киелі кітаптың өзі туралы жариялағандары туралы сөйлесейік. Кейін Киелі кітаптың шынайы екендігінің дәлелдерін қарастырамыз.

Киелі кітап – Құдайдың Сөзі екендігін жариялайды. Көне Келісімде Құдайдан келген хабарлар «Жаратқан Ие тіл қатып былай деді»[2] деген үлгіде болғандығының 3000-нан аса мәлімдемелері бар. Иса – Көне Келісімді Құдай Рухының жетелеуімен жазылған деп есептеді[3]. Жаңа Келісімді жазушылар – Көне Келісімді Құдайдың берген хабары деп қабылдады[4]. Жаңа Келісімді жазушылар – Жаңа Келісімді Құдай Рухының жетелеуімен жазылған Жазба деп есептеді[5].

Егер адам Киелі кітаптың өзі туралы жариялағандарына сенбейтін болса, онда ол дәлелдерге қарауы керек. Енді сіз қайтадан Киелі кітап туралы ештеңе білмедіңіз деп елестетіңіз. Сіз Құдай – Тұлға екенін және қаласа сөйлей алатындығын білесіз. Сондықтан сіз Құдайдың кітабы бар болуы мүмкін екендігін білесіз. Содан кейін сізге біреу бір кітапты көрсетіп, оны Құдайдың кітабы деп айтады.

► Киелі кітап шынында Құдайдың Сөзі екенін қалай білуге болады? Сіз ол қандай болады деп күттіңіз?

Ізгі хабар уағыздалатын барлық жерлерде адамдар іштей ақиқатпен әшкереленетіндіктерін сезінеді. Олар Ізгі хабарға сеніп, тәубеге келгенде, Құдайдың кешірімін қабылдап, жаңа өмірді бастарынан кешеді. Бұл көпшілік адамдар үшін Киелі кітапқа сенудің – бірінші себебі[6].

Келесі, Құдаймен қарым-қатынасы бар адамға Құдайдың Рухы түсінік бере отырып және әшкерелеп Киелі жазба арқылы сөйлейді. Киелі Рухтың Киелі кітапты қолдануы, Оның – Құдайдың Сөзі екендігін дәлелдейді[7].

---

[2] Мысалдар үшін Руларды санау 34:1, 35:1, және 35:9 аяттарды қараңыз.
[3] **Оқыңыздар.** Матай, 5:17-18; Жохан, 10:35; Марқа, 12:36.
[4] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 3:18; Петірдің 2-хаты, 1:20-21; Тімотеге 2-хат, 3:16.
[5] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 14:37; Петірдің 2-хаты, 3:16.
[6] **Оқыңыздар.** Салониқал. 1-хат, 1:5.
[7] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 6:17.

Біздің Құдаймен қарым-қатынаста жүруімізде Киелі кітап бізге Құдайдың болмысын және Оның бізбен қалай жұмыс істейтіндігін нақты ашатынын көреміз. Киелі кітап бізге Құдаймен қарым-қатынасты қалай бастау және қалай жалғастыру керектігін көрсетеді. Бұл Киелі кітаптың – Құдайдың Сөзі екендігінің дәлелі[8].

Бірақ, егер сізге жеке рухани тәжірибеңізге негізделмеген дәлел қажет болса ше? Басқа діндердегі адамдардың да ақиқатқа негізделмеген рухани тәжірибелері бар. Біздің тәжірибеміз ақиқатқа негізделгенін қайдан білеміз?

► Киелі кітапта жазылған деректердің дәлдігіне дәлел бар ма?

«Сондықтан, Киелі Жазба – Көне Келісім және Жаңа Келісім – Құдайдың ақиқатының ең берік, әрі құнды жүйесі болып табылады. Әрбір бөлігі Құдайға лайықты; барлығы бірге – бір дене, онда ешқандай кемшілік жоқ, артық та ештеңе жоқ. Бұл көктен ағып тұрған даналық, оны дәм татуға қабілетті адамдар барлық – дана, зерттелген және қасиетті жазбаларды ұнатады»

- Джон Уэсли, Жаңа келісім бойынша түсіндірме жазбалардың алғы сөзінде

Киелі кітапты 1500 жыл бойы қырықтан астам, көпшілігі бір-бірімен таныс емес авторлар жазған. Мұндай кітаптан біз әдетте не күтеміз? Біз оның ішінде көптеген қателіктер мен қарама-қайшылықтар бар деп күтеміз. Бірақ Киелі кітап туралы келесі шындықтарды қарастырыңыз. Киелі кітапта аталған мыңдаған географиялық орындар шынымен де бар, Киелі кітапта айтылған мыңдаған тарихи оқиғалар мен тұлғалар тарихпен расталған. Ешқашан ешбір жаңалық Киелі кітаптағы мәлімдемелерге қайшы келмеді; және ешқашан Киелі кітап өзіне-өзі қайшы келмейді. Бұрын-соңды жазылған басқа ешбір кітап осындай болмаған. Дәлелдер Киелі кітаптың Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығын растайды.

Киелі кітаптың Құдайдың Сөзі екенін растайтын дәлелдерді алты тармаққа бөліп қорытындылай аламыз. Біз Киелі кітап шынымен де Құдайдың Сөзі екенін білеміз, өйткені:

- Киелі кітаптағы мыңдаған фактілер расталды.
- Киелі кітаптағы ешбір мәлімдеме теріске шығарылмады.
- Киелі кітап өзіне қайшы келмейді.
- Ізгі хабар өзінің әсерімен дәлелденді.
- Құдайдың Рухы Киелі кітап арқылы сөйлейді.
- Киелі кітап біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды бағыттайды.

Құдай Рухының жетелеуінің анықтамасы

► Киелі кітап Құдай Рухының жетелеуімен жазылған дегенде, біз не айтқымыз келеді?

Кейде адамдар шабыттанғанда, оларда керемет ойлар туады. Бірақ Киелі кітапқа

[8] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 118:1-2

келгенде, бұдан да үлкенірек нәрсе меңзеледі.

> «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді»[9].

Киелі Жазба адам қолымен жазылса да, осы аят Киелі кітаптың Құдайдан екендігін атап көрсетеді. Сондықтан, ол – оған ілімдер құруға сенімді. Ол адамдар жасаған ең күшті нәрселердің барлығынан да – күшті.

> «Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес. Қайта, Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды»[10].

Петірдің 2-хатындағы, бұл аят авторлардың Киелі Рухтың жетелеуінде болғандықтарын айтады. Олардың жазғандарының дәлдігі – олардың жеке білімдеріне тәуелді болмады. Киелі Рухтың оларды жетелеуі – жазудың сенімділігі Құдайға тәуелді болғандығын көрсетеді. Киелі кітап – Құдайдың Өзі сияқты сенімді.

Киелі Рухтың жетелеуі – бұл Құдайдың Өзін ашып, аянды жазбаша түрге келтірген ғажайып жұмыс. Киелі кітап – Құдай Рухының жетелеуінің соңғы өнімі. Киелі кітап – Құдай Рухының жетелеуімен жазылған жалғыз кітап. Киелі кітаптың Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығы, оның – толықтай, соңғы сөзіне дейін, Құдайдың Сөзі екендігін білдіреді.

Құдай Рухының жетелеуі қалай болды?

► Киелі кітапты жазып бастағанға дейін жазушылар Құдайдан ақиқатты қалай алды?

Кейде адамдар Киелі Рухтың жетелеуі қалай болғандығы туралы ойланады. Құдай Өз ақиқаттарын дәл жазылу үшін қалай жеткізді? Құдайдың аяны туралы айта кететін бірінші шындық, оның әртүрлілігі. Ол белгілі бір әдіспен шектелмейді[11].

Кейде Құдай естілетін дауыспен сөйледі, мысалы, Мұсамен сөйлескен кезде[12]. Басқа уақытта ол түстер мен аяндар берді, ал жазушы оларды сипаттады[13]. Мүмкін, тікелей жазылған Жазбаның бір бөлігі – «Құдайдың қолымен жазылған» деп айтылатын Исраилмен келісім болған шығар[14]. Жазбаның басқа бөліктері Құдайдың айтып тұруы арқылы жазылған болуы тиіс; Мысырдан шығу, Леуіліктер мен Руларды санаудағы үлкен үзінділер «Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып былай деді» деген сөздерден кейін жазылған.

---

[9] Тімотеге 2-хат, 3:16.
[10] Петірдің 2-хаты, 1:21.
[11] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 1:1.
[12] Мысырдан шығу, 33:11.
[13] Аяндардың мысалдарын Даниял 7, 8 және Аян кітабының көптеген тарауларынан қараңыз.
[14] Заңды қайталау, 9:10.

Құдай Рухының жетелеуі – Құдай жазушыға сөзді естілетін дауыспен айтқан дегенді білдірмейді. Біз әр түрлі авторлардың, әр түрлі мінезі мен жазу стильдерін көреміз. Мысалы, Пауылдың стилі, Петірдің стилінен өте ерекшеленеді. Біздің Құдай Рухының жетелеуі туралы түсінігіміз – Құдайдың адамдарды қолдануын, олардың жеке ерекшеліктерін, сөздік қорын, жазу стилін, білімін және тарихи жағдайын қамтуы керек.

Құдай Рухының жетелеуіне деген дұрыс көзқарас – бұл жазушының қиялы мен жеке басын қолданып, Құдайдың ақиқатты білдіру үшін, оны ашып қана қоймай, сонымен қатар абсолютті дәлдікті қамтамасыз ету үшін – жазу процесі арқылы адамды толықтай Құдай Рухының жетелегендігі.

Кейбіреулер Құдай жай ғана жеткізгісі келетін ойлары туралы түсінік берді, ал адам, сөзсіз адамша қателіктер жіберіп, оларды мүмкіндігінше түсіндіруге тырысты деп санайды. Мұндай көзқарас Киелі кітаптағы Құдай Рухының жетелеуінің сипаттамасына сәйкес келмейді. Жазу барысында өздерінің атынан жазбағандарын және қателіктер жібермегендерін білуіміз үшін, Киелі кітап авторлардың Құдай Рухының жетелеуінде болғандығын сипаттайды.

Киелі кітап Құдайдың сөзі болғандықтан, онда қате ештеңе айтылмаған, Өйткені Құдай қателіктер жібермейді[15].

Сондай-ақ, Құдай Өзін негізінен Киелі кітапта жазылған оқиғаларда ашқандықтан, біз Құдайдан сенімді аян алуымыз үшін ұсақ-түйектер дәл болуы керек. Сондықтан, Киелі кітаптағы Құдай Рухының жетелеуінің сипаттамасы арқылы, біз Құдайдың жазу процесін, оның шүбәсіз дәл болуы үшін бағыттағанын білеміз.

Киелі кітаптың толық дәлдігін қорғау үшін қолданылатын терминдер

Құдай Рухының жетелеуі

Киелі кітаптың Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығы – бізге оның аян арқылы берілген Құдай Сөзі екендігін білдіреді. Бастапқыда бұл термин Киелі кітаптың толық сенімділігі мен дәлдігін қорғауға жеткілікті болды, бірақ қазір кейбір Киелі кітаптың Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығына сенетін адамдар, оның толықтай дәл екендігініне сенбейді. Құдай Рухының жетелеуінің маңызды аспектілерін қорғау үшін келесі терминдер қолданыла бастады.

Мінсіз

Бұл термин «қателеспейді» дегенді білдіреді. Киелі кітап мінсіз деп айтқан кезде, біз оған сене алатындығымызды және ол бізді ешқашан жаңылыстырмайтындығын айтамыз. Киелі кітап өзінің ілімдерінде ғана емес, әр мәлімдемелерінде де мінсіз.

---

[15] **Оқыңыздар.** Нақыл сөздер, 30:5.

Мүлтіксіз

Бұл термин «қатесіз» дегенді білдіреді. Киелі кітап әрбір мәлімдемесінде дәл. Құдай ешқашан өтірік айтпайды және қателеспейді[16], ал Киелі кітап – бұл Құдайдың Сөзі болғандықтан, біз оның ішінде қателіктер болуы мүмкін емес екендігіне сенімді бола аламыз. Егер адам Киелі кітаптың жазу процесіне адамдар қатысқандықтан, онда қателіктер болуы мүмкін деп айтса, ол Петірдің 2-хаты, 1:21-дегі жазушылардың – Құдай Рухының жетелеуінде болғандықтарын естен шығарады. Киелі кітаптағы Құдай Рухының жетелеуіне деген Киелі кітаптық, тарихи көзқарас – бүкіл Киелі кітап, тіпті әрбір сөз – Құдай Рухының жетелеуімен жазылған, сондықтан онда ешқандай қателіктер жоқ екенін білдіреді[17].

Көшіру кезіндегі қателіктер ше?

Баспаның пайда болуына дейін Жазба қолмен көшіріліп жазылды. Бізде әлі де Пауыл, Ишая немесе Мұса жазған түпнұсқа қолжазбалар жоқ. Грек және еврей тілдерінде қолмен жазылған мыңдаған ежелгі көшірмелердің арасында аздап айырмашылықтар бар, және біз әрқашан түпнұсқада сөйлемнің қандай болғанын біле алмаймыз. Алайда, айырмашылықтар өте шамалы болғандықтан, ешқандай ілімге күмән келтірілуі мүмкін емес. Біз түпнұсқалардың қатесіз екенін білгендіктен және көшірмелердегі айырмашылықтар өте аз болғандықтан, Киелі кітаптың әр сөзіне сене алатынымызды білеміз.

► Киелі кітаптың бірнеше рет қолмен көшіріп жазылғанына қарамастан, біз оның дәл екенін қайдан білеміз?

► Адамдардың Киелі кітапта қателер бар деп санауларының қандай себептері бар?

Неліктен кейбір адамдар Киелі кітапта қателер бар деп санайды?

Кейде адамдар Киелі кітапта қателер бар дейді, өйткені олар Киелі кітаптың мазмұнын түсінбейді.

Киелі кітапта адамдардың әдеттегі ақпарат алмасуларының жазу үлгілері қолданылады. Мысалы, аспанда қозғалатын күн туралы айтатын аят бар. Біз іс жүзінде күн емес, жер айналатынын білеміз. Бірақ осыны білетін адамдар да күн шығып, күн батады деп айтады. Бұл қателік ретінде саналмайды. Бұл жай ғана біздің осы құбылысты қалай көретінімізді сипаттайды.

Сондай-ақ, «төбелер қозы сияқты секірді» немесе «ағаштар шапалақтады» деген сияқты поэтикалық сөздер бар. Бұл әдеби стиль, сондықтан оны сөзбе-сөз, тура мағынада қабылдауға болмайды.

---

[16] **Оқыңыздар.** Титке хат, 1:2.
[17] **Оқыңыздар.** Матай, 5:18.

Жазу стильдерінде айырмашылықтар бар. Басқа авторлардың, соның ішінде Құдай Рухының жетелеуінде болмаған адамдардың дәйексөздері бар. Мұның ешбірі Құдай Рухының жетелеу ілімі үшін мәселе емес. Құдай соңғы өнім – Оның Сөзі болатынына көз жеткізу үшін жазу процесін бағыттады.

Кейде адамдар Киелі кітаптан қарама-қайшылықтарды көреміз деп ойлайды, бірақ олар сол жерлерді мұқият қарастыруы керек. Мысалы, Лұқа, 8:26-27 және Марқа, 5:1-2-де жын соққан, кейін Исаның күшімен жыннан арылған бір адам туралы айтылады. Матай, 8:28-де жын соққан екі адамның жыннан босатылғандары туралы айтылады. Бұл қарама-қайшылық емес. Лұқа мен Марқа бұл бір адам деп мәлімдемейді, бірақ олар сол жерде танымал болған адамға назар аударуды жөн көрді. Егер адамға Киелі кітапта айқын қарама-қайшылықтар болып көрінетін жерлер болса, тұжырым жасауға асықпау керек, керісінше контекстті түсіну үшін уақыт бөлу қажет.

Мәсіхшіге арналған Киелі кітап

► Мәсіхшілер Киелі кітапты қалай пайдаланулары керек?

Киелі кітап – бізге берілген Құдайдың заңы. Заң бізді құтқармайды, бірақ ол Құдайдың біздің қалай өмір сүруімізді қалайтынын көрсетеді. Құдайдың заңы бізге Құдайдың болмысын көрсетеді. Біз Құдай сияқты болғымыз келетіндіктен, Оның заңына бағынуымыз керек. Біз Құдайды жақсы көретіндіктен, Оның заңын да жақсы көруіміз керек. Забур жырлары 118-тарау – Құдайға сиынушының Құдай заңынан қалай ләззат алу керектігін сипаттайды. Құдайды сүйетін адам Жаратушы Иеге өзінің жүрегін, Оның еркіне сай өзгерту үшін дұға етеді. Құдайды сүйетін адамның Құдайға қалай ұнамды болу керектігі жайында алаңдамауы мүмкін емес.

Құдайдың Сөзі – Нұр. Елші Петір әлемнің рухани қараңғылықта екенін, ал Құдайдың Сөзі – бізді бағыттайтын Нұр екенін айтады[18]. Бұл бізді жолымызда бағыттайтын – Нұр. Адам ешқашан Құдай Сөзіне қайшы келетін ойлар мен сезімдерге ермеуі тиіс. Киелі Рух ешқашан адамды Киелі кітап дұрыс емес деп атайтын нәрсені жасауға шақырмайды.

> «Біз Мәсіх пен Оның елшілері жер бетінде өмір сүрген кезден бастап, адамды немесе қауымды құтқару үшін, басқа ешқандай Құдай Рухының жетелеуі қажет емес деп санаймыз, ол әр адамға, әр қауымдастыққа толық және кемелді түрде беріліп, Киелі Жазбада мекендейді»
>
> - Иаков Арминий, «Жазбаның кемелдігі тақырыбындағы пікірталас»

Құдайдың Сөзі – біздің рухани азығымыз. Жақсы тәбет – денсаулықтың белгісі, ал мәсіхші сәбидің сүтке шөліркегеніндей[19] Құдай Сөзін қалайтын болады. Мәсіхші өскен сайын, баланың қою тамақты жеуге үйренетініндей, Құдайдың ақиқатын түсінуге және қорытуға көбірек

[18] **Оқыңыздар.** Петірдің 2-хаты, 1:19-21; Забур жырлары, 118:105.
[19] Петірдің 1-хаты, 2:2.

қабілетті болады[20]. Мәсіхші күн сайын өзін Құдай Сөзімен қоректендіруі керек.

Киелі кітап – біздің шайтаннан қорғанышымыз. Біз өзімізді рухани қарумен жабдықтауымыз керек. Бізге Киелі Рух ұсынатын семсер – Құдай Сөзі[21]. Иса шайтанның азғыруларына Киелі жазбадағы сөздермен жауап берді[22].

Құдайдың Сөзі – біз жауап беруге тиіс ақиқат. Иса оны себілген тұқымдармен салыстырды[23]. Кейбір тұқымдар жер дайын болмағандықтан өспеді. Біз Киелі кітапты оқығандықтан, оның ақиқаттарына сай әрекет етіп, Өзінің Сөзі арқылы біздің өмірізде жемістер жетілдіруі үшін, Құдайға сиынуымыз керек.

Киелі кітап – Құдайдың Сөзі болғандықтан...

Киелі кітап – Құдайдың Сөзі болғандықтан...

- Ол – ешқашан ескірмейді және өзекті болуын тоқтатпайды. Ол – барлық адамдарға, барлық жерлерде және барлық уақытта қолдануға жарамды.
- Бұл – Құдайдың еркін білуге арналған нұсқаулық, өйткені Құдай ешқашан ойларын өзгертпейді және Өзіне қайшы келмейді.
- Бұл – өмірден ең жақсыны алуға арналған нұсқаулық, өйткені Құдай – біздің Жаратушымыз, бізге осы нұсқауларды берді.
- Онда біздің құтқарылуымыз және Құдаймен қарым-қатынаста болуымыз үшін білуіміз қажет керектінің барлығы бар.

Біз көп нәрсені бағушы мен қауымның дәстүрлерінен үйренетін болсақ та, Киелі жазбаға қайшы келетін ешқандай ойды қабылдамауымыз қажет, өйткені Киелі жазба – бұл түпкілікті бедел.

Киелі Рух бізге Құдайдың Сөзін ашып, Оған мойынсұнуымыз үшін жетелейді.

► Құдай әлі де сөйлейді, бірақ біз Киелі кітапқа бір нәрсе қосылуы мүмкін деп күтуіміз керек пе?

Киелі кітап аяқталды ма?

Соңғы елші қайтыс болғаннан бері қауым Киелі кітапты толық аяқталған кітап ретінде қарастырды. Қауым жай ғана арнау хаттарды таңдап, оларды Жазба деп атай салған жоқ, бірақ ол белгілі бір хабарлардың Құдай Рухының жетелеуімен жазылып, Жазбаның

---

[20] Қорынтт. 1-хат, 3:2.
[21] Ефест. хат, 6:17.
[22] Матай, 4:3-4.
[23] Лұқа, 8:11-15.

беделіне сай болғанын түсінді. Жазба ретінде танылған хабарлар – кейінгі жазбалар сәйкес келмеген талаптарға сәйкес келді.

Көне Келісім кітаптары үшін қауым Исраилдің жазба ретінде сақтаған хабарларын таңдады. Жаңа Келісім келесі талаптарға сәйкес келді: елшілермен тарихи байланыс, анықтылық, қауымның бірауызды қабылдауы, Көне Келісімді құрметпен қолдану және адасушылыққа қарсы тұрудың пайдасы.

Құдай әлі де сөйлейді, бірақ қазір Киелі кітапқа бір нәрсе қосуға болады ма? Ешбір жаңа хабар бастапқы Жазбаларға енгізуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Мысалы, ешқандай жаңа хабардың елшілермен байланысы бола алмайды, өйткені ол кісілер қазір жоқ. Сондай-ақ, бүкіл әлемдегі қауымдар ешқандай хабарды бірауыздан қабылдамайды.

Киелі жазба – құтқарылу мен мәсіхшілік өмір үшін толық, әрі жеткілікті[24]. Жазбаға ешқандай маңызды және қажетті нәрсені қосу мүмкін емес, өйткені онда бізге қажеттінің бәрі бар. Құдайдан жаңа аян алғысы келетін адамдар, алдымен уақыттарын Құдай берген аянды зерттеуге жұмсағандары жөн. Олар сол жерден қажеттінің бәрін табады және бұл оларды қателік жасаудан сақтайды.

Студенттер келесі ақпаратқа түсініктеме бере алады.

Жібермеуге тиіс қателіктер

Киелі кітаптың беделімен ымыраға келу

Сіздің түпкілікті беделіңіз не? Көптеген мәсіхшілер олардың беделі – Киелі кітап дер еді, бірақ шын мәнінде олар өз сезімдеріне көбірек сенеді. Дұрыс емес әрекеті үшін өзін кінәлі сезінбегендіктен, адам осы әрекеттерді істесе болады деп санауы мүмкін. Мұндай адам Киелі кітапты емес, өзінің сезімдерін түпкілікті беделге айналдырады.

Кейде адам басқалардың айтқанымен жүргендіктен, Киелі кітапқа дұрыс мән бермейді. Жазбада ол бағынбайтын өсиет бар, өйткені өздерін мәсіхшіміз деп атайтын басқа адамдар оған бағынбайды. Ол танымал мәсіхшілік түрін ұстанады, бірақ Киелі кітаптағы мәсіхшілік әдетте танымал болмайды.

Киелі кітапты шектеулі мақсатпен зерттеу

Киелі кітап ілімдердің негізгі көзі болып табылады. Ол кез-келген ілімдік сұрақ үшін түпкілікті бедел. Алайда, бір мәселе бар – бұл адамдардың Киелі кітапты тек өз ілімдерін дәлелдеу үшін зерттеуі. Олар Киелі кітапты рухани азық ретінде пайдаланбайды. Олар тек өздерінің ойларының дұрыс екенін біреуге қалай дәлелдеуге болатынын ойлайды. Біз үшін Жазбаны қолдана отырып, өз ілімдерімізді дамыту және қорғау дұрыс. Алайда, бұл Киелі кітапты қолданудың жалғыз мақсаты болса, онда біз

[24] Тімотеге 1-хат, 3:14-16.

Құдаймен жеке қарым-қатынасымызда Киелі кітапты қолданудан алатын қуанышымызды жоғалтамыз.

Кейбір адамдар Киелі кітапты тек жігер алу мақсатында оқиды. Біз Киелі кітаптың мақсаты – әшкерелеу мен түзетуді қамтитынын естен шығармауымыз керек. Біз өзімізді жақсы сезінуге көмектесетін уәделерді ғана іздеп, Киелі кітаптың бұйрықтарын ескерусіз қалдырып кетпеуіміз керек. Өйткені, бүгін Құдай сізді әшкерелегісі немесе түзеткісі келуі мүмкін.

Жалған ілімдердің қателері

Кейбір діни топтар Киелі кітапқа сенеміз деп жариялайды, бірақ өздері үшін басқа нәрсені түпкілікті бедел етеді. Олар Киелі кітапты аян арқылы немесе тек оларда бар арнайы жүйені қолдана отырып түсіндіре алатындықтарын жариялайды. Олардың ең маңызды ілімдері Киелі кітаппен расталына алмайды.

Олардың Киелі кітаптан басқа, Жазба ретінде пайдаланатын тағы басқа кітаптары болуы мүмкін. Олар Киелі кітапты аударма немесе көшіру қателеріне байланысты сенімсіз деп айтулары мүмкін.

Бұл ойлардың барлығы Киелі кітап – толық Құдайдың Сөзі емес дегенді білдіреді. Сондықтан мұндай адамдар үшін қандай да бір басқа нәрсе түпкілікті беделге айналады.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім Ұстанымы

Киелі кітап – Құдайдың Сөзі. Құдайдың Рухы жазушыларды жетелегендіктен, олар Жазбаны қатесіз жазды. Киелі кітапта күнәдан тазаруымыз бен Құдаймен қарым-қатынаста болуымыз үшін білуіміз керектінің барлығы бар. Киелі кітап – біздің ілімдеріміздің негізгі көзі және түпкілікті беделі. Мәсіхшілер Құдайды жақсы білу, бағыт-бағдар алу және рухани қоректенулері үшін Киелі кітапты күн сайын оқып-зерттеулері керек.

1-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Забур жырлары, 118:33-40;
- Забур жырлары, 118:129-136;
- Нақыл сөздер, 30:5-6;
- Аян, 22:18-19;
- Матай, 5:17-19;
- Тімотеге 2-хат, 3:15-17;
- Петірдің 2-хаты, 3:15-16.

(2) Тест: Келесі сабақты 1-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

1-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Жалпы аян деген не?

(2) Құдай ерекше аянды қандай үлгілерде көрсетті?

(3) Қандай ерекше аянмен ашылған ақиқаттар, жалпы аянмен ашылмады?

(4) Киелі кітап өзі туралы нені жариялайды?

(5) Қандай алты себеп бойынша, біз Киелі кітапты – Құдайдың Сөзі деп қабылдаймыз?

(6) Неліктен Киелі кітап «тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді»?

(7) Киелі кітапта жазушылардың қате жібермегендеріне сендіретін Құдай Рухының жетелеуі туралы қандай сипаттама берілген?

(8) Құдай Рухының жетелеуі үшін Құдай қандай әдістер қолданды?

(9) Киелі кітаптың Құдай Рухының жетелеуімен жазылғандығы нені білдіреді?

(10) Киелі кітап мінсіз деген ұстаным нені білдіреді?

(11) Киелі кітап мүлтіксіз деген ұстаным нені білдіреді?

2-сабақ
Құдайдың Қасиеттері

Сабақтың мақсаттары

(1) Осы сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Неліктен адамның Құдай туралы түсінігі сондай маңызды.
- Құдайдың – Жаратушы екендігі, Оны қалай басқа нәрселердің барлығынан ажыратады.
- Құдайдың Тұлға, Рух, Мәңгі бар болушы, Үшбірлікте біртұтас, Құдіретті, Барлық жерде бар, Өзгермейтін, Бәрін білетін, Киелі, Әділ және Сүйіспеншілікке толы екенін көрсететін қасиеттері.
- Құдайдың әр қасиеті Онымен қарым-қатынасымыз үшін қаншалықты маңызды.
- Құдайдың тәуелсіздігіне деген Киелі кітаптық көзқарас.
- Құдай туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студентті сиыну түрлерінің мағыздылығын түсінбеудегі қателіктерді жібермеуге үйрету.

Кіріспе

► Ишая, 40-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді Құдай туралы не айтатынын талқылаңыздар.

► Неліктен адам үшін Құдай туралы дұрыс түсінік сондай маңызды?

Құдай кім? А.У. Тозер бұл сұрақтың маңыздылығын «Ілімдегі немесе мәсіхшілік этиканы қолданудағы барлық қателіктер – Құдайды дұрыс түсінбеуден туындайды деп санаймын»[25] деп көрсетті. Иса құдықтың жанындағы самариялық әйелге самариялықтардың сиынудағы басты мәселесі – олардың кімге мінәжат етіп жүргендерін білмеулері екенін айтты. Кез-келген адамның ең маңызды сипаты – оның Құдай туралы түсінігі. Адамның Құдай туралы түсінігі – оның дінінің негізі болып табылады. Құдайдың қандай екенін білмеуден асқан қателесу болуы мүмкін емес.

Барлық салыстырулар Құдайды толық сипаттай алмайды, өйткені Ол бізден шексіз асып түседі. Тіпті Киелі кітап бізге Құдайды толықтай ашып көрсетпейді, бірақ барлық жерде Оның болмысы мен құдіретін сипаттайды. Жаратылыстың басталуы бізге Құдайдың көк пен жерді, күнді, айды, жұлдыздарды, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, сайып келгенде адамды қалай жаратқанын айтады. Жазбаның алғашқы сабағы өте түсінікті:

---

[25] *Киеліні тану*, 10.

Құдай – барлығының Жаратушысы. Ол жаратылыстың бөлігі болмағандықтан, бүкіл бар нәрселерден ерекшеленеді.

Бірақ Киелі кітапта Құдай туралы басқа да көптеген мәлімдемелер бар. Дін мамандары Киелі кітаптағы ақпараттарды мұқият жинақтап, Құдайдың қасиеттерінің тізімін жасады. Біз оларды ешқашан соңына дейін түсіне алмаймыз. Алайда, Құдайдың қасиеттерін қастерлеп зерттеу – құнды рухани тәжірибе болып табылады. Сондықтан біз Құдай туралы келесі мәлімдемелерді қарастырамыз. Олар Оның Киелі кітаптағы Өзі туралы аянына негізделген, сондықтан біз олардың шынайы екеніне сенімді бола аламыз.

Құдайдың қасиеттері

Біз Құдайдың қасиеттерінің толық тізімін емес, ішіндегі ең маңыздыларын қарастырамыз.

► Құдайдың қандай қасиеттерін атап шыға аласыздар?

Құдай – Тұлға

Бұл Оның ақыл-ойы, сезімдері мен еркі бар – нақты, тірі Тұлға екенін білдіреді. Ол – табиғат заңдарының, электр немесе ауырлық күші сияқты жай ғана күштің нәтижесі емес. Ол жаратады, әрекет етеді, біледі, қалайды, жоспарлайды және сөйлейді.

► Егер Құдай – Тұлға болмаса, біз үшін не өзгерер еді?

Оның Тұлға екендігі, бізге Онымен қарым-қатынаста болуымызға мүмкіндік береді. Егер Ол Тұлға болмаса, біз Оған дұға ете алмас едік. Егер Ол Тұлға болмаса, Оны қуанту немесе ренжіту мүмкін болмас еді.

Құдай – Рух

«Құдайдың Өзі – Рух. Сондықтан Оған сиынатындар Оның Рухына кенеліп, шындықпен сиынуға тиіс»[26].

Оның Рух екендігі – бізге Онымен рухани қарым-қатынаста болуымызға және Оған сиынуымызға негіз. Дұға және сиыну материалдық объектілерге, ерекше физикалық тұрысқа, жасалған бағдарламаға немесе ғимаратқа тәуелді болмайды. Бұл нәрселер біздің назарымызды ғибадатқа бағыттауға көмектесуі мүмкін, бірақ сиыну оларға тәуелді емес.

Оның бізге көзге көрінетін тәңір бейнелерін жасауға тыйым салуының себептерінің бірі, Құдайдың – Рух екендігін көрсетеді[27]. Бізге көрінетін бейнені қабылдамаса[28], Рух

---

[26] Жохан, 4:24.
[27] **Оқыңыздар.** Мысырдан шығу, 20:4-6.
[28] **Оқыңыздар.** Жаратыл. баст., 18:1, Ишая, 6:1.

ретінде Құдай көзге көрінбейді[29]. Біздің Құдайды қабылдауымыз шектеулі болғандықтан, Ол көзге көрінетін бейнеде болса да, Құдайды ешкім ешқашан толықтай көрмеген деп айту дұрыс болады[30].

Құдай – Мәңгі Бар Болушы

Құдай болмаған уақыт болған емес, және Ол болмайтын уақыт болмайды, Құдай – Алғашқы да, Соңғы да. Оның аты – *МЕН МӘҢГІ БАР БОЛУШЫМЫН*[31]. Жохан Оны – *Құдіретті Ие, әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін* деп сипаттайды[32]. Ұрпақтан ұрпаққа, Ол – Құдай[33]. Кейбір діндерде олардың Құдайлары қашан дүниеге келгені туралы аңыздар бар, бірақ шынайы Құдай – Мәңгілік.

Құдай – Үшбірлікте біртұтас

Үшбірлік ілімі бір Құдай бар дейтін, бірақ Құдай ретінде үш тұлғаға сілтеме жасайтын Киелі кітаптағы мәлімдемеден туындады. Жалғыз ғана Құдай бар, бірақ Оның болмысында үш тұлға бар. Әке, Ұлы және Киелі Рух – бірге Құдайдың барлық қасиеттеріне ие болғандықтан, Олардың әрқайсысын Құдай деп атауға және Олардың әрқайсысына Құдай ретінде сиынуға болады.

Құдай – Құдіреті шексіз Құдай

Ол қалағанын жасай алады. «Ал сиынған Құдайымыз заңғар көкте, Ол барлық қалауын асырады іске»[34]. Оның жалғыз шектеуі – Ол ешқашан Өзінің қасиетті болмысына қайшы келмейді және әрқашан уәделерін орындайды. Құдай үшін қиын немесе мүмкін емес ештеңе жоқ. «Жарартқан Ие, бүкіл әлемнің Билеушісі Патшалық құруда»[35].

► Құдайдың құдіреті шексіз екендігін білу, бізге не береді?

Бұл бізді жігерлендіреді, өйткені біз Оның қиын сәттерде «Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп нәрселерді істей алатынын...»[36] білеміз. Бәрі бақылаудан шығып кеткендей көрінсе де, біз Құдайдың ұлы жоспары орындалатынын білеміз. Біз Құдай кез-келген жағдайға араласа алады деп сеніммен дұға ете аламыз.

Құдай – Барлық жерде бар

---

[29] Тімотеге 1-хат, 1:17.
[30] Жохан, 6:46; Жохан, 1:18; Мысырдан шығу, 33:20.
[31] Мысырдан шығу, 3:14.
[32] Аян, 1:8.
[33] Забур жырлары, 89:2.
[34] Забур жырлары, 113:11.
[35] Аян, 19:6.
[36] Ефест. хат, 3:20.

Құдай барлық жерде бар және Ол болып жатқанның бәрін көреді. «Жаратқан Ие мынаны айтады: «Аспан Менің тағым, ал жер табан тіренішім сияқты»[37]. Ол – бүкіл әлемнің Құдайы және Оның күші бір аймақпен шектелмейді. «Әлде адам құпия жерге тығылып, Менің көзімнен тасалана алады деп ойлайсыңдар ма? Аспан мен жердің барлық жерінде Мен бармын, солай емес пе? – деп ескертеді Иеміз»[38]. Бұл Құдай біздің жағдайымыз бен барлық мәселелерімізді білетінін білдіреді. Сондай-ақ, бұл Құдайдан ешкім жасырынып немесе Оған көрсетпей күнә жасай алмайтындығын білдіреді. Оның көз алдында барлығы ашық та, айқын көрініп тұр[39].

«Мен мәңгілік және тәуелсіз Бар Болушыға сенімдімін және Оның бірнешеу болуы мүмкін еместігіне, бұл бір Құдайдың бәрінің Әкесі екеніне сенемін. Мен Әкенің тек қалағанын ғана емес, сонымен бірге қалаған уақытта және қалаған нәрсені жасауға, Өзі жаратқанның барлығын еркін иемденуге және басқаруға мәңгілік құқығы бар деп сенемін; Ол Өзінің рақымымен аспан мен жерді және олардағы барлық нәрсені жаратты»

- Джон Уэсли, «Рим католигіне хат»

Құдай – Өзгермейді

Құдай – Құдайға айналған сәт болған жоқ және Ол ешқашан Құдай болуын тоқтатпайды[40]. Құдайды даму процесінде деп санайтын діндер бар, бірақ Киелі кітапта Құдай Өзінің болмысында, қасиеттері мен мақсаттарында өзгермейтінін айтады. Ол әрқашан шындықты жақсы көреді және өтірікті жек көреді[41]. Мұсаға МЕН (МӘҢГІ) БАР БОЛУШЫМЫН деп келген Құдай, бүгін де Өзінің болмысы, даналығы, құдіреті, қасиеттілігі, әділдігі, мейірімділігі мен ақиқатында шексіз, мәңгі және өзгермейтін БАР БОЛУШЫ. Өзің өзгермей қалатын боласың, Еш таусылмайды Сенің жасар жылдарың[42].

Құдай – Бәрін біледі

«Шексіз мол Оның ақыл-парасаты»[43]. Құдай үшін таным процесі жоқ, өйткені ол бәрін біледі. Құдай ешқашан ешкімнен ештеңе үйренбеген және Оған кеңес бере алатын ешкім жоқ [44]. Құдай болашақты біледі, сондықтан Ол ешқашан таңданбайды немесе болатын жағдайға дайын болмай қалуы мүмкін емес[45].

► Құдайдың Бәрін білетінінің түсіну, біздің өмірімізді қалай өзгерте алады?

Құдайдың даналығы – Құдайды білумен байланысты, оны біз жаратылыстан және әсіресе құтқару жоспарынан көреміз[46]. Ол бәрін білетіндіктен және түсінетіндіктен,

---

[37] Ишая, 66:1.
[38] Еремия, 23:24.
[39] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 4:13.
[40] **Оқыңыздар.** Жохан, 1:17.
[41] **Оқыңыздар.** Малахи, 3:6.
[42] Забур жырлары, 101:28.
[43] Забур жырлары, 146:5.
[44] **Оқыңыздар.** Ишая, 40:13-14.
[45] Забур жырлары, 138:4.
[46] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 103:24; Римд. хат, 11:33.

әрқашан не істеу керектігін біледі. Құдайдың еркі біз үшін әрқашан игі, өйткені Құдай әр жағдайды толық түсінеді және әр әрекеттің нәтижесі қандай болатынын біледі.

Құдай – Киелі

Құдай Өзін ең алдымен Киелі деп атады. Ишая пайғамбар да Құдайды әрқашан «Исраильдің Киелі Құдайы» деп атады. Періштелер үнемі «Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі!»[47] десіп тұрды. Құдайдың киелілігі сиынуда қолданылды: «Уа, Ием, ұлы да айбарлы есіміңді халықтар мадақтасын: ол киелі!»[48]. Ол – барлық моральдық кемелдіктің абсолютті стандарты. Оның іс-әрекеттері тек жақсылыққа толы және ешқандай жамандығы жоқ, және басқаша болуы мүмкін емес. Құдайдың киелілігі – адамның бірінші рақымға бөленбесе, Құдайға қызмет ете алмайтындығын және ғибадат ете алмайтындығын көрсетеді[49]. Құдай біздің Ол сияқты қасиетті болғанымызды қалайды. «Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар!»[50].

Құдай – Әділ

Құдайдың іс-әрекеттері әрқашан дұрыс. Оның іс-әрекеттері қасиетті болмысынан[51] бастау алады. Оның болмысы – әділдіктің стандарты. Ол әрқашан сөзіне берік және ешқашан өтірік айтпайды[52].

► Неліктен Құдайдың әділ екенін түсіну, біз үшін маңызды?

Құдайдың әділдігі – Оның заңының негізі, Құдайға және басқа адамдарға қатысты біздің міндеттеріміздің мінсіз стандарты. Ол Өз заңын әділ басқарады, оған мойынсұнғандарды жоғарылатады және оны бұзғандарды жазалайды. Бұл қысым көріп, азап шегіп жүргендерді жұбатады, бірақ сонымен қатар әрбір адам дұрыс емес іс-әрекеттері үшін жауап беретінін ескертеді.

---

[47] Ишая, 6:3.
[48] Забур жырлары, 98:3.
[49] **Оқыңыздар.** Ишая, 6:5.
[50] Петірдің 1-хаты, 1:15-16.
[51] **Оқыңыздар.** Заңды қайталау, 32:4.
[52] Руларды санау, 23:19; Патшал. 2-ж., 7:28.

«Әділ – Жаратқанның бұйрықтары»[53]. «Құдай әркімге істеген ісіне қарап қарымтасын қайтаратын болады»[54]. «Бәріміз де Құдайдың қиямет сотының алдында тұрып, әшкереленетін боламыз»[55].

Құдай – Сүйіспеншілік

Бұл қасиет өте маңызды. Егер Құдай құдіретті және бәрін білетін, алайда бізді жақсы көрмейтін болса, қандай қорқынышты болатынын елестетіп көріңізші! Ол Өзі киелі, әрі әділ болып, бізді сүймесе не болар еді? Бірақ Құдай құдіретті күшті және толықтай әділ болса да, бізді сүйеді[56]. Құдай Өзінің жаратылысына оң батасын береді[57]. Ол адамзатты өмірдің игіліктерімен ерекше баталайды және осы әлемді біздің қуанышқа бөленіп өмір сүруіміз үшін жаратты[58]. Оны жақсы көріп, Оған қызмет ететін адамдарға әрбір нәрсені жарылқауға айналдырады[59]. Оның рақымы, мейірімділігі, шыдамдылығы және тыныштығы бізді Оның сүйіспеншілігінің арқасында баталайды[60].

> «Сен бізді Өзің үшін жараттың. О, Құдай Ием, біздің жүрегіміз Сенен тыныштық таппайынша, тынышталмайды»
> - Августин

Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады[61]. Біздің күнәларымыз бен мойынсұнбай кеткенімізге қарамастан, Ол бізге күнәларымыздың құнын өтейтін құрбандық ретінде берген, Иса Мәсіх арқылы Оған қайта келуімізді мейіріммен күтеді[62]. Айқышта Құдай бізге сүйіспеншілік пен аяушылыққа толы жүрегін көрсетеді. «Бұл сүйіспеншіліктің мәнісі мынада: Құдайды сүйген біз емес, қайта, Ол бізді сүйгендіктен, құрбандығы арқылы күнәміздің құнын өтеу үшін Өзінің рухани Ұлын жіберді»[63]. Құдай адамдарды ұлтына, табиғи қабілеттеріне, жердегі мәртебесіне қарамастан барлығын бірдей жақсы көреді. Ол бәріне кешірім ұсынады[64]. Сондықтан Құдай біздің барлық адамдарды жақсы көріп, бізді ренжітетіндерді кешіруге дайын болғанымызды қалайды. Сүйіспеншілік пен кешірімді болу – бұл Құдайдың балаларының белгілері[65].

Құдай бізді Өзіне ұқсас етіп жаратты. Біз ажалды, ал Ол мәңгілік өлмейтін болса да, біз жер бетіндегі кез-келген жаратылыстан гөрі Оған көбірек ұқсаймыз. Ол бізді – Оны

---

[53] Забур жырлары, 18:9.
[54] Римд. хат, 2:6.
[55] Римд. хат, 14:10.
[56] **Оқыңыздар.** Лұқа, 18:19; Забур жырлары, 118:68.
[57] Жаратыл. баст., 1:22, 28.
[58] Забур жырлары, 8:4-6; Забур жырлары, 22; Забур жырлары, 35:5-10; және Забур жырлары, 102.
[59] Римд. хат, 8:28.
[60] **Оқыңыздар.** Мысырдан шығу, 34:6; Ефест. хат, 1:7, 2:4-5.
[61] Жохан, 3:16.
[62] Жоханның 1-хаты, 2:2.
[63] Жоханның 1-хаты, 4:10.
[64] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 2:11; Жақыптың хаты, 2:1-5.
[65] **Оқыңыздар.** Матай, 5:43-45.

танып, Оған сиынып, Оны сүйе алатындай етіп жаратты. Ол бізді – Өзі үшін жаратты және Августин айтқандай, біз Одан басқа ештеңеден тыныштық таба алмаймыз. Құдаймен салыстырғанда, жердегі барлық нәрсе маңызсыз, тек Құдай ғана біздің толық бағышталуымызға лайық. Құдайдан басқа ештеңеден толық қанағат алу мүмкін емес. Оның рақымымен біздің құнымыз өтелді. Және біз Оған сиыну үшін, Көктегі Әкеміз ретінде сенім арту үшін және өміріміздің әр саласында Оның еркін орындау үшін жаратылғанбыз.

Құдай – Тәуелсіз

Студенттер келесі ақпаратты топқа түсіндіре алады.

Құдайдың абсолютті күші мен абсолютті билігі бар. Әлемнің билеушісі ретінде Ол барлық қалауын іске асыра алады[66].

Құдай бәрін Өз еркіне сай жасайды, Ол ешкімге бағынбайды[67]. Ол жүзеге асыруға ниет еткен барлық нәрсе сөзсіз орындалады, Оны ешкім тоқтата алмайды және ешқандай жағдай Ол белгілеген істің орындалмай қалуына кедергі бола алмайды[68]. Ол қалаған уақытында жердегі билеушілердің әрекеттерін бақылайды[69].

Бірақ Құдай адамдарға таңдау жасай алатын мүмкіндік берді. Олар жақсы нәрселердің ішінен таңдау жасай алады, сонымен қатар жақсылықты немесе жамандықты да таңдай алады. Олар Құдайға мойынсұнуды, не мойынсұнбауды таңдай алады. Ол жаратқан алғашқы адамдар күнәні таңдады. Сол сәттен бастап әр адам таңдау жасайды, кейбір адамдар жақсы таңдау жасаса да, адамдардың бәрі бірдей Құдай алдында күнәһар.

Егер Құдай – бәрінің Иесі болса, онда миллиардтаған жаратылыстар өздері шешім қабылдайтын әлемде, Ол Өз еркін қалай жасайды?

Өздері таңдау жасайтын жаратылысының болуы – бұл Оның еркі, қалауы. Бұл Құдайдың олар үшін таңдау жасамайтынын білдіреді. Бұл сонымен қатар әр таңдаудың нақты салдары болатынын білдіреді, әйтпесе бұл шынайы таңдау болмас еді. Егер Құдай заңсыз нәтиже болмас үшін адамның іс-әрекеттерін қандай да бір жолмен басқарса, онда Ол адамнан жамандықты таңдау мүмкіндігін алып алар еді.

Құдайдың әділдігі – бұл шынайы әділдік, өйткені Ол адамдарды ерікті әрекеттері үшін соттайды[70]. Егер Құдай іс-әрекеттерді басқаратын болса, жаза мен сыйдың мағынасы болмас еді.

---

[66] Забур жырлары, 113:11; Забур жырлары, 134:5-6.
[67] Ефест. хат, 1:11.
[68] **Оқыңыздар.** Ищая, 46:9-11.
[69] Жаратыл. баст., 50:20; Елшіл. істері, 4:27-28.
[70] **Оқыңыздар.** Аян, 20:12-13.

Құдай адамдардың дұрыс нәрсені таңдағандарын қалайды, бірақ бәрінен бұрын олардың шынайы таңдау жасағандарын қалайды. Сондықтан әлем қандай болса, қазір сондай. Әлем – бұл Құдайдан келетін жақсылықтың, адамдардың жақсы және жаман іс-әрекеттерінің нәтижесі мен Құдайдың тіпті жаман істерден табатын жақсылықтың күрделі үйлесімі.

Біз Құдай үшін ең маңыздысы – құтқару жоспары екенін көреміз. Ол құтқаруды барлығына ұсынады және бәрінің құтқарылғандарын қалайды. Ол әр адамның Ізгі хабарға жауап беруіне күш береді, бірақ жауап беруге мәжбүрлемейді. Сондықтан Жазбаның барлық жерінен біз Құдайдың шақыруын көреміз[71]. Құдай адамдарға таңдау жасауды ұсынады және оның салдарларын сипаттайды.

Біз Ізгі хабарды толық сеніммен әрбір адам құтқарыла алады деп уағыздаймыз. Біздің міндетіміз – адамдарды Құдайға мойынсұнуға сендіру үшін Киелі Рухпен ынтымақтастықта болу[72].

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Әлемді жаратқан және барлығының Жаратушы Иесі болып табылатын, жалғыз ғана Құдай бар. Ол Мәңгілік және Өзгермейтін Рух. Ол Құдіретті, Бәрін білетін және Барлық жерде бар. Ол Өзінің болмысы мен әділдігінде және барлық істерінде Қасиетті де, Киелі. Ол Өзінің жаратылысына оң батасын береді, әр адамды жақсы көреді және құтқарылуды және Онымен қарым-қатынасты ұсынады.

---

[71] Ишая, 1:18; Ешуа, 24:15; Аян, 3:20; Ишая, 55:1; Заңды қайталау, 30:15, 19; Езекиел, 18:31.
[72] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 5:11.

2-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Ишая, 46;
- Нақыл сөздер, 9:10;
- Забур жырлары 138:1-4;
- Аян 4:9-11;
- Жохан 1:3;

(2) Тест: Келесі сабақты 2-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

2-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Адамның ең маңызды сипаты қандай?

(2) Қандай ең үлкен қателік болуы мүмкін?

(3) Құдай туралы Жазбадағы бірінші сабақ қандай?

(4) Әр ұстанымға сәйкес келетін Құдайдың қасиеттерін атаңыз:

А. Біз Құдайдың сырт-келбетін сипаттай алмаймыз.

Б. Құдай әрқашан бар болды.

В. Құдай қандай да бір жай күш емес.

Г. Құдайдың болмысы әрқашан бірқалыпты.

Д. Құдай барлық қалағанын істей алады.

Е. Құдай бәрін көреді.

Ё. Құдай бізге рақым ету үшін Ұлын жіберді.

Ж. Құдайдың болмысында үш Тұлға бар.

З. Құдайда абсолютті моральдық кемелдік бар.

И. Құдайдың іс-әрекеттері әрқашан әділ.

3-сабақ
Үшбірлік

Сабақтың мақсаттары

(1) Осы сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Әлем Құдайдың Үшбірлік болмысын қалай суреттейді.
- Үшбірлік ілімінің Киелі кітаптық негізі.
- Неліктен Үшбірлік ілімі – Ізгі хабардың негізі болып табылады.
- Үшбірліктегі қарым-қатынас құрылымы.
- Үшбірлікте берілетін адам қатынастарының мысалы.
- Біздің Үшбірлікке деген сеніміміз ғибадатымызды қалай бағыттайды.
- Үшбірлік туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студентке Үшбірліктің мәнін түсіндіру кезінде жиі кездесетін қателіктерді жібермеуге көмектесу.

Кіріспе

► Жохан, 14-тарауды бірге оқыңыздар. Осы үзінді Құдайдың Үшбірлікте бір екенін, қалай ашатындығын талқылаңыздар.

Үшбірлік ілімі көптеген адамдарды шатастырады, өйткені ол Құдай үш Тұлғада – бір Құдай дейді.

Егер біз **әлемді** қарастырсақ, үш нәрсенің бір екенінің тағы бір мысалын көреміз. Әлемнің үш аспектісі бар – кеңістік, уақыт және материя. Осы аспектілердің біреуінсіз әлем болмайтын еді.

Олардың әрқайсысы, өз кезегінде үш өлшемнен тұрады.



Кеңістік



Кеңістік – ұзындықтан, биіктіктен және еннен тұрады – үшеуі бір. Осы өлшемдердің кез-келгенінсіз кеңістік болмас еді.

Уақыт – өткен уақыт, қазіргі уақыт және болашақтан тұрады – үшеуі бір. Осы аспектілердің кез-келгенінсіз уақыт болмас еді.



Материя – қозғалыстағы *энергиядан* тұрады, үшеуі біреуінде болатын *құбылысты* шығарады. Егер энергия болмаса, қозғалыс немесе құбылыс болмайды. Егер қозғалыс болмаса, энергия немесе құбылыс болмас еді. Егер құбылыс болмаса, онда бұл энергия немесе қозғалыс болмағандығын білдіреді.

Әлем үшбірліктің үлгісі ретінде жасалған сияқты. Мүмкін, Құдай Өзінің жеке болмысын суреттейтін ғаламды арнайы жаратқан шығар.

Сонымен, Киелі кітаптан Үшбірлік туралы не білеміз? Ол әлемнің *жалғыз* Құдайы ретінде анықталатын *үш* түрлі Тұлғаның бар екенін нақты растайды. Бұл қайшылық емес, өйткені біз Құдай бір Тұлға және үш Тұлға деп айтпаймыз. Сондай-ақ, біз Құдай бір және Ол үшеу деп айтпаймыз. Біз Құдай – үш Тұлғада бір деп айтамыз. Бір әлем – кеңістік, уақыт және материядан тұратыны сияқты, бір Құдай – Әке, Ұлы және Киелі Рухтан тұрады.

Үшбірліктің Киелі кітаптық негізі

1-ші ойдың басты негізі: Жалғыз ғана Құдай бар.

> «Тыңда, Исраил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай!» (Заңды қайталау 6:4).
>
> «Жалғыз Мен ғана шынайы Құдаймын, Менен өзге құдай жоқ, Маған ұқсас ешкім де болмайды!» (Ишая, 46:9).

2-ші ойдың басты негізі: **Әке, Ұлы және Киелі Рух – барлығы Жазбада Құдай деп көрсетілген.**

> «...Құдай Әкеміз...» (Ғалатт. хат 1:1).
>
> «...Сөз Құдай еді... Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді» (Жохан, 1:1, 14).
>
> «...неге жүрегіңе шайтанды ұялатып, Киелі Рухты алдап, жеріңнен түскен ақшаның бір бөлігін жасырып алып қалдың?... Сен тек адамды емес, Құдайды да алдамақ болдың» (Елшіл. істері, 5:3-4).

3-ші ойдың басты негізі: Үшеуі бір-бірімен және әлеммен үш түрлі Тұлға ретінде өзара әрекеттеседі.

► Олар әр түрлі рөлдердегі бір ғана емес, үш Тұлға екенін қайдан білеміз?

Марқа, 1:10-11-де Исаның шомылдыру рәсімінен өткенін көреміз. Киелі Рух көгершін сияқты Оның үстіне қонып, көктен: «Сен Менің сүйікті рухани Ұлымсың, Саған толықтай ризамын!» – деген дауыс шығады. Мұнда біз Әке, Ұлы және Киелі Рух – бір Тұлға бола алмайтындығын көреміз; Олар бір уақытта әртүрлі рөлдерде әрекет етеді.

Иса Өзінің қызметінің соңында Әкеден *«Қамқоршыны»* – Киелі Рухты (Жохан, 15:26) жіберуін сұраймын деп айтты. Сіз бұл өтінішке үш түрлі тұлғаның қатысқанын байқадыңыз ба?

Егер сіз Жохан, 14-17 тарауларды оқысаңыз, Әке, Ұлы және Киелі Рухтың өзара әрекеттесуі туралы көптеген сілтемелер таба аласыз.

Қорытынды: Киелі кітаптың жалғыз шынайы Құдайы Өзін үш түрлі тұлғада көрсетті: Әке, Ұлы және Киелі Рух. Құдай – үш Тұлғада бір Құдай.

Сондықтан, Киелі кітапта *Үшбірлік* деген сөз болмаса да, Үшбірлік ілімі Киелі кітаптағы нақты тұжырымдарға негізделген.

Қауым бұл Киелі кітаптық ілімді елшілердің заманынан бері үйретіп келеді. Әрі қарай, сіз қауымның ғасырлар бойы Үшбірлікті сипаттау үшін қолданған диаграммасын көресіз.



Үшбірлік ілімі өте маңызды

► Неліктен адамның Үшбірлікке сенуі маңызды?

Үшбірлік ілімі – ілімдердің негізі және Ізгі хабардың ажырамас бөлігі. Мысалы, кейбір Үшбірлікке сенбейтін адамдар, Исаның Құдай екеніне де сенбейді. Бірақ сіз Исаның Құдай екеніне сенбесеңіз, онда сізді құтқара алатын Иса жоқ!

Сондай-ақ, егер біз Әке, Ұлы және Киелі Рухтың жеке, әртүрлі Тұлға екендеріне сенбесек, біз Құдайды және Оның шынайы Тұлғалық болмысын

> «Біздің құтқарылуымыздың қайнар көзі мен себебі – Өзінің Ұлы, Иса Мәсіхтің қанымен бізді құтқарғысы келген Құдай Әкенің сүйіспеншілігі; біздің қарғысымызды Өз еркімен қабылдап, бізге Өзінің әділдігі мен баталарын берген Ұлдың рақымы; және жүрегімізге Әкенің сүйіспеншілігі мен Ұлының рақымын жеткізетін Киелі Рух»
>
> - Джон Уэсли, «Уильямға хат»

қабылдамаймыз. Мысалы, Құдай біреуді жақсы көріп бастау үшін жаратылысты күткен болса, мәңгіліктен сүйетін Құдай болмас еді. Бірақ егер Құдай бір Тұлғадан көп болса, онда бұл Тұлғалар бір-бірін мәңгілікке сүйе алады. Қарым-қатынас Құдайына (құрбандық сүйіспеншілігі бар) сену өте маңызды, өйткені бұл біздің бір-бірімізге және Құдайға деген қатынасымызға әсер етеді.

Мүмкін, мұның ең маңыздысы – бұл біздің тек Құдайға мінәжат етуіміз. Үшбірлікке сенбейтін адамдар, әдетте, Иса мен Киелі Рухты – Құдай деп қабылдамайды және Оларға сиынбайды. Адам жасай алатын ең үлкен қателік – бұл Құдайдан басқа біреуге сиыну немесе Құдайдың Өзіне сиынбау.

Әке, Ұлы және Киелі Рух – қарым-қатынаста өмір сүретін *Тұлғалар*

Әке, Ұлы және Киелі Рух – әрқайсысы жеке Тұлға және әрқашан бір-бірімен жеке қарым-қатынаста болған. Олар Бір-Бірімен қарым-қатынаста өмір сүретіндіктен, біз Оларды жеке Тұлғалар деп атаймыз. Олар Бір-Бірін жақсы көреді, Бір-Бірімен сөйлеседі, Бір-Бірімен бөліседі және Бір-Бірі үшін өмір сүреді. Бұл Олардың әрқайсысы – жеке Тұлға екенін көрсетеді.

Үшбірліктің құрылымы

Әке, Ұлы және Киелі Рух әрқашан құрылымдық қатынастарда болған. Әке – Басы, содан кейін Ұлы, содан кейін Киелі Рух. Бұл үш мәңгілік және тең Тұлғалар – Олардың арасындағы қарым-қатынасқа негізделген билік ұстанымына ие. Биліктің бұл құрылымы отбасы мен қауымда көрінеді. Үшбірліктің мүшелері де, отбасы мен қауымның барлық мүшелері де бірдей құндылыққа ие, бірақ барлығы бірдей билікке ие емес.

Әке мен Ұлының қарым-қатынасы

Ұлының Әкеге қандай қатысы бар? Иса «Әкенің Өзі өмірдің бастауы екеніндей, Ұлына да өмірдің бастауы болуды сыйлады»[73] деп айтты. Мәңгілік бойы Ұлы Әкенің «Жалғыз Рухани Ұлы»[74] болды. Мәңгілік өмір бойы Ұлы – Өзі Өзінде болды және Әкесі сияқты болмысқа ие болды, бірақ сонымен бірге Ол Әкеден келді. Мәңгілік бойы Ұлы – Әкенің Ұлы болды, ал Әке – Ұлдың Әкесі болды, бірақ физикалық тұрғыдан емес.

Ұлы – Әкесімен Ұлы ретінде мәңгі қарым-қатынаста болғандықтан, Ол Әкесіне мәңгі бағынады. Ол бағынышты рөлді атқарады. Сондықтан Иса: «Әкем менен ұлы»[75] – деді.

---

[73] Жохан, 5:26.
[74] Жохан, 3:16.
[75] Жохан, 14:28.

Исаның Әкеге қарағанда билігі төмен болғанымен, Ол болмысы бойынша Әкеге тең. Және біз Оған Әкемен бірдей деңгейде сиынып, Оны мадақтауымыз керек. Иса «Әкені қалай қадірлесе, Ұлын да солай қадірлесін»[76] – деді.

Киелі Рухтың Әкемен және Ұлымен қарым-қатынасы

Жохан, 15:26-да Иса бізге «Әкеден келетін» Киелі Рухты жіберетінін айтты. Рух Әкеден келгенімен, Ол Әке мен Ұлдың қасында тең және Оны тең дәрежеде қадірлеу керек. Есіңізде болсын, келу және жіберу бір-бірімен сүйіспеншілікке толы қарым-қатынаста болатын үш Тұлға арасында орын алады.

Кемшіліксіз бағыну

Иса: «Әкем Екеуіміз біртұтаспыз» – деп, Олардың болмыстарының бірдей екенін атап өтті, бірақ Ол әрқашан Әкеге бағынатындығын да айтты.

Үшбірліктегі билік пен бағыну Біреудің Біреуден жоғары екендігін білдірмейді. Билік – Біреуі Басқасынан болмысы бойынша төмен дегенді білдірмейді.

Біз адам өміріндегі билік пен теңдіктің мысалдарын көреміз. Барлық отбасы мүшелері Құдайға ұқсас етіп жаратылған адамдар ретінде болмысы бойынша тең, бірақ билік – отбасының жұмыс істеуі үшін маңызды. Адам жетекшілігінің басқа позициялары туралы да осылай айтуға болады.

Құдайдың біртұтастығын қорғау

Үшбірліктің үш Тұлғасын бөліп қарастыруға болмайды. Олардың тіршілік иелері ретіндегі бірлігі – Олардың бір болмысқа ие екенін, үш Тұлғаның әрқашан Бір-Бірімен тығыз байланыста екенін және Барлығының бірдей қасиеттерге ие екенін көрсетеді. Әке, Ұлы және Киелі Рух Бір-Бірімен адамның ақыл-ойы жетпейтін,тығыз қарым-қатынасқа ие.

Біз – адам, тұлға және жеке жаратылыспыз. Құдай үш Тұлғада, бір тіршілік иесі. Құдайдың Үшбірлігіне деген Киелі кітаптық көзқарасты қорғауға көмектесу үшін, біз Үшбірлік мүшелерін бір-бірінен бөлек деп қарастырмаймыз, бірақ бір-бірінен айырмашылығы бар деп айтамыз. Біз Олар туралы адамдар ретінде емес, Тұлғалар ретінде айтамыз.

Біз Құдайдың даралығы мен қарым-қатынасын көрсетеміз

Құдай бізді жеке тұлға ретінде, Құдаймен және бір-бірімізбен қарым-қатынаста болу қабілетімен жаратқан. Бізде қарым-қатынасқа ұмтылатын ақыл, ерік және эмоциялар бар.

---

[76] Жохан, 5:23.

Қарым-қатынассыз біз толыққанды өмір сүре алмаймыз

Құдай Адамды жаратқаннан кейін: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас»[77] – деді. Содан кейін ол Хауаны жаратты. Адам Хауасыз аяқталмаған еді, өйткені оның қарым-қатынаста болуы үшін басқа адам болған жоқ. Сонымен қатар, Жазбадағы бір үзінді Адам мен Хауа *бірге* Құдайдың бейнесін бейнелегенін болжайды: «Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты»[78]. Адам мен Хауаның қарым-қатынасында, Адам жалғыз болғаннан гөрі, Хауамен бірге Құдайдың бейнесін көрсететін ерекше бір нәрсе болды.

Бұл біз үшін нені білдіретінін ойлап көріңіз. Егер біз Үшбірліктің Тұлғалары сияқты басқалармен қарым-қатынаста болмасақ, біз де толыққанды өмір сүре алмаймыз. Бұл бізге үйлену керек дегенді білдірмейді (көкте ешкім үйленбейді, біз жеке тұлға болып қаламыз), бірақ бізге басқа адамдармен қарым-қатынаста болу қажет.

Құдайдың бейнесін көрсететін қарым-қатынастар

Құдайдың болмысы мен қауымның арасында керемет салыстыру бар. Құдай мен қауымда біртұтастық пен әртүрлілік бар. Қорынтт. 1-хат, 12-тарауға сәйкес, Мәсіхтің денесі біртұтас, бірақ бір мақсат үшін бірге жұмыс істейтін әртүрлі мүшелерден тұрады. Мәсіхтің денесі Құдайдың бейнесін қалай бейнелейтінін көресіз бе? Елші Пауыл қауымның барлық мүшелері Мәсіхте бірге өседі деп күткен. Пауыл біз үшін былай деп дұға етті:

> Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы – Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызда жан-жақты өсіп жетілеміз. Сонда мүшелері үйлесіп, бірігіп жұмыс істеп тұрған бұл біртұтас рухани дене түгелдей өзінің Басы – Мәсіхке бағынады. Әрбір мүшесі өз міндетін атқарса, бүкіл дене өсіп, сүйіспеншілік арқылы күшейе береді[79].

Бұл аят бәріміз бір-бірімізге Мәсіхтің біртұтастығында өсуге көмектесу үшін дарындарымыз бен қабілеттерімізді пайдалануымыз керек дегенді білдіреді. Құдай біздің Оның қарым-қатынасын бейнелеп, бір-бірімізге мейіріммен өсуге көмектесуімізді қалайды. Рухани өсу – басқа сенушілермен тығыз, адал қарым-қатынастағы қауымдастықта болады. Бұл Құдайдың әлеуметтік болмысын көрсетеді.

Егер Үшбірліктің мүшелері мәңгі құрбандық сүйіспеншілігінде болған болса, бізде басқалармен сүйіспеншілікке толы қарым-қатынаста өмір сүруіміз керек. Біз Құдайға рухани жағынан ұқсас, әрі бейнелес әлеуметтік жаратылыс ретінде жаратылдық. Сондықтан біз өзімізге емес, басқаларға назар аударуымыз керек. Біз жеке басымыздан гөрі басқалармен қарым-қатынасқа ерекше көңіл аударуымыз керек. Егер біз

---

[77] Жаратыл. баст., 2:18.
[78] Жаратыл. баст., 1:27.
[79] Ефест. хат, 4:15-16.

басқалармен қарым-қатынаста Оның Үшбірлік бейнесін бейнелейтін болсақ, Құдай бізге батасын береді.

Тринитаризмдегі ғибадат

Үшбірлікке сене отырып, біз сиынған кезде Әкеге Ұлының күнәнің құнын өтейтін құрбандығы негізінде, Киелі Рухтың көмегімен келетінімізді түсінеміз. Үшбірлікке сене отырып, біз Әкеге Ұлы арқылы Киелі Рухтың көмегімен дұға етеміз.

Біздің сиынуымыздың маңызды мақсаты – Үшбірліктің мүшелері арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасына кіру. Әке мен Ұлының арасындағы сүйіспеншілік туралы ойлап көріңізші. Біздің осы сүйіспеншілікті сезінуіміз үшін Мәсіхтің айқышта не істегені туралы ойлаңыныз. Әке мен Ұл бір-бірімен керемет қарым-қатынаста өмір сүреді, ал Ұлының күнәнің құнын өтейтін құрбандығынын арқасында, Киелі Рух бізге осы сүйіспеншілікке толы қарым-қатынасқа қатысуға көмектеседі.

> Құдіретті және Мәңгілік Құдай, Үшбірліктің мәңгілік салтанатын мойындап, Құдайдың ұлылығының күшімен бірлікте ғибадат етуіміз үшін, Сен бізге шынайы сенімді қабылдауымыз арқылы Рақымынды төктің.
>
> Бізді сенімізде берік ұста, Сенімен бірге өмір сүріп, билік ететін Иеміз, Иса Мәсіх және Құдаймен бір, Киелі Рухын арқылы қазір және мәңгілікке Бізді жауларымыздан қорғай гөр. Аумин[1].
>
> - *Book of Common Prayer.*

Тринитарийлер ретінде біз Әкеге Ұлы арқылы Рухта дұға етіп қана қоймай, Әкеге, Ұлына және Рухқа дұға ете аламыз. Үшбірліктің әр мүшесі даңқталуы, мадақталуы керек, өйткені Олардың бәрі Құдай, және бірдей құрметтелуі тиіс. Тринитариандық ғибадат Үшбірліктің біздің құтқарылуымызда атқаратын рөлін түсіне отырып, әр мүшесін бірдей мадақтайды.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Үшбірлік туралы теориялар

Студенттер келесі ақпаратты түсіндіре алады.

Біз тұқымның не үшін топырақта өсетінін, не мидың қалай жұмыс істейтінін немесе жұлдыздарды өз орындарында қандай күш ұстап тұратынын түсінбейміз. Ғалымдар болып жатқан жағадайларды көреді, бірақ бұл құбылыстардың қалай және неге болып жатқанын түсіндіре алмайды. Адамның Үшбірлік ілімін толығымен түсіне алмағандығынан, оны қабылдамауы дұрыс емес. Құдай туралы кез-келген ілім біздің түсінігімізден жоғары. Мысалы, Құдайдың қалай барлық жерде бола алатынын және қалай бәрін білуі мүмкін екенін ешкім түсіндіре алмайды. Үшбірлік фактілері қисынсыз емес, олар адамның тәжірибесі мен терминдерінен жоғары. Теңіздегі балық қаншалықты ақылды болса да, оған неше рет түсіндірсе де, ол – адам болу қандай екендігін ешқашан түсіне алмайтын еді.

Үшбірліктің шындығы – үш Тұлғада бір Құдай бар, Олар болмысы бойынша бірдей және құдайлық сипатында тең дегенді білдіреді. Адамдар мұны түсіндіруге тырысады, бірақ олар көбінесе дұрыс түсіндіре алмайды. Төменде кейбір жіберілетін қателер сипатталған. Әр қатенің атауы бар, бірақ оларды әртүрлі атаулармен атайды.

Моделизм – бұл Құдай тек бір Тұлға, бірақ әр түрлі рөлдерді алады деген идея. Бұл теорияға сәйкес, көкте Құдай – Әке, жер бетінде Ол – Иса болған, ал қазір Ол – бізбен Киелі Рух сияқты сөйлейді. Бірақ Жохан, 14-16 тарауда Исаның сөздері Оның, Әкенің және Киелі Рухтың өзара әрекеттесуін сипаттайды. Егер Олар үш түрлі Тұлға болмаса, бұл сипаттаманың мағынасы болмас еді.

Тритеизм – бұл Әке, Ұлы және Киелі Рух – әрқайсысы бөлек тіршілік иелері деген идея. Бұл теорияға сәйкес Олардың болмыстары да әртүрлі. Мысалы, Әке үкім шығарғысы келетін біреу болуы мүмкін, ал Ұлы мейірімділік танытқысы келеді. Бұл теория жалғыз Құдай бар деген Киелі кітаптық ілімге қайшы келеді.

Субординализм – бұл Үшбірліктің бір Тұлғасы басқасынан төмен деген идея. Бұл идеяға сенетін адам Әкені Құдай, Ұлы мен Киелі Рухты төменгі тіршілік иелері ретінде қабылдайды. Ол Киелі Рухтың тұлғалық болмысын жоққа шығарып, Исаны Құдай қолданған ерекше адам деп санауы мүмкін. Бұл қателік адамдардың Ұлы мен Киелі Рухқа Құдай ретінде ғибадат етпеулеріне және жалған Ізгі хабарға әкелуі мүмкін.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Құдай – Әке, Ұлы және Киелі Рух, Үшбірлікте біртұтас. Олар әртүрлі рөлдерді атқарады, бірақ болмыстары бойынша бірдей, құдайлық қасиеттерінде тең және мадақтауға лайықты.

3-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Еврейл. хат, 1:1-3, 8;
- Қолост. хат, 1:12-19;
- Ефест. хат, 1:17-23;
- Жохан, 15:26;
- Жохан, 17:1-5.

(2) Тест: Келесі сабақты 3-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

3-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Әлем Құдайдың болмысын қалай суреттейді?

(2) Қандай Киелі кітаптық үш негізгі ой – Үшбірлік ілімінің негізі болып табылады?

(3) Үшбірліктің қарым-қатынасының құрылымы қандай?

(4) Адамның қандай қарым-қатынастары Үшбірліктің қарым-қатынастарын көрсетуі керек?

(5) Тринитарийлер ретінде сиыну деген не?

(6) Моделизмнің қателігі неде?

(7) Тритеизмнің қателігі неде?

(8) Субординализмнің қателігі неде?

4-сабақ
Адамзат

Сабақтың мақсаттары

(1) Осы сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Адамдағы Құдайдың бейнесі физикалық ұқсастық емес екенін қайдан білеміз?
- Адамдағы Құдай бейнесінің сегіз сипаттамасы.
- Адамдардың Құдаймен қарым - қатынаста болу мақсатында жаратылғандығы.
- Қандай мағынада адамдардың ерік бостандығы бар.
- Адамдардың жердегі өмірлеріндегі тәжірибелік құндылықтарынан әлдеқайда бағалы, мәңгілік құндылықтарының бар болуы.
- Адамзат туралы мәсіхшілік сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттің адамның Құдаймен қарым-қатынассыз толыққанды өмір сүре алмайтындығы туралы түсінігін қалыптастыру.

Кіріспе

► Забур жырлары, 8-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді бізге адам туралы не айтады?

► Осы әлемдегі барлық адамдарда қандай ортақ нәрсе бар?

Біздің даралығымыз бізге не беретіні туралы ойланып көрейік. Шын мәнінде, адам болу деген нені білдіреді?

Бастамасы Жаратылыстың басталуы, 1:26. «Құдай енді: «Біз (рухани жағынан) Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық» – деді. Біз Құдай емеспіз, бірақ бізді жануарлар әлемінен айыратын және ерекше ететін бір нәрсе бар. Забур жырлары, 8:6 аятта автор біздің «көктегілерден сәл төмен» жаратылғанымызды айтып және бізге «құрмет, салтанатты тәждей сыйладың» деп қуанады.

Құдай адамға жер мен онда өмір сүретін тіршілік иелерін басқаруға ерекше жауапкершілік жүктеді[80]. Адамдар тіршілік иелерінің жер бетінен жоғалып кетпеулері үшін, ресурстарды тиімді пайдаланып, жерді келесі ұрпаққа жақсы күйде қалдыру үшін, дұрыстап басқарулары керек. Адамзатқа деген жоғары көзқарас – эволюция теориясынан гөрі өз-өзімізді бағалауымыз үшін әлдеқайда жақсырақ! Эволюция теорясында адам өмірінің ерекше құндылығы жоқ, мақсаты жоқ, мағынасы жоқ, адам болудың ешқандай ерекшелігі жоқ.

---

[80] **Оқыңыздар.** Жаратыл. баст., 1:26; Забур жырлары, 8:5-6

Кейбір ежелгі мифтерге сәйкес, адамдар кездейсоқ, мақсатсыз және Жаратушының сүйіспеншілігінсіз жаратылған.

Бірақ Киелі кітап бізге «Құдайдың бейнесіне» ұқсас етіп жаратылған ерекше жаратылыс екенімізді үйретеді. Бұл нені білдіреді?

► Адамдағы Құдайдың бейнесі физикалық ұқсастық емес екенін қайдан білеміз?

Адамдағы Құдайдың бейнесі физикалық ұқсастық емес.

(1) Құдай - Рух. Сүлеймен ұлан-ғайыр көк пен жердің өзі Құдайды сыйғыза алмайтындығын түсінді[81]. Құдай кез-келген қалаған бейнесінде Өзін көрсете алады, бірақ Құдайдың келбеті қандай екенін, қарап айта алатын ешқандай бейне жоқ. Бұл біздің сиынуымызда Құдайдың бейнелерін жасамауымыз керек екендігіміздің бір себебі.

(2) Киелі кітапта адам түрінде Оның бейнелерін жасау – жалған тәңірлерге табынушылық деп аталады[82].

(3) Адам физикалық түрде жерде өмір сүру үшін: аяқтарымен жүру үшін, қолдарымен заттарды жылжыту үшін, көру және есту қабілетімен қабылдау үшін жаратылған. Құдай бізді жерде өмір сүруіміз үшін жаратты. Бірақ Құдай бүкіл әлемде өмір сүреді. Ол заттарды Өз сөзімен жасай және жылжыта алады. Оның бойында бізде бар шектеулер жоқ. Оның адам сияқты физикалық формасы бар деп ойлауға негіз жоқ.

Адамзатқа берілген Құдай бейнесінің элементтері

► Адамның қандай сипаттамалары Құдайдың бейнесін көрсетеді?

Дін мамандары адамның Құдайдың бейнесіне ұқсас етіп жаратылғанын қалай түсінуге болатыны жайлы көп ойланды, және көпшілігі келесі қасиеттермен келіседі.

Шығармашылық қабілет

Біздің бойымызда Құдайдың бейнесінен шығатын шығармашылық қабілеттеріміз бар. Жаратушы бізді жасампаз етіп жаратты! Кейде жануарлар қандай да бір белгілерді көрсетуге үйретіледі, және оны адамдар өнер деп атайды. Бірақ бұл адамның ой-қиялынан туындайтын өнерімен салыстырғанда, мүлдем басқа. Үңгірлерден ежелгі суреттер табылған. Біз оларды салған адамдар туралы көп нәрсе білмейміз, бірақ оларды жануарлар емес, адамдар салғанына ешкім күмәнданбайды.

Шығармашылық – музыкада да айқын көрінеді. Музыка біздің ойларымыз бен сезімдерімізді білдірудің керемет қабілетіне ие. Музыка арқылы идеяларды білдіру қабілеті біздегі Құдайдың бейнесінен туындайды.

---

[81] Патшал. 3-ж., 8:27.
[82] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 1:23.

Ойлау қабілеті

Ойлау қабілеті – тағы бір «Құдайдың болмысына ұқсас» қабілет. Әрине, жануарлардың да миы бар, бірақ жануарлардың «ми қызметі» негізгі инстинкттер мен түйсік деңгейінен жоғары болмайды. Тек адам ғана ақпаратты талдай, бағалай, түзете, көрсете алады, содан кейін сенімді түрде жеткізе алады.

Біз тек ойланып қана қоймай, ойлану туралы да ойлана аламыз. Біз ойлау процесін талдай аламыз. Біз логикалық тұрғыдан ғана емес, *логика туралы да ойлана аламыз*.

Қарым-қатынас жасау қабілеті

Адамдардың қарым-қатынас жасау қабілеті бар. Бұл тілдерді қолдану арқылы көрінеді. Басқа адамдар түсінуі үшін, біз ойларымызды дыбыстар немесе белгілер көмегімен жеткіземіз. Иттер мен құстар сияқты жануарлар дыбыстар арқылы «сөйлесе» алады, бірақ жануарлар арасында адам тілінің күрделілігіне жақын ештеңе жоқ. Жануарлар басқаларға қауіп төндіре алады, өз аумақтарын белгілейді, тамақпен бөліседі, бірақ олар өмірдің мәні туралы сөйлеспейді.

Қарым-қатынас жасау қабілеті – ойлау қабілетіне байланысты. Жануарлар сөздерді айта алмайды, бірақ бұл мүмкін болған күннің өзінде, олар айтатын ерекше ештеңе болмас еді.

Әлеуметтік болмыс

Адам әлеуметтік жаратылыс. Біз басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін, басқа адамдарға міндетті және тәуелді болу қажеттілігімен жаратылғанбыз. Біз өмірді басқаларға толықтай тәуелді болып бастаймыз және бала ересек адам болып өсуі үшін бірнеше жылдар керек. Сол себепті Құдай үшін қарым-қатынас өте маңызды.

Құдай өмірді адамдар бірге жұмыс істеп, күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қарым-қатынаста болатындай етіп жаратты. Адам біреудің көмегінсіз тамақ таба алса да, оның басқа адамдармен қарым-қатынасында ғана қанағаттандырылатын маңызды қажеттіліктері болатын еді. Адамның әлеуметтік табиғаты – Құдайдың бейнесінің көрінісі. Құдай – Үшбірлік және болмысы бойынша мәңгілік қарым-қатынаста.

> «Адам Құдайдың бейнесіне ұқсас, әрі бізді Жаратушының қасиетті екеніндей, қасиетті етіп жаратылған. Құдай сүйіспеншілік болғандықтан, сүйіспеншілікте өмір сүретін адам Құдаймен және Құдай онымен тығыз байланыста болады. Ол пәк болды. Құдай да ешқандай күнәсіз, пәк. Ол зұлымдықты білмеді, бірақ сыртқы және ішкі дүниесінде күнәсіз болды. Ол «Құдайды шын жүректен, бүкіл жан дүниесімен, бар күш-қуатымен, барлық ақыл-ойымен сүйді»
>
> - Джон Уэлли, «Сенім арқылы ақталу» уағызынан

Адамдардың қарым-қатынастарында көптеген мәселелер болады. Осы мәселелерге байланысты кейбір адамдар тәуелсіз болу керек деп ойлайды. Олар ешкімге тәуелді болмай, жалғыз өмір сүруді қалайды. Бірақ жалғыз өмір сүру – шешім емес, және Құдайдың біздің өмірімізге деген жоспарына сай келмейді. Оның орнына, Құдайдың бізге берген қарым-қатынаста басшылыққа алу керек қағидаларын ұстануымыз керек. Және мәселелердің көбісі біз Құдайды тыңдамағанда туындайды.

Моральдық-этикалық түсінік

Біздің болмысымыздың бір бөлігі болып табылатын моральдық-этикалық түсінігіміз бар. Ар-ұжданымыз бізге қандай әрекеттер дұрыс, қайсысы дұрыс емес екенін айтады[83]. Біз өз қалауымыз бойынша жасаған әрекеттеріміздің қай кезде дұрыс, қай кезде бұрыс екенін білеміз. Адам мен Хауа киелі болып жаратылды және Құдайдың еркіне бағынуға мінсіз мүмкіндіктері болды.

Адамзат күнәға батып, негізгі моральдық түсінікті бұзғандықтан, қазір бұл түсінік дәл емес. Бірақ бәрібір біздің әрқайсымызда ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіну мүмкіндігі бар.

Бізде моральдық түсінік болғандықтан, біз дұрыс нәрсені жасау қажеттілігін сезінеміз және күнә жасағанымызда өзімізді кінәлі сезінеміз. Біз өз инстинкттеріне еріп, кінә сезімін сезінбейтін жануарлар сияқты емеспіз.

Ерік бостандығы

Ерік бостандығы немесе таңдау қабілеті де адамның сипаттамасы. Жануарларда таңдау бір сәттік импульс пен инстинкт деңгейінде жүреді. Жануарлар өз әрекеттерінің этикалық және тәжірибелік нәтижелерін қарастыра отырып, салмақты шешім қабылдамайды. Ал адамдардың ойланып, нәтижелі таңдау жасау қабілеті бар[84].

► Неліктен ерік бостандығы адамзаттың маңызды аспектісі болып табылады?

Біз шынайы таңдау жасайтындықтан, Құдайға іс-әрекеттеріміз үшін жауап беретін боламыз. Ол күнәһарларды үкімдеп, әділдерді жоғарылататын болады[85].

Біз күнәһар болмыспен дүниеге келгендіктен, ерік бостандығымызды Құдайды дәріптеу үшін қолданбаймыз. Болмысы бойынша адам дұрыс нәрсені істеуге қабілетсіз – «күнәнің құлы»[86], бірақ Құдайдың рақымы әр адамға төгіліп, оған Ізгі хабарды қабылдауға тілек пен қабілет береді. Сондықтан адам тәубеге келіп, Ізгі хабардың үндеуіне жауап бере алады[87].

---

[83] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 1:20, 2:15.
[84] **Оқыңыздар.** Ешуа, 24:15.
[85] Аян, 20:12-13.
[86] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 6:16-17; Ефест. хат, 2:1-3.
[87] **Оқыңыздар.** Марқа, 1:15.

Өлімсіздік

Өлімсіздік – Құдайдың бейнесінің ажырамас қасиеті. Біз болмаған кездер болды, бірақ әр адам туылған кезден бастап, мәңгі өмір сүреді. Біз тек физикалық тіршілік иелері ғана емес, сонымен бірге мәңгі өмір сүретін рухтармыз, тіпті біздің денелеріміз де мәңгілік түрде қайта тіріледі[88]. Құдай біздің әрқайсымызды мәңгілік мақсат үшін жаратқан. Өлімсіздік біздің шешімдерімізді мәңгілік үшін өте маңызды етеді, өйткені біз не көкте, не тозақта мәңгі өмір сүретін боламыз.

Сүю қабілеті

Сүю қабілеті – Құдайдың болмысының бөлігі. Басқа сипаттамалар осы қабілеттің болуы үшін маңызды. Жануарлар арасында қарым-қатынас өте шектеулі және негізінен инстинкттермен басқарылады. Ал қарым-қатынас жасау, таңдау және біз жақсы көретін адамдар үшін міндеттемелер алу және басқалардың сүйіспеншілігіне жауап беру қабілеттері болмаса, сүйіспеншіліктің мағынасы болмас еді.

Адамның сүйіспеншілігі өзара қуанышты қарым-қатынастан, берілетін және сақталатын уәделерден, құрбандық беру мен қызмет көрсетуден және кешірімнен көрінеді. Мұның бәрі Құдайдың сүйіспеншілігінің көрінісі.

Мадақтау

Мадақтау – біздің өте маңызды қабілетіміз. Сүйікті әнұрандарыңыз немесе мадақтау әндеріңіз туралы ойланыңыз. Біз «Құдай – құдіретті Құдай» деп ән айтамыз. «Иеміз – Ұлы» – бұл терең ғибадаттың ескірмейтін әнұраны. Забур жыршысы: «Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын, Шын жүректен қасиетті атын ардақтаймын!»[89] – деп жар салады. Бұл мадақты білдірулер – біздегі «Құдайдың бейнесі» Құдайды танып, бізді Өзіне ұқсас етіп жаратқан Әкеге жауап беретіндіктен ғана мүмкін бола алады.

Адамзаттағы Құдай бейнесінің мақсаты

Кішкене тоқтап, Құдай неге бізді Өзіне ұқсас, әрі бейнелес етіп жаратқаны туралы ойлап көріңізші. Неге біз басқа жаратылыстардан өзгешеміз? Жауабы – өйткені біз Құдаймен қарым-қатынаста болып, Оған сиыну үшін, арнайы жаратылғанбыз.

Киелі кітапта барлық жаратылыстың Құдайды даңқтайтыны туралы айтылған. Біз Құдайдың ұлылығын Оның жаратылысынан көреміз. Бірақ адамдардан басқа, барлық жаратылыс Құдайды түсінбей мадақтайды. Олар Құдайдың қандай екенін түсіне алмайды, өйткені оларда Оған ұқсас болмыс жоқ.

Біз Құдайдың шексіз шығармашылығына таңдана аламыз, өйткені бізде шығармашылық ойлау қабілеті бар. Біз Оның киелілігі мен әділдігін мадақтай аламыз, өйткені біз дұрыс

---

[88] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 15:16-22, 52-54.
[89] Забур жырлары, 102:1.

пен бұрысты сеземіз. Біз Оның мәңгілік сүйіспеншілігін қастерлей аламыз, өйткені бізде сүю қабілеті бар.

Құдайды ақыл-санамен ғана емес, қарым-қатынас арқылы да жақсы білген сайын, біз Оны көбірек жақсы көріп, Оған ғибадат етеміз. Біз Құдаймен қарым-қатынаста қуаныш пен қанағат сезімін табамыз, өйткені Ол бізді осы қатынастар үшін жаратты.

Басқа да маңызды ойлар

(1) Әр адамда Құдайдың бейнесі бар. Ақыл-ой шектеулеріне байланысты ойлана алмайтын, өзін шығармашылықпен білдіре алмайтын немесе ерік-жігерін көрсете алмайтын адамдар бар. Мұндай адамдарда Құдайдың бейнесі бар, бірақ ол олардың жердегі өмірлерінде жүзеге асырылмауы мүмкін.

(2) Әр адамның өмірі мәңгілік және шексіз құндылыққа ие. Кейде біз адамның тәжірибелік: ақыл-ойы, білімі, таланты немесе күші сияқты құндылығын байқаймыз. Бірақ әр адам тәжірибелік құндылығынан әлдеқайда бағалы – ерекше құндылыққа ие, өйткені оның бойында Құдайдың бейнесі бар. Сондықтан, бойында адамға тәжірибелік құндылық беретін нәрсе болмаса да, тіпті ол зұлым болса да, әр адам құрметке лайық. Әр баланың бойында Құдайдың бейнесі бар болғандықтан, Құдай үшін олар құнды, ал түсік жасату – өте жаман күнә.

(3) Періштелер де ерекше жаратылыстар. Олардың жоғары дамыған ақыл-ойы, ойлау қабілеті және ғибадат ету қабілеті бар. Сондықтан оларда Құдай бейнесінің кейбір аспектілері бар және олар Жазбада «Құдайдың ұлдары» деп аталады[90]. Біз қазір періштелерден сәл төменбіз[91], бірақ олар бізге қызмет етеді[92]. Мәңгілікте біз періштелерден гөрі жоғары боламыз[93], және Мәсіхпен бірге билік етеміз, бұл адам періштелерден гөрі Құдайдың бейнесіне көбірек ұқсас етіп жаратылғанын білдіреді.

(4) Әлем өзінің бастапқы қалпында емес. Өте дарынды суретші салған әдемі суретті елестетіп көріңіз. Сурет еденге тасталып, адамдар оны лас аяқ киімдерімен басып жүрді деп елестетіп көріңіз. Егер сіз суретті алып қарасаңыз, әлі де оны салған талантты көре аласыз, бірақ сурет қайта салынған қалпына келмейді. Жаратылыс та ұқсас жағдайда. Қазір ол Құдай ойлағандай қалыпта емес, бірақ одан Жаратушының даңқын әлі де көруге болады.

(5) Күнә – адамдардың «Құдайға ұқсас» қабілеттерін бұрмалаған. Көркемдік қабілеттер – Құдайдың беретін дарыны болса да, зұлым жүректе көрінуі мүмкін және шайтанның құралы бола алады. Бірақ Құдайдың рақымының арқасында күнә біздегі Құдайдың бейнесін толығымен жойған жоқ. Және біздегі Құдайдың бейнесі, Оның

---

[90] Әйүп, 1:6.
[91] Забур жырлары, 8:6.
[92] Еврейл. хат, 1:14.
[93] **Оқыңыздар.** Қорынтт. хат, 6:3.

рақымымен Жаратушының даңқталуы үшін жаңартылып, дамытылуы және қолданылуы мүмкін[94]!

(6) Құдайдың бейнесі – бізде бар ең маңызды нәрсе. Біздегі Құдай бейнесінің сипаттамалары – бізге Ізгі хабарға жауап беруге мүмкіндік береді. Біздегі моральдық сезім – Құдайдың рақымының ар-ұжданымызды оятып, күнәларымызды әшкерелеуіне мүмкіндік береді. Рақым арқылы қалпына келтірілген ерік бостандығы біздің бойымызда жұмыс жасап, бізге «кімге қызмет ететінімізді» таңдауға мүмкіндік береді. Шығармашылық қабілеттеріміз арқылы біз Құдайды даңқтап, мадақтай аламыз. Ақыл-ойымызды қолдана отырып, біз Құдайды және Оның жолдарын ішінара түсіне аламыз. Құдайды түсінудегі ізденіс – ғибадатқа айналады, өйткені рақыммен «бізді даңқ пен құрметке бөлейтін!» Жаратушы Иенің абсолютті ұлылығын түсінуде өсеміз.

Жібермеуге тиіс қателіктер

Кейде адамдар Құдаймен қарым-қатынас – өлімнен кейінгі өмір үшін ғана маңызды деп санайды. Егер адам жер бетінде жақсы өмір сүрсе, онда ол мәсіхші ме, жоқ па маңызды емес деп ойлайды. Бірақ адамзаттың Құдаймен қарым-қатынаста болу үшін жаратылғанын білеміз. Сондықтан адам Құдайды білмесе, өмірі бекер өткенін түсінеміз. Бізге бағыт-бағдар беру, әлеуетімізді іске асыру және барлық іс-әрекеттерімізге мәңгілік перспектива беру үшін – Құдайдың Рухы қажет.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Адамдар Құдайды сүю және Оған ғибадат ету мақсатында Құдайдың бейнесіне ұқсас етіп жаратылған. Құдай оларды осы мақсатта ойлау, қарым-қатынас жасау және сүю қабілетімен жаратты. Адамның моральдық-этикалық түсінігі, жеке еркі және өлмейтін рухы бар. Құдайдың рақымы адамға еркін таңдау жасауға мүмкіндік береді. Жер бетіндегі әрбір адамның өмірі мәңгілік құндылыққа ие.

---

[94] **Оқыңыздар.** Колост. хат, 3:10; Ефест. хат, 4:22-24; Қорынтт. 2-хат, 3:18.

4-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Жақыптың хаты, 1:12-15;
- Римд. хат, 6:12-23;
- Салониқал. 1-хат, 5:23;
- Римд. хат, 8:22-26;
- Ешуа, 24:14-18;
- Жаратыл. баст., 3:1-6;
- Ефест. хат, 2:1-9.

(2) Тест: Келесі сабақты 4-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

4-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Адамға деген мәсіхшілік көзқарас басқалардан қалай ерекшеленеді?

(2) Адамдағы Құдайдың бейнесі физикалық ұқсастық емес екенін қайдан білеміз?

(3) Адамдағы Құдай бейнесінің тоғыз элементін атап шығыңыз.

(4) Неге біз Құдайдың бейнесіне ұқсас етіп жаратылғанбыз?

(5) Біздің моральдық түсінігіміздің қандай қабілет туады?

(6) Неліктен біз Құдайға ұнамды болу үшін, ерік бостандығын пайдалануда Құдайдың рақымына мұқтажбыз?

5-сабақ
Күнә

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Неліктен күнәнің не екенін түсіну маңызды.
- Күнә ерік бостандығына байланысты пайда болды, бірақ оны Құдай жаратпады.
- Мұра еткен бүлінгендіктің анықтамасы мен сипаттамасы.
- Ерікті күнә туралы Киелі кітаптық түсінік.
- Адамның қателігін анықтау және мәсіхшілік өсу процесіне дұрыс көзқарас.
- Адамның дәрменсіздігінің анықтамасы және оның күнәдан айырмашылығы.
- Күнә туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – ерікті күнәні нақты анықтау арқылы, студенттерде тәубеге келу туралы тереңірек түсінік қалыптастыру.

Кіріспе

► Жаратылыстың басталуы, 3-тарауды бірге оқыңыздар. Осы үзінді бізге күнә туралы не айтады?

Неліктен біз күнәнің не екенін түсінуіміз керек

► Неліктен біз күнәнің не екенін түсінуіміз керек?

(1) Біз әлемнің жағдайын түсіну үшін, күнәнің не екенін түсінуіміз керек. Киелі кітапта күнә – адамның қайғы-қасіреттерінің себебі деп айтылады. Күнә арқылы әлемге өлім келді[95]. Күнәнің қарғысының кесірінен қазір ауру, қартаю және қайғы бар. Өтірік айту, ұрлық жасау, кісі өлтіру, неке адалдығын бұзу, төбелес, маскүнемдік және қысымшылық сияқты күнәлі әрекеттер әлемді азапқа толтырды. Күнәлі әрекеттер: жеккөрушілік, құмарлық, қызғаныш, тәкаппарлық және өзімшілдік – жүректегі күнәдан шығады.

(2) Біз Құдай үшін әлемдегі ең басты нәрсе не екенін білу үшін, күнәнің не екенін түсінуіміз керек. Құдай адамзаттың күнәсіне рақыммен және құтқарумен жауап берді. Сондықтан күнә мұқият анықталуы керек.

(3) Біз рақым мен құтқарылуды түсіну үшін, күнәнің не екенін түсінуіміз керек.

(4) Біз киелілікті түсіну үшін, күнәнің не екенін түсінуіміз керек.

---

[95] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 5:12.

Күнәһарлық – киелілікке қарама-қарсы және Құдайға бағышталуға қайшы. Киелі болып, Құдайға бағышталу үшін адам күнәдан арылуы керек.

Алғашқы күнә

Құдайдың жаратылысы мінсіз болды және Құдайдың жаратқанының бәрі еш кемшіліксіз болды. Құдай жаратылыс процесін аяқтаған кезде, бәрінің жақсы екенін көрді[96]. Сондықтан күнә Құдайдың кінәсінен пайда болмағанын білеміз.

Адам мен Хауа Құдаймен қарым-қатынаста болды, олар Құдайға ұнамды болғысы келді және олардың дұрыс нәрсені жасау қабілеті болды. Шайтан Хауаны азғыруға және оны дұрыс емес әрекетке итермелеуге келді. Сондықтан күнә әлемде бұрыннан бар болғанын білеміз. Шайтан күнәға батып қойған еді. Бірақ күнә адамдарға және олардың қол астындағы жаратылыстың бөлігіне әлі енбеген болатын.

Адам мен Хауаның ерік бостандығы болды. Олар таңдау жасай алғандықтан, күнәнің болуы мүмкін болды. Олар Құдайдың заңын бұзуды таңдады және бұл адамның алғашқы күнәсі болды. Күнәні Құдай жаратқан жоқ.

> «Бұл күйдегі адамның ақыл-ойы түнекте, Құдай туралы құтқаратын білімнен айырылған, және елшінің айтуы бойынша, Құдайдың Рухының еркіне сай әрекет жасай алмайды»
>
> - Джейкоб Арминий, *Жиырма бес жарияланған пікірталастар*

Алғашқы күнәлі әрекет адамзатты Құдайдан бөлді. Күнә сонымен бірге адамзаттың болмысын бұзды[97]. Осыдан кейін туылған барлық балалар осы бүлінген болмыспен туылып, күнәлі істер жасайды[98].

Күнә барлық жаратылысқа қарғыс әкелді[99]. Күнәнің кесірінен өмір өзгерді. Ауру, қартаю және өлім әлемге келді[100]. Еңбек ету мен өмір сүру қиын бола бастады. Адами қарым-қатынастар дау-жанжалға толды. Жер бетіндегі адамдар көбейген сайын, күнә де көбейе берді. Және күнә Адам мен Хауа ойлағаннан әлдеқайда көп болып кетті.

Мұра еткен бүлінгендік

► Адамның туылғанынан бойында болатын күнәһар болмысын қалай сипаттайтын едіңіз?

---

[96] Жаратыл. баст., 1:31.
[97] **Оқыңыздар.** Псалом, 50:5
[98] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 5:12, 14, 18-19
[99] Жаратыл. баст., 3:16-19
[100] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 15:22

Мұра еткен бүлінгендік – бұл адамның туғанынан бастап күнәға итермелейтін, моральдық табиғатының бүлінуі. Кейде оны «алғашқы күнә» деп атайды. Біз Адам ата күнә жасағандықтан, күнәһар болмыспен туыламыз.

Барлық адамдар туғаннан бастап зұлымдыққа бейім[101]. Адамның болмысы өмірінің басынан күнәмен бүлінген. Адам таңдау жасай бастағанда, күнә жасай бастайды. Күнәға бейімділік – адамның қоршаған ортасынан үйренетін нәрсе емес.

Дәуіт «Мен күнәһар болып дүниеге келдім, құрсақта жатқанда-ақ күнәһар едім»[102] – дейді. Ол анасы қандай да бір дұрыс емес нәрсе істеді демейді. Ол нәресте құрсақта жатқанда-ақ, болмысы күнәмен бүлініп қоятынын айтқысы келді.

«Адам табиғатынан күнәға толы ма? Ол барлық жақсылықты қалдырды ма? Ол толығымен күнәға батты ма? Оның жаны толығымен бүлінген бе? Мәтінге қайта оралсақ, «адамның барлық ойлары, оның жүрегінде шексіз зұлымдыққа толы ма?» Мәсіхші, мұны сіз де, мойындаңыз, Құдайға мойынсұнбаушы, мұны сіз де, қабылдаудан бас тартыңыз»

- Джон Уэсли,
«Алғашқы күнә туралы ілім»

Бүлінген болмыстың кесірінен адамдағы Құдайдың бейнесі бүлінген. Әр адам өзінің тәндік құмарлықтарына бағытталған ерік бостандығымен және күнәға бейім болып туады[103]. Құдай бізге тілек пен күш бермесе, біздің ерік-жігеріміз дұрыс нәрсені таңдай алмайды[104].

Мұра еткен бүлінгендік – тәкаппарлық, қызғаныш, жеккөрушілік және кешірімсіздік сияқты ішкі күнәларды оятады. Сондай-ақ күнәлі әрекеттерді де оятады.

Адамдардың бойында Құдайдың билігіне қарсылық және Оның заңына деген ыза бар. Күнәһарлар күнәлі әрекеттері үшін ғана емес, Құдайға қарсы шыққандары үшін де сотталатын болады[105].

Күнәһар болмысты адам – өте өзімшіл болады. Ол Құдайдың және басқалардың билігіне мойынсұнудың орнына, өз еркін асқақтатқысы келеді. Ол Құдайға ұнамды болуды емес, өз қалауын қанағаттандырғысы келеді. Ол өзіне өте сенімді және Құдайға тәуелді болғысы келмейді. Оның жетістігі – ол үшін Құдайдың даңқынан гөрі маңызды болады.

---

[101] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 57:3
[102] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 50:7.
[103] Філіпіл. хат, 3:19.
[104] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 6:16-17.
[105] **Оқыңыздар.** Яһуданың хаты, 15.

Адамдар кейде жамандықтан жақсылықты ажыратуда қателеседі, өйткені олардың санасын қараңғылық басқан[106]. Болмысы бойынша олар қарсы шығушы әлемге ереді, шайтанның және өздерінің күнәлі құмарлықтарының жетегінде жүреді. Осылайша, олар өздеріне Құдайдың қаһарын жинайды[107]. Олардың болмыстары әр уақытта күнәға ұмтылады[108].

Мұра еткен бүлінгендік дәрежесі теологияда толығымен бұзылғандық ретінде сипатталған. Құдайдың рақымынсыз адам ешқандай жақсы нәрсе істей алмайтын еді. Ол тәубеге келіп, Құдайды іздей алмайтын еді[109]. Ол «күнә жасай беріп, рухани өлі еді»[110] деп сипатталады.

Құдайдың рақымы мұра еткен бүлінгендікке қалай әсер ететінін білу маңызды. Алдымен Құдайдың күші Ізгі хабар арқылы келеді, ол адасқан адамға Ізгі хабарға жауап беруге тілек пен қабілет береді[111]. Содан кейін, адам құтқарылуды қабылдағанда, ол күнәнің құлдығынан босатылады[112]. Алайда, мұра еткен бүлінгендіктің әсері мәсіхшінің өмірінде жалғасады.

Мәсіхшідегі мұра еткен бүлінгендік әсері бірнеше жолмен көрінеді.

1. Кейде мәсіхші азғыру кезінде өз еркімен күреседі.
2. Жаңадан тәубеге келген мәсіхші дұрыс емес мотивтер сезінеді, ол оған қарсы тұруға мәжбүр болады.
3. Жаңадан тәубеге келген мәсіхшіде, ол түсінгенге дейін дұрыс емес реакциялар мен көзқарастар болады.

Жаңадан тәубеге келген мәсіхшіге сенімін жоғалтпау үшін жігер қажет. Ол өзінің құтқарылғанына күмәндануы мүмкін, өйткені оның бойында дұрыс емес мотивтермен күрес болады.

Бағушы жаңадан тәубеге келген мәсіхшілерге шыдамды болуы керек. Олардың барлық істейтін әрекеттері мен айтқан сөздерінде мәсіхшілер сияқты болмайтындарын түсіну керек. Олар бірден өздеріндегі қателіктерді көре алмауы мүмкін. Оларды мұра еткен бүлінгендіктен тазарулары үшін дұға етулеріне жігерлендіру керек, бірақ оларға бәрін түсіну үшін уақыт қажет болады.

---

[106] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 4:17-18.
[107] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 2:2-3.
[108] Жаратыл. баст., 6:5.
[109] **Оқыңыздар.** Жохан, 6:44.
[110] Ефест. хат, 2:1.
[111] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 1:16.
[112] Римд. хат, 6:11-14.

Ерікті күнә

► Ерікті күнә деген не?

Ерікті күнә – бұл Құдайдың еркін біле тұра бұзу[113]. Бұл адамның біле тұра дұрыс емес нәрсені жасауды немесе дұрыс нәрсені жасамауды таңдауы.

Күнәһар болмыс Исадан басқа барлық адамды күнәға батырды[114]. Өмір бойы әділ болып қала беретін бірде-бір адам жоқ[115].

Римдіктерге арналған хат, 3:10-19-да біз рақыммен өзгермеген, құмарлықтарының жетегінде жүрген адамдардың сипаттамасын көреміз. Олардың өмірі бүлікке, жеккөрушілікке және бұзушылыққа толы.

Тәубеге келмесе де зұлым болып көрінбейтін адамдар бар. Олар басқаларға қарсы жаман және зиянды ештеңе жасамайтын сияқты. Бірақ мұндай адамдар да күнәһар, өйткені олар Құдайдың еркімен емес, өз қалауларымен өмір сүреді. Киелі кітапта адамдар адасқан қой сияқты, әрқайсысы өз бетімен жүрді[116] дейді.

Адамның өз таңдау құқығын жариялап, өзін Жаратушының бағыттау құқығынан бас тартуы – күнәнің мәні болып табылады. Бұл Құдайдың билігіне қарсы көтеріліс. Және бұл Адам мен Хауаның күнәсі болды – олар Құдайға тәуелді болмауға тырысып, өздері үшін құдай болуға азғырылды.

Қиямет сотында күнәһарлар жасаған істеріне сай сотталып, тозақ отына лақтырылады[117].

Ізгі хабарға сеніп, тәубеге келген күнәһар – ерікті күнәні жеңіп өмір сүре бастайды. Егер ол азғыруға бой алдырып, күнә жасаса, ол күнәсін мойындап, кешірім ала алады, бірақ сенушінің қалыпты өмірі – күнәні жеңумен сипатталуы тиіс[118].

Саналы түрде жасалмаған бұзушылықтар

Кейде адам Құдайдың заңын абайсызда немесе білместен бұзады.

Леуіліктер, 4:2-3-те біз адам дұрыс емес бір нәрсе істегенін түсінгенде, құрбандық шалуға тиіс болғанын көреміз. Иса Мәсіхтің құрбандығы Көне Келісімнің барлық құрбандықтарын алмастырады, сондықтан біз мәсіхшілердің саналы түрде жасалмаған бұзушылықтардан құтқарылғанын білеміз.

---

[113] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 3:4; Жақыптың хаты 4:17.
[114] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 3:23.
[115] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 1:10.
[116] Ишая, 53:6.
[117] Аян, 20:12-14.
[118] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 2:1-6; 3:3-10.

Құдайдың абсолютті стандартына сәйкес келмейтіндіктен, оларды күнә деп атауға болады, бірақ бұл бастапқыда Киелі кітап күнә деп атайтын нәрсе емес. Оларды күнә деп атайтын адам үшін – адамның қателіктерін Құдайдың заңын ерікті түрде бұзудан ажырату және адами жауапкершілікті дұрыс сезіну қиын болады. Құдай адамның қателіктерін емес, ерікті түрде заң бұзушылықтарын айыптады.

Біздің түсінігіміз шектеулі болғандықтан, олар сөзсіз орын алатын болады. Олар біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзбайды, өйткені біздің Құдайға деген сүйіспеншілігімізге қайшы келмейді. Құдай Оған деген толық сүйіспеншілік – Оның барлық талаптарын орындайтынын айтты[119]. Біз білмейтін нәрселерге жауап бермейміз[120].

Біз нұрда тұрсақ (біз білетін шындыққа сәйкес), барлық күнәдан тазарамыз[121]. Біз Мәсіхтің күнәнің құнын өтейтін құрбандығына сенеміз, сондықтан саналы түрде жасалмаған бұзушылықтар Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзады деп қорқудың қажеті жоқ.

Леуіліктерде егер біз бір дұрыс емес іс істегенімізді түсінсек, онда тәубеге келіп, Құдайдан кешірім сұрап, өмірімізді Құдайдың еркіне сай түзету керектігіміз көрсетілген.

Біз мінез-құлқымызды Құдай Сөзін зерттеу, Киелі Рухтың жетелеуінде жүру, басқа сенушілермен қарым-қатынаста болу, рухани өсу арқылы өзгертуіміз керек. Құдайдың еркін саналы емес түрде бұзатын мінез-құлқымыз өзгеруі керек.

► Неліктен біз Құдайдың еркін жақсырақ біліп, дәлірек орындағымыз келуі керек?

Құдайдың еркін жақсырақ түсініп, оны толығымен орындағымыз келуі керек, бірнеше себептер бар:

1. Біз Құдайға ұнамайтын ештеңе істегіміз келмейді.
2. Дұрыс емес әрекеттердің, тіпті олар байқаусызда жасалса да салдары жаман.
3. Біз мәсіхшінің жақсы үлгісі болуымыз керек.
4. Егер біз Құдайдың еркін орындаудан қашсақ, күнә жасаймыз.

Құдайдың еркін білуде өскен сайын, біз бір нәрсені дұрыс істемей жүргенімізді көре бастаймыз. Егер біз дұрыс емес нәрсені істеп жатқанымызды түсініп, бірақ оны жалғастыра берсек, бұл енді білмей істелінген қателік болмайды. Егер біз өзгеруден бас тартатын болсақ, ол күнәға айналады.

---

[119] **Оқыңыздар.** Матай, 22:37-40; Римд. хат, 13:8-10.
[120] **Оқыңыздар.** Жақыптың хаты, 4:17.
[121] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 1:7.

Дәрменсіздік

Дәрменсіздік – бұл физикалық немесе ақыл-ой қабілетіндегі шектеулер мен кемшіліктер. Әр адамның дәрменсіздіктері бар. Адамның күнә жасауына және адамзаттың тұрақты күнәға бейімділігіне байланысты, біз бастапқыда жаратылғаннан гөрі ақыл-ой қабілеті бойынша, физикалық және эмоционалдық түрде дәрменсіздеуміз.

Біз дәрменсіздіктің күнә емес екенін білеміз, өйткені Исаның да дәрменсіздіктері болған, бірақ Ол ешқашан күнә жасаған жоқ[122]. Иса біздің тәндік шектеулерімізді қабылдап өмір сүрді және біз сияқты барлық жағынан азғырылды. Жазбада Оның аштық, шаршау сезімдерін сезінгені, жаны қиналғаны айтылады. Иса біздің адамдық шектеулерімізді қабылдағанмен, Ол ешқашан Әкеге қарсы ешнәрсе жасамады, өйткені Ол құдайлық сипаты мен Киелі Рухтың жетелеуінде болды.

Елші Пауыл дәрменсіз жағдайында Құдайдың құдіреті толықтай асатыны үшін қуанды. Бірақ біз оның күнә туралы айтпағанын білеміз, өйткені ол өмірінде тоқтаусыз жалғасатын күнә үшін қуана алмас еді[123].

Біз ажалды денеде өмір сүрген кезімізде, әлі де дәрменсіздіктеріміз болады. Біздің түсінігіміз шектеулі болғандықтан, сөзсіз адами қателіктер жібереміз. Дәрменсіздіктер ерікті күнә тудырмайды. Бірақ егер біз күнә жасауды таңдасақ, өзіміз кінәлі боламыз және адами болмысымызды кінәлай алмаймыз. Құдай бізді адам болғанымыз үшін емес, Оған қарсы шыққанымыз үшін соттайды.

► Неліктен ерікті күнәні саналы түрде жасалмаған бұзушылықтан ажырату маңызды?

Жібермеуге тиіс қателіктер: Ерікті күнәнің дұрыс емес анықтамасы

Кейбір адамдар ерікті күнә, мұра еткен бүлінгендік, саналы түрде жасалмаған бұзушылықтар мен дәрменсіздіктерді бір сатыға қойып, бәрін – күнә деп атайды.

Күнәһар өзінің күнәларына өкініп, оларды тастауға дайын болған кезде тәубеге келеді. Бұл оның ерікті күнә үшін өкінетінін білдіреді. Адам оны Құдайдың күшімен ғана жеңе алады.

Егер біз ерікті күнәні – күнәнің басқа категорияларынан ажырататын болсақ, онда күнәні жеңудің не екенін түсінеміз. Айырмашылықты көрмейтін адам күнәсіз өмір сүру мүмкіндігіне сенбейді.

Адам жағдайының аспектілеріндегі айырмашылықтар ескерілгенде ғана, құтқарудың Киелі кітаптық сипаттамасының мағынасы болады. Құтқарылуды түсіну үшін күнәға дұрыс анықтама беру керек.

---

[122] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 4:15.
[123] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 12:9-10.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Алғашқы күнә – ерік бостандығы бар, алғашқы адамдар Құдайға мойынсұнбауды таңдағанда орын алды. Иса Мәсіхтен басқа барлық адамдар – Адамның бүлінуін мұра етті, және істеген күнәлары үшін кінәлі. Адамның қателіктері Құдайдың заңын бұзуы мүмкін, бірақ олар біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзбайды. Әрбір күнәhар сотқа дейін Құдайдың кешіріміне ие болмаса, ақыр соңында сотталатын болады.

5-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Ғалатт. хат, 5:16-21;
- Ефест. хат, 5:1-8;
- Титке хат, 1:10-16;
- Жақыптың хаты, 4:1-4;
- Петірдің 2-хаты, 2:9-17,
- Римд. хат, 1:21-32,
- Римд. хат, 3:10-20.

(2) Тест: Келесі сабақты 5-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

5-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Қандай 4 себеп бойынша біз күнәнің не екенін түсінуіміз керек?

(2) Құдай біздің күнәларымыз үшін кінәлі емес екенін, қайдан білеміз?

(3) Төмендегі ұғымдардың әрқайсысына бір сөйлеммен анықтама беріңіз: мұра еткен бүлінгендік, ерікті күнә, саналы түрде жасалмаған бұзушылықлар және дәрменсіздік.

(4) Неліктен біз Құдайдың еркін жақсырақ біліп, орындағымыз келуі керек?

(5) Дәрменсіздіктің күнә емес екенін қайдан білеміз?

6-сабақ
Рухтар

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Періштелердің табиғаты туралы кейбір мәліметтер.
- Періштелердің сенушінің өміріне қатынасы.
- Шайтан мен басқа зұлым рухтардың күнәға батуы.
- Рухтар әлемінде бар рухани дау-жанжал.
- Құдай мен сенушілердің зұлым күштерге қарсы соңғы жеңісі.
- Рухтар туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттің абай болуына және рухани әлемге аса қызығушылық танытпауына көмектесу.

Кіріспе

► Матай, 4:1-11 бірге оқыңыздар. Осы үзінді бізге зұлым рухтар туралы не айтады?

Адамдар періштелер туралы сөйлескенде, бірінші «Періштелердің сырт-келбеті қандай?» деген сұрақ қояды. Көптеген суретшілер оларды бейнелеуге тырысты.

► Періштелердің сырт-келбеті қандай?

Періштелердің қанаттары бар ма? Ишая көрген серафимнің алты қанаты болды[124]. Құдай Мұсаға сандыққа қоюды бұйырған керубтің де қанаттары болды[125]. Езекиел көрген керубтің төрт қанаты болды[126].

Біз періштелердің шынында қанаттары бар ма, жоқ па білмейміз. Қозғалу үшін оларға қанаттар қажет емес, өйткені олар рухтар, ал рухтар қанаттарымен қозғалғаннан гөрі, әлдеқайда жоғары жылдамдықпен қозғалады. Олар рухтар болғандықтан, олардың физикалық салмағы да жоқ, сондықтан оларға қанаттар қажет емес.

Біз көрген суреттерден айырмашылығы, Киелі кітапта періштелер балаларға немесе әйелдерге ұқсайды деп айтылмайды. Олар ерлер түрінде көрінді, бірақ адами мағынада олардың жынысы жоқ. Оларда некеге немесе отбасылық байланысқа ұқсас ештеңе жоқ[127]. Әрқайсысы бөлек өмір сүру үшін жаратылған.

---

[124] Ишая, 6:2.
[125] Мысырдан шығу, 25:20.
[126] Езекиел, 1:6; 10:15.
[127] **Оқыңыздар.** Матай, 22:30.

Әдетте періштелер адамдарға көрінбейді, бірақ олар қажет болған кезде көріне алады. Кейде періште келген кезде, адамдар оны қарапайым адам ретінде қабылдаған[128]. Кейде періштелер соншалықты жарқырап көрінгенде, адамдар қорыққандарынан жерге құлаған[129]. Періште біреуге хабар айтуға келгенде, әдетте «қорықпа» деген сөздерден бастаған[130].

Періштелер – рухтар[131], бірақ біз оларды нақты емес деп санамауымыз қажет. Киелі кітапта рухтар табиғаты бойынша барлық физикалық нәрселерден күшті екені айтылады[132].

Періштелер «Құдайдың ұлдары»[133] деп аталады және олардың бойларында Құдайдың болмысына ұқсас бір нәрсе бар, бірақ бұл адамдармен бірдей нәрсе емес. Қазір періштелер күш пен ақыл-ой бойынша адамнан асып түседі, бірақ адам періштелерден жоғары болатын күн келеді[134].

Жаратылыстың бастауында періштелердің жаратылуы туралы ештеңе айтылмаған. Олар жер жаратылғанға дейін жаратылды және Құдай жерді жаратқанда қуанды[135].

Періштелер – мәңгілік өлмейтін жаратылыс[136]. Олардың жер жаратылғанға дейін жаратылғандығы, олардың мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп, адамзат тарихын бақылағандарын білдіреді.

Періштелер жеке тұлғалық сипатқа ие. Олар сөйлесіп, әңгімелесе алады[137]. Олар Құдайға сиынады. Бұл олардың Құдайдың болмысы туралы белгілі бір түсініктері бар екенін және олар Оған құрметпен тағзым ететінін білдіреді[138]. Олар күнәһар адам тәубеге келгенде қуанады, бұл олардың эмоциялары бар екенін білдіреді[139]. Олар құтқару жоспарын түсінуге қатты қызығушылық танытады, бұл олардың зияткерлік қабілеттерінің бар екенін көрсетеді[140]. Олар Исаның дүниеге келгенін жариялау кезінде қуанды[141].

Періштелердің барлығы бірдей емес, кейбіреулері керубтер, басқалары серафимдер деп аталады. Періштелердің дәрежелері де бар, өйткені Киелі кітапта осы екі түрлі періштелер туралы және кем дегенде бір рет бас періште, сондай-ақ «шайтан мен оның

---

[128] Жаратыл. баст., 19:1-2.
[129] Матай, 28:2-4.
[130] **Оқыңыздар.** Лұқа, 1:13; 1:30; 2:10.
[131] Еврейл. хат, 1:14. Матай, 8:16; 12:45; Елшіл. істері, 19:12 және басқа да үзінділерде жындар да – рухтар деп аталған.
[132] **Оқыңыздар.** Ишая, 31:3.
[133] Әйүп, 1:6.
[134] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 6:3.
[135] Әйүп, 38:4-7.
[136] Лұқа, 20:36.
[137] Лұқа, 1:18-20.
[138] Еврейл. хат, 1:6.
[139] **Оқыңыздар.** Лұқа, 15:10.
[140] **Оқыңыздар.** Петірдің 1-хаты, 1:12.
[141] Лұқа, 2:13-14.

періштелері» туралы айтылады. Олардың арасында тақтар, үстемдік иелері, билеушілер деп аталатын билік жүйесі бар[142].

Періштелер туралы еврей және христиан дәстүрлерінде біз Жазбадан білетіннен, әлдеқайда көп жазылған.

Періштелер арасындағы айырмашылықтар туралы Жазбада бізге көп нәрсе ашылмаған. Бас періште термині Киелі кітапта тек екі рет қолданылады. Михайл бас періште деп аталады және Исаның көктен түсуінде бас періштенің дауысы шығады[143]. Біз неше бас періштелердің бар екенін білмейміз.

Серафимдер туралы Киелі кітапта тек Ишая, 6-тарауда айтылған. Олардың алты қанаты болды. Егер қанаттарына назар аударсақ, олар адамдарға ұқсас болды, өйткені олардың бет-жүздері, қолдары мен аяқтары болды.



Адам мен Хауаны қуып шыққаннан кейін керуб жүзінен от шашып, жарқылдап тұрған семсермен бірге Едем бағына орналастырылды[144]. Бұл бақшаны берік қорғау үшін жасалды. Езекиел көрген керубтің сипаттамасы біз білетін жаратылыстардан өте ерекшеленеді.[145] Олардың төрт қанаты, төрт бет-әлпеті, бірнеше қолдары, сырт кейпі жарқыраған алаудай болды, олар найзағай жарқылымен бірге жүрді және олар найзағайдың жарқылындай зымырап жүрді[146].

Екі керубтің мүсіндері Келісім сандығының екі жақ шетіне орнатылып, олардың арасында мейірімділік орны болды. Киелі кітапта кем дегенде сегіз рет керуб мүсіндерінің үстіндегі тағында отырған Құдай[147] туралы айтылады. Бұл Оны Оған ғибадатханада сиынған Исраилдің Құдайы ретінде көрсетеді, сонымен қатар Оған тек көрсетілген жолдармен ғана кіруге болатындығын көрсетеді.

Құдайдың құдіреті мен ұлылығы Оның қызметшілерінде көрінеді. Адамдар оларды Құдай ретінде қабылдады және оларға ғибадат еткісі келді, бірақ олар тек Құдайдың қызметшілері ғана болды.

---

[142] **Оқыңыздар.** Колост. хат, 1:16; Ефест. хат, 6:12.
[143] Яһуданың хаты, 1:9; Салониқал. 1-хат, 4:16.
[144] Жаратыл. баст., 3:24
[145] Image: "Ark of the Covenant engraving", Illustrated Bible Dictionary (1893), retrieved from https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Ark_of_the_Covenant_engraving.jpg, public domain.
[146] Езекиел, 1:5-14; 10:15.
[147] Забур жырлары, 98:1; Ишая, 37:16; Патшал. 4-ж., 19:15.

Құдайдың көптеген періштелермен қоршалғандығы да Оның ұлылығын көрсетеді. Елші Жохан Құдай тағының айналасындағы «мыңдаған, миллиондаған» періштелерді[148] көргенін сипаттады.

Періштелердің күші шексіз емес, өйткені біз олардың біреуі Даниялға хабар алып бара жатқанында, ұсталғанын оқимыз[149]. Бірақ бір періште 185,000 сарбазды өлтірген кездегідей, Құдай періштелерге берілген тапсырманы орындау үшін қанша күш керек болса, сонша күш бере алады[150].

Құдай періштелерге тапсырмалар беретіні анық. Киелі кітапта Құдайдың оларды құтқарылған адамдарға қызмет етуге жіберетіні айтылады[151]. Періштелер Құдайға қызмет ететін адамдарды қоршап, қорғап тұрады[152]. Бізді үнемі көптеген періштелер қоршап тұрады деп болжауға болады. Иса балалардың періштелері бар екенін айтты[153]. Бас періште Михайл Исраил халқын қорғаушы деп аталды[154].

Киелі кітаптың еш жерінде біз періштелерге дұға етуіміз керек деп жазылмаған. Тіпті олармен сөйлесуге тырысу керек деп айтылмаған. Олар Құдай мен біздің арамыздағы келістіруші емес. Киелі кітапта періштелерге табынатын және толық түсінбестен рухани әлемге араласатын адамдарға ескерту жасалады[155]. Егер біз Құдайдың еркінсіз періштелермен байланыс орнатуға тырыссақ, бізге періштелердің орнына зұлым рухтар жауап береді.

Шайтан мен күнәға батқан періштелер

► Зұлым рухтар қайдан пайда болды?

Зұлым рухтар – Құдайға қарсы шыққан періштелер. Бұл адам жаратылғанға дейін орын алған және Киелі кітапта бұл туралы аз айтылады.

Біз барлық періштелер бастапқыда жақсы және қасиетті болып жаратылғанын білеміз, және Киелі кітапта олар «қасиетті періштелер» деп аталады[156].

---

[148] Аян, 5:11.
[149] **Оқыңыздар.** Даниял, 10:12-13.
[150] Патшал. 4-ж., 19:35.
[151] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 1:14.
[152] Забур жырлары, 33:8.
[153] **Оқыңыздар.** Матай, 18:10.
[154] Даниял, 12:1.
[155] **Оқыңыздар.** Қолост. хат, 2:18.
[156] Матай, 25:31.

Шайтан алғашқы болып Құдайға қарсы шықты, және періштелердің үштен бірі оған ілесті[157]. Яһуда өздерінің тиесілі орындарын сақтамай, мекен-тұрақтарын тастап кеткен періштелер туралы айтады[158]. Оларды Құдай соттап қойды[159].

Пайғамбарлардың кітаптарында мүмкін шайтанның күнәға батуы туралы айтатын екі орын бар (Ишая, 14:12-17 және Езекиел, 28:12-19). Әр үзінді адам, жер патшасы, содан кейін жер патшасынан да жоғары біреу туралы айтады. Мүмкін шайтанның күнәға батуы патшаның құлауымен салыстырылады.

«Шайтан өзін күнәһардың жүрегі, көздері мен тілінің қожайыны етеді. Ол оның жүрегін күнәға деген махаббатпен толтырады; кінәсі мен күтіп тұрған өлімді көрмеуі үшін көздерін соқыр қылады; және оның тілін дұғадан ұстап тұрады»

- Адам Кларк, *Мәсіхшілік теология*, «Жақсы және жаман періштелер»

Шайтан тәкаппарланып, Құдайдан тәуелсіз болғысы келген сияқты. Елші Пауыл да адамның да шайтан іспетті мақтаныштан кеудесін көтеріп, Құдайдың үкіміне ұшырауы мүмкін деп ескертеді[160]. Бұл дәл сол шайтан Адам мен Хауаға: «Құдай сияқты боласындар» деген кезде ұсынған азғыру болды. Бұл азғыру – Құдайдың билігінен бас тартып, өзіңе Құдай болуды білдіреді.

► Біз шайтан туралы не білеміз?

Шайтан әлі күнге дейін Құдайға қарсы көтерілісті басқарады. Ол «ауа іспетті қоршап тұрған зұлым күштердің әміршісі»[161] деп аталады. Шайтан «осы дүниенің әміршісі» деп аталады, өйткені бұл әлемдегі адамдардың көпшілігі Құдайға қарсы өмір сүреді[162]. Ол өзін әлемдік патшалықтың иесі деп жариялап, қалаған адамына уақытша билік ұсынады[163]. Ол күнәһарлардың ой-санасын олардың Ізгі хабарды қабылдауларына жол бермеу үшін соқыр етеді[164]. Шын мәнінде, күнәһарлар оның тұтқындары[165]. Ол Құдайдың сөзі әсер етпеу үшін, оны адамдардың санасынан ұрлап алып кетеді[166]. Ол Анани мен Зәпираның жүрегіне қауым мен Киелі Рухқа өтірік айтуды ұялатты[167], Яһуданың бойына Исаны сатуға деген ой-ниетті салды[168]. Ол Құдай сөзі «жындар

---

[157] Аян, 12:4.
[158] Яһуданың хаы, 6.
[159] **Оқыңыздар.** Жохан, 16:11; Петірдің 2-хаты, 2:4.
[160] **Оқыңыздар.** Тімотеге 1-хат, 3:6.
[161] Ефест. хат, 2:2.
[162] Жохан, 12:31.
[163] Лұқа, 4:4-6.
[164] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 4:4.
[165] Тімотеге 2-хат, 2:26.
[166] **Оқыңыздар.** Марқа, 4:15.
[167] Елшіл. істері, 5:3.
[168] Лұқа, 22:3.

үйрететін ілімдер» деп атайтын жалған діни ілімдерді ойлап тауып, адамдарды осы ілімдерді таратуға итермелейді[169].

Шайтан Құдайды жек көреді, сондықтан ол Құдайдың бейнесінде жаратылған және Құдай ерекше жақсы көретін адамдарды да жек көреді. Ол адамдардың мүмкіндігінше көпшілігі өзі сияқты сотталуы үшін, оларды Құдайға қарсы шығуға итермелеуге тырысады.

Шайтанға саналы түрде қызмет ететін адам – әлемдегі ең алданған адам, өйткені ол жеңіліске ұшыраған шайқасқа қатысады. Оның иесі, Шайтан – оны жек көреді және тек қана оны жойып, құртып жібергісі келеді. Шайтан орындай алмайтынын алдын-ала білетін уәделер береді.

Басқалары саналы түрде болмаса да шайтанға еріп, күнәмен өмір сүруді таңдайды. Сондықтан олар азғырулар мен алдануға көп уақыт пен күш жұмсайды. Шайтан адамдарды Құдайға сенуден бас тартқызып, Құдайға емес, заттарға табындырғысы келеді. Оның азғырулары – бұл алдау, ол Құдай жаратқан нәрсенің бұрмаланған нұсқасынан басқа ештеңе ұсына алмайды. Шайтан қуаныш пен ләззатты жаратпады, олардың барлығын Құдай жаратты. Шайтан оларды тек құдайдың еркінен тыс бұрмаланған түрде ұсына алады.

Кейбір зұлым рухтар белгілі бір географиялық аймақтар мен адамдар тобына назар аударады. Бас періште Михайл Исраилді қорғайтын әмірші деп аталғандықтан, Персия және Греция әміршісі деп аталатын зұлым рухтар да болды[170]. Белгілі бір рухтар белгілі бір халықтардың құдайларына айналды.

Шайтан өзіне ғибадат еткенді қалайды[171]. Зұлым рухтар жалған діндер арқылы жұмыс істейді. Киелі кітапта адамдар жалған тәңірлерге табынғанда, олар жындарға табынады деп айтылады[172]. Жындар кімге табынып жүргенін білмейтін адамдардың ғибадатына жауап береді. Құдайға табынушылардың Құдайға ұқсап, қасиеттіліктен ләззат алатындары сияқты, зұлымдыққа табынушылар одан сайын ашуланып, зұлымдықтан ләззат алады. Бәлкім, табынудың ең нашар үлгісі - бұл жындарға өзінің балаларын құрбандыққа арнау шығар[173].

Шайтан мен басқа жындар адамдардың ақыл-ойы мен мінез-құлқын толығымен бақылауға алуға тырысады. Бұл «жын соғу» деп аталады. Кейбір адамдар саналы түрде жын соғуға беріледі; басқалары не істеп жатқандарын білмей жол берулері мүмкін. Кейбір адамдар бұл күйге бірте-бірте өз мақсаттары үшін қолдана алатын күшке ие болып жатырмыз деп ойлап, кіреді. Шайтанның мақсаты – жынға жол берген адамды

---

[169] **Оқыңыздар.** Тімотеге 1-хат, 4:1.
[170] Даниял, 10:13, 20.
[171] **Оқыңыздар.** Матай, 4:9.
[172] **Оқыңыздар.** Заңды қайталау, 32:17; Қорынтт. 1-хат, 10:20-21.
[173] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 105:37.

өзін-өзі жоюға итермелеп, интеллектуалды және эмоционалды түрде азап шеккізу арқылы, зұлым рухтардың құлы ету[174]. Адамды осы байланыстардан тек Иса ғана босата алады.

Құдайдың жеңісі

Ізгі хабар кеңінен уағыздалатын елдерде зұлым рухтардың әрекеті әдетте жасырын түрде болады. Бір қызығы, осы «өркениетті» елдердегі зайырлы адамдар табиғаттан тыс барлық нәрсені мазақ етеді және рухтардың болуын жоққа шығарады. Мұндай ортада зұлым рухтар ашық әрекет етпейді, өйткені егер олар Ізгі хабарды естіген адамдарды қорқытса, онда бұл адамдардың көпшілігі Құдайға бостандық пен қорғаныс үшін жүгінер еді.

> «Егер сіз шайтанға қарсы тұруды жалғастыра берсеңіз, ол сізді жеңе алмайды. Ол қаншалықты мықты болса да, оған Құдай шайтанға қарсы тұрушы адамды жеңуге мүмкіндік бермейді. Ол адамның еркін бұза алмайды»
>
> - Адам Кларк,
> *Мәсіхшілік теология*,
> «Жақсы және жаман періштелер»

Ізгі хабарды аз естіген елдерде зұлым рухтар ашық түрде әрекет етеді. Бұл елдердегі адамдар бостандық алу үшін Мәсіхке жүгіне алатындығын білмейді, сондықтан шайтанның күштері оларды қорқытып, өздеріне бағындырады. Адамдар бұл рухтарға еркін түрде, қуанышпен емес, қорқынышпен қызмет етеді. Ізгі хабар оларға азаттық пен бостандықтың керемет хабары ретінде келеді.

Шайтанның үнемі шабуылдарының есебінен біз рухани күрес жағдайындамыз. Біздің күрес адам баласына қарсы емес, зұлым рухтарға қарсы екенін ұмытпауымыз керек[175]. Өзімізді қорғау үшін Құдайдың рухани қару-жарақтарын киюіміз керек[176]. Біз жеңіске сенімді бола аламыз, өйткені шайтан біздегі Құдайдың күшіне қарсы тұра алмайды. Және біз шайтанға қарсы тұрғанда, ол бізден қашып кетеді[177].

► Шайтан Құдайдың толық қарама-қайшылығы ма?

Шайтанның қазіргі ажалды адамдарға қарағанда күші әлдеқайда көп. Алайда оның күші Құдайдың күшімен салыстырғанда ештеңе емес. Оның күшін Құдайға тең сияқты етіп, оны Құдайдың толықтай қарама-қайшылығы деп ойлаудың қажеті жоқ. Кейбір философтар әлемдегі жақсылық пен жамандықтың күштері шамамен тең деп санайды. Бұл пікір шындықтан алыс. Шайтан бір сәтте барлық жерде бола алмайды, бәрін білмейді және қателіктер жібереді. Құдай – рухтардың жаратушысы және олар оны жеңе алмайды. Адамдар үшін сынақ уақыты аяқталған кезде, барлық зұлым рухтар сотталып, зынданға салынып, күнәһар адамдармен бірге жазаланатын болады.

---

[174] **Оқыңыздар.** Марқа, 5:2-5.
[175] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 6:12
[176] Ефест. хат, 6:13.
[177] Жақыптың хаты, 4:7.

Шайтанның жеңілісі баяғыда уәде етілген еді. Құдай жыланнын басын мыжу үшін Құтқарушыны жіберуге уәде берді[178]. Иса шайтанның істерін жойып, күнәні жеңу үшін келді[179]. Иса Өзінің өлімі мен қайта тірілуі арқылы шайтанды жеңіп шықты[180]. Енді шайтан мен басқа зұлым рухтардың түпкілікті және мәңгілік тағдыры – мәңгілік тозақ отындағы азап болады[181].

Қазірдің өзінде Құдай шайтанның мүмкіндіктерін шектейді[182]. Сондықтан шайтан бізге зиян тигізуі мүмкін деп қорқудың қажеті жоқ. Құдай мүмкіндік бермесе, ештеңе де болмайды, ал ол біздің шамамыздың неге жететінін біледі.

Біз шайтанның шабуылдарынан қорғалып қана қоймай, шайтанның патшалығына қарсы тұратын, Құдай Патшалығын тарататын күшіміз бар. Иса елшілерге ғана емес, барлық шәкірттеріне зұлым рухтарды қуып шығаруға күш берді[183]. Біз Ізгі хабарды уағыздаған сайын, Құдай өзінің ақиқатына күш береді және Ізгі хабарды қабылдағандарды шайтанның шырмауынан босатады.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Рухани әлемге деген дұрыс емес қызығушылық

Студенттер төмендегі материалды түсіндіре алады.

Кейбір адамдар рухани әлемге қатты қызығады. Олар періштелерді зерттеуді бастап, олармен қатынасуға тырысуы мүмкін. Киелі кітапта біз періштелерге дұға етуіміз керек немесе тіпті олармен қарым-қатынас орнатуға тырысуымыз керек деп еш жерде айтылмаған. Киелі кітапта біз періштелерге дұға етпеу керек екеніміз және оларды түсіне алу қабілетімізден көбірек білуге тырыспау керек екеніміз туралы ескертіледі[184].

Рухани әлемге және зұлым рухтарға деген аса қатты қызығушылық қауіпті болуы мүмкін. Кейбір адамдарды олардың күші мен істері қызықтырады. Рухтармен өзара байланыс орнаттырушы ойындар бар. Адамдар рухтардан ақпарат алу үшін қолданатын әдістер бар. Біз Құдайдың күшімен оларға қарсы тұрудан басқа, рухтар әлеміне ешқандай жолмен араласпауымыз керек.

Кейбір адамдар рухани әлем туралы және оның қалай жұмыс істейтіні туралы күрделі және егжей-тегжейлі түсініктемелер жасады. Бірақ Киелі кітап бізге көп нәрсені ашпайды. Құдай бізге білу керек нәрсені ғана ашты.

---

[178] Жаратыл. баст., 3:15.
[179] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 3:8.
[180] Еврейл. хат, 2:14; Аян, 1:18.
[181] **Оқыңыздар.** Матай, 25:41.
[182] Әйүп 1:12, 2:6.
[183] **Оқыңыздар.** Лұқа, 10:17.
[184] Қолост. хат, 2:18.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Құдай барлық рухтарды жаратты. Қасиетті періштелер Құдайға сиынып, сенушілерді қорғайды. Періштелер мәңгі өлмейтін, сөйлей алатын, ғибадат етуге және ойлауға қабілетті, жеке тұлғалық сипаты бар жаратылыстар. Олар моральдық таңдау жасай алады. Шайтан мен басқа періштелер күнә жасап, Құдайға қарсы шықты. Құдай шайтанның күшін шектейді, оны мәңгілік жазаға үкімдеді.

6-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу тапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Петірдің 1-хаты, 5:8-9;
- Елшіл. істері, 12:7-11;
- Матай, 12:43-45;
- Қорынтт. 2-хат, 11:13-15;
- Лұқа, 8:27-35.

(2) Тест: Келесі сабақты 6-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

6-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Періштелер қашан жаратылды?

(2) Періштелер қанша уақыт өмір сүреді?

(3) Періштелердің физикалық денелері жоқ екенін қайдан білеміз?

(4) Періштелердің жеке тұлға екенін қайдан білеміз?

(5) Киелі кітапта періштелерді сипаттау үшін қандай сөздер қолданылады?

(6) Періштелер сенушілер үшін не істейді?

(7) Зұлым рухтар қалай пайда болды?

(8) Пұтқа табынушы шын мәнінде кімге табынады?

(9) Шайтан мен зұлым рухтардың соңғы тағдыры қандай болмақ?

7-сабақ
Мәсіх

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Иса Мәсіх деген нені білдіреді.
- «Иеміз Иса Мәсіх» деген тіркестегі сенім ұстанымы.
- Мәсіхтің – адам екендігінің дәлелі мен маңыздылығы.
- Мәсіхтің – Құдай екендігінің дәлелі мен маңыздылығы.
- Күнәларды кешіру үшін Мәсіхтің өлімінің жеткіліктілігі.
- Мәсіхшілік сенім үшін қайта тірілудің маңыздылығы.
- Мәсіх туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – басқа дін адамдары Мәсіх туралы не айтатынын білу.

Кіріспе

► Аян, 5:11-14 бірге оқыңыздар. Осы үзінді бізге Иса туралы не айтады?

Жалған мәсіхшілер

Киелі кітапта соңғы күндері жалған мәсіхшілер мен жалған пайғамбарлар келіп, көпшілікті алдайды деп айтылған. Көптеген адамдар оларды құтқара алмайтын, жалған немесе ойдан шығарылған мәсіхтерге сенеді. Өздерін мормондар және иегова куәгерлері деп таныстыратын жалған мәсіхшілердің екі түрі туралы естіген боларсыз.

Мормондардың Исасы

Егер мормонды кездестірсеңіз, ол сізге Люцифердің рухани ағасы болған Иса туралы айтып береді. Бұл Иса – біздің «көктегі әкеміз» бен «көктегі анамыз» осы ғаламға әкелген миллиардтаған сәби-рухтардың бірі. Мормондардың ілімдеріне сәйкес, Иса жер бетінде өмір сүрген кезде, Оның бірнеше әйелі болған, және олардың бірі Мағдалалық Мәриям болған. Иса қайтыс болып, қайта тірілгеннен кейін үндістерге уағыз айту үшін Америкаға барған.

Иегова куәгерлерінің Исасы

Иегова куәгерлері сізге Исаның бас періште Михайл екенін айтады. Ол адамға айналып, айқышта емес, бағанада қайтыс болған алғашқы жаратылыс екенін айтады. Ол рухани тіршілік иесі ретінде тіріліп, денесі буға айналғаннан кейін, қайтадан бас періште Михайлға айналды.

Нағыз Иса

Сіздің бұл жалған тәңірлерге табынушылардың Исасы, Киелі кітаптағы Исадан мүлдем өзгеше екенін біле алатындығыңызға сенімдімін, бірақ сіз Киелі кітаптағы нағыз Исаны сипаттап бере аласыз ба? Көптеген американдықтар сипаттай алмайды. Жақында жүргізілген сауалнама көрсеткендей, американдықтардың 80%-ы Исаны Құдайдың ұлы деп атайды, бірақ тек 40%-ы Оның Құдай екеніне сенеді және тек 40%-ы Оны күнәсіз деп санайды. Бұл миллиондаған адамдар Мәсіх туралы жалған түсінікке ие екенін, олардың құтқарушы Исаға сенбейтіндіктерін көрсетеді.

Өзгелердің өзіңізді алдауына жол бермеу үшін және Мәсіхті бүкіл әлемге дұрыс таныстыруға қабілетті болу үшін – Иса туралы дұрыс сеніміңіздің болуы өте маңызды.

Басқа діндердің Мәсіх туралы не айтатыны туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Басқа діндер не дейді» деп аталатын курстың соңындағы тарауды қараңыз.

Иса – Мәсіх

► Мәсіх туралы Киелі кітапта алдын-ала айтылған қандай сөздер бар?

Төрт Ізгі хабар жазбалары да Исаны Исраил күткен Мәсіх ретінде көрсетеді. Мәсіх туралы алдын-ала айтылған бірнеше сөздер болды. Ол Дәуіттің ұрпағы болады, сондықтан патшаның лауазымына сай болады. Ол өз халқын қысымшылық пен құлдықтан құтқарады. Ол өзінің қызметін орындау үшін Құдаймен майланады. Мәсіх сөзі «майланған» дегенді білдіреді.

Көне Келісімдегі Мәсіх туралы кейбір маңызды мәліметтер Жаңа Келісім пайда болғанға дейін нақты түсіндірілмеген. Мәсіхтің басты міндеті – өз халқын күнәдан құтқару болды[185]. Оның патшалығы осы дүниелік емес, ол рухани және көкте болды[186], дегенмен Оның патшалығы бүкіл жерге таралады[187].

Мәсіх деген – еврей сөзінен шыққан. Грекше баламасы – *Christos*, содан Мәсіх сөзі шыққан. «Иса Мәсіх» тіркесін қолдану – Бұл Исаның Мәсіх екенін мәлімдеу.

Иса – Ие

Ертедегі қауым *Ие* деген сөзді – Исаның жоғары күш иесі екенін көрсету үшін қолданған. Олар «Иса Иеміз» дегенде, бұл Оның бәрінің Иесі, Жаратушысы және ғаламның Құдайы екенін білдірді. Бұл мәсіхшілерді ерекшелейтін сенім ұстанымдарының ажырамас бөлігі болды, өйткені олар жер бетінде адам болып жүрген Исаның – бәрінің жалғыз Құдайы екендігіне сенді.

---

[185] **Оқыңыздар.** Матай, 1:21; Лұқа, 1:74-75.
[186] **Оқыңыздар.** Жохан, 18:36.
[187] Філіпіл. хат, 2:10-11; Аян, 19:11-16; Аян, 20:6.

«Иеміз Иса Мәсіх» деген – үлкен мәлімдеме, өйткені бұл сөздер Исаның Мәсіх екенін және Оның Құдай екенін білдіреді. Барлық үш сөз Філіпіліктерге арналған хат 2:10-11-де қолданылады. Бұл аяттар бізге уақыты келгенде әлемдегі барлық адамдар Иса Мәсіхті – Иеміз деп мойындайтынын айтады.

Үш ерекше күн

Біздің Иса туралы сенімімізді үш ерекше күнмен байланысты, үш санатқа бөлуге болады.

Біз Туылу күнін Исаның тәнге айналуының арқасында атап өтеміз

Туылу күнінде – Исаның пәк қыз Мәриямнан дүниеге келуі атап өтіледі, өйткені Иса Киелі Рухтың дарытқан құдіретімен туылған еді[188]. Иса әйелден туылып адам болғанмен, сонымен қатар Ол Құдай, өмірге келген әлемнің Жаратушысы болды. Бұл таңғажайып жағдай, бірақ шындық: Иса нәресте болған кезде, анасы Мәриям өзін Жаратушы Иесін қолында ұстады.

Құдайдың Ұлы деген термин сенушілер мен періштелерге қолданылады[189]. Бірақ Иса – ерекше мағынада Құдайдың Ұлы[190]. Ол толықтай Әкенің болмысын көрсеткен жалғыз адам. Ол – Әке сияқты Құдай, өйткені толықтай Әкенің бейнесін көрсетті[191].

Құдайдың болмысы мен адамның болмысы бірге Исада қосылды. Бұл *тәнге айналу* деп аталады, яғни Құдай адам бейнесіне еніп, адам болды. Иса ғана біздің Құтқарушымыз бола алды, өйткені Ол әлемдегі жалғыз Құдай және Адам болды.

Иса – Адам

Жаңа Келісімдегі Исаны адам ретінде қабылдау қиын емес. Ол анасының құрсағында бала болып бітті, адам сияқты өсті және дамыды[192]. Ол шаршады, ұйықтады, азғырылды және күнәдан басқа, адамдардың бәрі істейтін істерді жасады. Ол тіпті өлді. Ол адамға айналып[193], шынымен адамзатпен байланыста болды.

► Неліктен Исаның адам екендігі маңызды?

Иса адам болғандықтан:

(1) Ол құрбандық ретінде азап шегіп, өле алды.

(2) Оның әділ өмірі біздің күнәға толы өміріміздің орнын алмастыра алады. Алдымен Адам ата бүкіл адамзаттың өкілі болды. Ол күнә жасап, Құдайдан

---

[188] **Оқыңыздар.** Лұқа, 1:34-35.
[189] Жохан, 1:12; Job 1:6.
[190] Жохан, 3:16.
[191] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 1:2-3.
[192] **Оқыңыздар.** Лұқа, 2:52.
[193] **Оқыңыздар.** Жохан, 1:14.

бөлінді. Бұл барлық адамдарға өлім әкелді. Иса күнәсіз өмір сүріп, Құдайдың талаптарын орындады. Ол Онымен байланыстағылардың барлығына мәңгілік өмір береді. Жазбада Иса – Соңғы Адам деп аталады[194].

(3) **Ол бізді Құдайға ұсынатын біздің діни қызметкер бола алады.** Бізді Құдаймен Келістіруші ретінде Ол біз үшін Құдаймен сөйлесіп қана қоймай, бізді нақты ұсынады. Ол бізді Құдаймен татуластыру үшін, адам болуы керек болды[195]. Оның діни қызметкер ретіндегі рөлі бізге мәңгілік құтқарылуды қамтамасыз етеді[196]. Исаның адам болғаны – Ізгі хабардың ажырамас бөлігі болып табылады[197].

Исаның адам болғаны туралы қосымша Киелі кітаптық дәлелдерді осы сабақтың соңындағы «Исаның адам болғанының Киелі кітаптық дәлелі» бөлімінен қараңыз.

Иса – Құдай

Иса Өзін Құдай деп жариялаған

Киелі кітаптағы Иса – жай ғана адам емес. Ол сонымен бірге ғаламның шексіз Құдайы. Исаның Өзі осындай мәлімдеме жасады. Ол: «Әкем Екеуіміз біртұтаспыз»[198] – деді. Ол мұны айтқан кезде, яһудилер Оны тас лақтырып өлтіргілері келді, өйткені олар Оның Құдайға тең екендігін айтқанын түсінді. Иса оларға: «Жоқ, сендер мені түсінбедіңдер. Шын мәнінде, мен Құдай емеспін» – деді ме? Жоқ, Иса олардың бұл сөздерді түсінуін қабылдады. Ол Құдай Әкеге тең екенін үйретті.

> «Мәсіх те, Әке сияқты «(МӘҢГІ) БАР БОЛУШЫМЫН» деген сөзді қолданады, өйткені бұл Оның уақыттың әсеріне ұшырамайтын мәңгі болмыс екенін білдіреді»
>
> - Джон Хризостом

Иса: «Ыбырайым тумастан бұрын да (Мәңгі) БАР БОЛУШЫ МЕНМІН»[199] деп айтқанда, Ол Мысырдан шығу, 3:14-тегі (Мәңгі) БАР БОЛУШЫ, әлемнің Құдайы екенін жариялаған болатын[200]. Осы сөздері үшін яһудилер Оны тас лақтырып өлтіруге тырысты[201].

Иса жер бетінде өмір сүрген кезде Құдайға тән істер жасады

Иса жер бетінде өмір сүрген кезде Құдайға тән істер жасады. Ол мәңгілік өмір берді[202]. Ол күнәларды кешірді[203]. Бұл тек Құдай жасай алатын нәрселер.

---

[194] Қорынтт. 1-хат, 15:22, 45-49; Римд. хат, 5:17-19.
[195] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 2:17.
[196] Еврейл. хат, 10:5-7.
[197] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 5:1.
[198] Жохан, 10:30.
[199] Жохан, 8:58.
[200] Мысырдан шығу, 3:14.
[201] Жохан, 8:59.
[202] **Оқыңыздар.** Жохан, 10:28.
[203] Марқа, 2:10.

Иса сал адамның күнәларын кешіргенде, Ол «жер бетінде күнәларды кешіруге билігінің бар»[204] екенін көрсету үшін оны сауықтырды. Бір әрекет екіншісін дәлелдеді, бұл Исаның бұл кереметті Құдай майлаған пайғамбар ретінде ғана жасамағанын айқын көрсетті. Исаның кешіруге және сауықтырыратын, құдайлық беделі мен билігі болды.

Сондай-ақ, Ол Елазарды «қайта тірілу мен шынайы өмір – Менмін»[205] деген сөздерден кейін қайта тірілтті. Бұл құдайлық жариялаумен жасалған тағы бір Құдайдың кереметі болды. Құдай ғана: «Мен қайта тірілумін» деп жариялауға құқылы, өйткені тек Құдайдың күші біреуді қайта тірілте алады. Иса «өмір беретін – Менмін» деп жариялады, содан кейін Өзін кім деп атаса, Сол екенін дәлелдеп, Елазарға өмір берді. Бұл әрекетінде Иса Өзін Құдайдың күшімен қайта тірілткен басқа пайғамбарлар мен елшілерден нақты ажыратып көрсетті. Олар жай Құдайдың құралдары болды. Жохан, 5:21-де Иса Әкесі сияқты өлімнен қайта тірілтетінін айтты.

Иса керемет істері арқылы «Өзінің ұлылығын көрсетті»[206], «Әкенің жалғыз рухани Ұлының рақымдылық пен шындыққа толы, асқан ұлылығын көрсетті»[207]. Бұл ғажайыптар Құдай Ұлының көктегі күшінің көрінісі болды, бұл Оның Құдай екенін көрсетті.

Иса – Жаратушы

Жохан мен Пауыл елшілердің айтуынша, бәрі де Иса арқылы Иса үшін жаратылған, және бүкіл әлем жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын, бәрін аман сақтайтын да – Сол[208]. Сөзсіз тек Құдай туралы осылай айтуға болады.

> «Мен... жалғыз Иеміз Иса Мәсіхке, Құдайдың жалғыз Ұлына сенемін; әлемнің Әкесінен туған, Құдайдан Құдай, Нұрдан Нұр, шынайы Құдайдан шынайы Құдай, туылған, жаратылмаған; Әкемен бірге болған; Ол арқылы бәрі жаратылған»
>
> - Никей сенім белгісі

► Неліктен Исаның Құдай екенін білу маңызды?

Иса – Құдай болғандықтан:

1. Оның айқыштағы құрбандық өлімі шексіз құндылыққа ие, бүкіл әлемнің күнәларын кешіру үшін жеткілікті.
2. Оның бізді құтқара алатын құдіреті бар; Ол – жол, шындық және шынайы өмір.
3. Біз Оған Әкеге сиынғандай, ғибадат етуіміз керек.

Егер біз Исаны Құдай ретінде қабылдамасақ, онда біз Оны Құдай ретінде қадірлемейміз. Ал Ол «бәрі Әкені қалай қадірлесе, Ұлын да солай қадірлесін»[209] деді. Егер біз Ұлын да, Әкені де бірдей қадірлемесек, құтқарыла алмаймыз.

---

[204] Марқа, 2:10-12.
[205] Жохан, 11:25.
[206] Жохан, 2:11.
[207] Жохан, 1:14.
[208] **Оқыңыздар.** Жохан, 1:3; Қолост. хат, 1:17.
[209] Жохан, 5:23.

Мәсіхшілік тек Исаның ілімдері мен істеріне ғана емес, сонымен бірге ерекше – Исаның Өзіне де негізделген. Ол құтқару туралы хабардың ұстазы ғана емес. Оның Өзі – Құтқарушы, тек Құдай-адам Құтқарушы бола алды.

Исаның Құдай екенінің Киелі кітаптық дәлелдерін көру үшін осы сабақтың соңындағы «Жазбадағы Исаның – Құдай екенінің дәлелдері» бөлімін қараңыз.

Иса – бір Тұлға

Исаның бойында Құдайдың да барлық сипаты және адамның да барлық сипаты болғанмен, Ол – екі тұлғаның қосындысы емес. Осы екі сипат – бір Тұлғаның бойынан керемет үйлесімділік табады. Иса – жалғыз Құдай-адам, сондықтан Исаның әрбір әрекеті Оның толық адамдығы мен толық құдайлығы аясында түсінілуі керек.

Қауым әрқашан Исаның екі болмысын бір-бірінен ажыратуға болмайды деп үйреткен, алайда олар бірде-біреуі өзінің сипаттамаларын жоғалтпайтын етіп біріктірілген[210].

Исаның сипаты мен Киелі Жазбаның сипатын салыстыру пайдалы болуы мүмкін. Иса сияқты, Киелі кітап та толығымен құдайлық және адамдық. Адамдық кітап бола отырып, ол кез-келген жердегі басқа кітаптың сипаттамаларына ие, бірақ оның ішінде қателіктер жоқ. Құдайлық бола отырып, ол басқа ешбір кітапта жоқ құдайлық сипаттамаларға ие. Сол сияқты, Иса да адамдық және құдайлық қасиеттерді көрсетеді. Киелі кітаптың құдайлық сипаттамаларының бар екендігі – оны жердегі кітаптан кем етпейді. Сондай-ақ, Исаның құдайлық болмысында әрекет етуі – Оның адамдық болмысын кем етпейді. Исаның адамдық болмысында әрекет етуі – Оны құдайлық болмысынан кем етпейді.

Бұл ілімді түсінудегі кең таралған қателіктер

Мәсіх туралы ілімді түсінудегі келесі қателіктер жиі кездеседі:

- Исаның Құдай екенін жоққа шығару.
- Исаның адам екенін жоққа шығару.
- Оның құдайлық немесе адамдық болмысын маңызды емес сияқты төмендету.
- Мәсіхтің тұлғалық бірлігін жоққа шығару.

Осы қателіктердің кез-келгені – бұл тәнге айналуды жоққа шығару. Тәнге айналу біздің құтқарылуымыз үшін қажет болды, сондықтан егер адам Исаның тәнге айналғанын қабылдамаса, ол жалған Ізгі хабарға және құтқарылудың жалған мағынасына сенеді.

Басқа діндер не дейді

Студент төменде берілген материалды түсіндіре алады.

---

[210] Халкедондық сенім белгісі (451 ж.) Мәсіхтің екі болмысы өзгермейтін, ажырамас, араласпаған деп айтады.

Иегова Куәгерлері Исаның адам болғанын айтады. Олар Оның жер бетінде өмір сүрген ең ұлы адам, бірақ жай ғана адам болғанына сенеді. Сондықтан олар Оның құрбандығы біздің құтқарылуымыз үшін жеткілікті деп сенбейді. Олардың Ізгі хабарлары – істер бойынша құтқарылу. Олар өздерін мәсіхшілерміз деп атайды, бірақ іс жүзінде олар басқа нәрсеге сенеді.

Мормондар Исаны – Люцифердің інісі, бастапқыда Құдай жаратқан рух деп санайды. Ол жер бетіне Иса деген адам болып дүниеге келу үшін жіберілді. Мормондар Исаның Құдай екеніне сенбейді.

Мұсылмандар Исаны Құдай жіберген пайғамбар деп санайды. Олар Оның Құдай екеніне және Үшбірлік екеніне сенбейді. Олар Оның айқышқа шегеленуі мен қайта тірілуіне сенбейді.

Үндістер мен буддистер Исаны ғажайып істер жасаған қасиетті адам деп санайды. Иса олардың діні үшін маңызды емес. Олар Жаратушы Ие, Құдайға сенбейді, сондықтан олар Исаның Құдай екеніне де сенбейді.

Біз құтқарылуды білдіретін Жұма күнін атап өтеміз

Жұма күні – Исаның айқышқа шегеленген күні. Осы қорқынышты, әрі керемет күні Иса айқышта біздің күнәларымызды Өз мойнына алды. Ол біздің күнәларымыз үшін құрбандық ретінде Өз жанын берді, сондықтан енді біз құтқарыла аламыз.

Құрбандық қажет болды

Құдай бізді кешіріп, сонымен бірге әділ және қасиетті болып қалуы үшін құрбандық керек болды. Бұл қағида Көне Келісімде үйретілген: Құдай талап еткен құрбандықтар арқылы кешірім алу[211]. Егер Құдай күнәні жай ғана кешіре салса, бұл Оның әділетсіз екенін және күнәнің маңызды емес екенін көрсетер еді. Бірақ ешкім Мәсіхтің айқышқа шегеленіп өлгеніне қарап, күнә маңызды емес деп айта алмайды. Оның құрбандығы кешіруге негіз болды.

Иса ғана лайықты құрбандық бола алды

► Неліктен Иса ғана біздің күнәларымыз үшін құрбандық бола алды?

Құдайдың әділдігі мен күнәнің ауырлығы, кез-келген жаратылысқа қарағанда үлкенірек құрбандықты қажет етті[212]. Біз Мәңгілік Құдайға қарсы күнә жасадық, бұл бізге мәңгілік кінәні жүктеді. Сондықтан тек Иса ғана құрбандық бола алды. Ол Құдай және Адам болғандықтан, лайықты құрбандық болды. Өзінің құдайлығының арқасында Ол күнәсіз болды және Оның құрбандығы шексіз құндылыққа ие болды. Адамдығының арқасында Ол бізді ұсынып, біздің орнымызға өле алды.

---

[211] Еврейл. хат, 9:22.
[212] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 10:4.

Исаның қаны – Оның құрбандық өлімін бейнелейді

Құдай адамдарға құрбандық шалу арқылы тазаруды үйретті. Діни қызметкерлер жануарларды өлтіріп, олардың қанын өлімнің бейнесі ретінде ұсынды. Еврейлерге арналған хатта қансыз күнәлардан тазару мүмкін емес делінген[213].

Құдай қанға ерекше қарауды бұйырды, өйткені ол жаратылыстың жанын бейнелеген[214]. «Қан төгу» өлтіруді білдіреді[215]. Киелі үйде қанды қолдану жануардың өлтірілгенін білдірді.

Мәсіхтің өлімі – барлық адамдар үшін және барлық уақытта құтқарылуды ашық ететін соңғы құрбандық болды[216]. Ол құрбандық өлімін бейнелейтін Өзінің қанын көкте ұсынды[217]. Исаның қаны бізге құтқарылуды қамтамасыз етеді, өйткені Ол құрбандық ретінде өлді, сондықтан біз құтқарыла аламыз.

Неліктен Иса басқаша емес, айқышта өлді? Көне Келісім бойынша ағашқа іліну – Құдай қарғысына ұшырау дегенді білдірді[218]. Елші Пауыл айқыш ағашқа шегеленіп, Иса – Құдайдың қарғысын қабылдағанын көрсеткенін айтады.

Иса – Құдай мен адамды біріктірді

Иса екі бөлінген «партияларды» – Құдай мен адамды татуластыруға келді. Келістіруші ретінде Иса бір уақытта екі партияның өкілі болуы керек болды. Құдай ретінде Ол – Құдайды адамға ұсынды. Адам ретінде Ол – адамды Құдайға ұсынды. Екі жақтың мінсіз өкілі ретінде Иса Құдай мен адамды біріктірді. Ол татуласу үшін әр тарап істеу керек болған нәрсені істеді.

Біз Құтқарылу мейрамын қайта тірілудің арқасында тойлаймыз

Құтқарылу мейрамын тойлаудың көптеген дәстүрлі тәсілдері бар, бірақ көптеген адамдар өздерінің істерінің мәнін және Мәсіхтің қайта тірілуінің маңыздылығын түсінбеуі мүмкін. Иса Құтқарылу мейрамы күні таңертең, айқышқа шегеленгеннен кейін үшінші күні қайта тірілді. Ол күнә, өлім және шайтаннан күшті екенін көрсетті. Ол біздің өлімімізді қабылдап қана қоймай, оны өмірмен жеңді. Оның жеңгенінің арқасында, біз де өлімді жеңе аламыз.

Иса денесімен қайта тірілді

Бір күні Иса яһудилерге: «Мына киелі үйді бұзыңдар, Мен оны үш күнде қайта тұрғызамын» – дейді. Яһудилер Оны Ирод салған киелі үй туралы айтты деп

---

[213] Еврейл. хат, 9:18-22.
[214] Леуіліктер, 17:11, 14.
[215] Жаратыл. баст., 9:5-6.
[216] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 10:4, 12.
[217] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 9:12, 24
[218] Заңды қайталау, 21:23.

ойлағанмен, Жохан жазған Ізгі хабар Оның денесі туралы айтқанын түсіндіреді[219]. Барлық Ізгі хабар жазбаларында Исаның қабірі жерленгеннен соң, үш күннен кейін бос болғандығы жазылған. Иса қайта тірілгеннен кейін шәкірттеріне келіп: «Қол-аяғыма қараңдар: бұл – Менің Өзім. Маған қол тигізіп денемнің шынайы екеніне көз жеткізіңдер! Елестің еті мен сүйегі болмайды ғой», – деді[220]. Ол физикалық тұрғыдан қайта тірілгенін дәлелдеді.

► Егер Иса қайта тірілмесе не болар еді?

1. **Исаның қайта тірілуі – Оның күнә мен өлімді толық жеңгенін көрсетті[221].**
2. **Исаның денесімен қайта тірілуі – Оның Өзін Кіммін деп атаса, Сол екенін дәлелдеді[222].** Бұл да Ізгі хабардың дәлелі болды. Исаның қайта тірілуін қабылдамайтын адамдар, Ізгі хабарды да қабылдамайды[223].
3. **Исаның қайта тірілуі – бізге де өлімнен қайта тірілетінімізге сенімділік береді.** Иса өлгендерді қайта тірілтуге уәде берді, бірақ егер Ол Өзі қайта тірілмесе, бұған сену қиын болар еді[224]. Біз қайта тіріліп, Исаның жаңарған денесі сияқты денеміз болады[225].

Иса – әлі де адам

Қайта тірілу бізге тәнге айналудың тұрақтылығын көрсетеді. Иса әрқашан адам болады және әрқашан Құдай болады. Өзінің жаратылысымен сүйіспеншілік қарым-қатынасын қалпына келтіру үшін Құдай адамдық болмысын Өзінің болмысына мәңгілікке қосты. Иса әлі күнге дейін Құдай-адам, Ол біз үшін Әкенің алдында өтініш етеді[226], және бір күні бізді көкке апару үшін қайта келеді[227].

Біз Исаға – Оның Кім екені және Оның не істегені үшін бағынамыз

Сенушілер ретінде біз Мәсіхпен күнделікті қарым-қатынаста өмір сүреміз. Ол тарихтағы адам ғана емес, көктегі Құдай ғана емес, Ол – үнемі бізбен бірге болушы. Ол әрқашан Өз шәкірттерімен бірге болуға уәде берді[228].

---

[219] Жохан, 2:19-21.
[220] Лұқа, 24:39.
[221] **Оқыңыздар.** Аян, 1:17-18; Қолост. хат, 2:14-15.
[222] Жохан, 2:18-21; Матай, 17:22-23.
[223] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 15:17.
[224] Жохан, 5:28-29.
[225] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 3:2.
[226] Римд. хат, 8:34.
[227] Салониқал. 1-хат, 4:16-17.
[228] Матай, 28:20.

Ол – ерекше түрде қауымда бар. Ол – қауымның Басы. Қауым – Оның денесі[229]. Ол қауымды басқарады, оны бірге ұстайды және оны барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді[230].

Адам ақиқатты қабылдаған кезде, біз оған Исаның осы ақиқатты сеніммен және мойынсұнушылықпен қабылдағанымызды қалайтынын түсіндіруіміз керек. Біз адамдарға төменде көрсетілгендей дұға арқылы сенуші болуларына көмектесе аламыз.

> «Әке, мені сондай қатты сүйгендіктен, Ұлын Исаны мен үшін осы әлемге жібергеніне алғыс айтамын. Менің күнәларымның кешіріліп, Сенімен қарым-қатынаста болуым үшін Исаның өліп, қайта тірілген – күнәсіз Құдай-адам екеніне сенемін. Мен жасаған барлық күнәларым үшін қатты өкінемін. Менің күнәларым Исаны айқышқа шегелегенін білемін. Дәл қазір мен барлық қате істерден бас тартып, Исаны өзімнің Ием және Құтқарушым ретінде қабылдаймын. Мені одан әрі жетелей гөр. Мен Сен үшін мәңгі өмір сүремін. Мені кешіргенің үшін рахмет. Мен сені жақсы көремін. Аумин.»

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Иса – Мәсіх және бәрінің Иесі, Адам ретінде пәк қыздан туған, бойында адамдық болмысы мен құдайлық болмысы бар, Құдайдың Ұлы. Ол күнәсіз өмір сүріп, біздің күнәларымыз кешірілу үшін құрбандық ретінде өлді. Ол өлімнен қайта тірілді, қайтып келгенде сенушілерді де қайта тірілтеді. Оның бүкіл әлемдегі патшалығы шексіз.

---

[229] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 1:22-23.
[230] Қолост. хат, 2:19.

7-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу тапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Марқа,1:1-12;
- Жохан,5:19-26;
- Жохан,6:44-51;
- Жохан,8:51-59;
- Аян,1:12-18;
- Елшілердің істері,2:22-36.

(2) Тест: Келесі сабақты 7-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

Исаның адам болғанының Киелі кітаптық дәлелі

Ақпараттың келесі екі бөлімі міндетті емес. Егер топ осы тармақтарға қосымша Киелі кітаптық дәлелдер алғысы келсе, оларды өтсе болады.

Иса – Хауаның ұрпағы (Жаратыл. баст., 3:15), Ыбырайымның ұрпағы болды (Жаратыл. баст., 22:18 Елшіл. істері, 3:25-пен салыстырыңыздар), әйелден туған (Ғалатт. хат, 4:4), Мәриямнан туған (Матай, 1:21-25), Адам Ұлы деп аталған (Матай, 13:37), кәдімгідей өскен (Луки, 2:40, 52).

Ол өзінің өскен жеріне келгенде, адамдардың таңданғандықтары – Оның балалық шағы қарапайым болғанын көрсетеді (Матай, 13:54-56).

Оның адам сияқты мойынсұнуы үшін денесі болды (Еврейл. хат, 10:5-9); Ол – ет пен сүйектен тұратын тәнді қабылдады (Еврейл. хат, 2:14); Ол – біз сияқты жаратылды және біз сияқты азап шекті (Еврейл. хат, 2:10-18); Ол шынымен азап шекті (Еврейл. хат, 2:9-10); Ол адам сияқты азғырылды (Еврейл. хат, 4:15).

Ол адамның болмысын қабылдады (Філіпіл. хат, 2:6-8).

Ол – Құдайдың мәңгілік Сөзі болды, адамға айналды және жерде өмір сүрді (Жохан, 1:14).

Исаның адам екендігі – мәсіхшілік сенімнің ажырамас бөлігі болып табылады (Жоханның 1-хаты, 4:2-3).

Исаның – Құдай екенінің Киелі кітаптық дәлелдері

Иса Өзінің – Құдай екенін үш жолмен дәлелдеді:

1. Ол – Құдай деп аталды.
2. Ол – Құдайдың қасиеттеріне ие болды.
3. Ол – Құдайдың рөлдеріне ие болды.

Иса – Құдай деп аталды

- Жохан, 1:1, 14-те – Мәңгілік Сөз – Құдай болған деп айтылады.
- Жохан, 12:41-де – Ишая Исаны көрген деп айтылады.
- Елшіл. істері, 20:28-де – Мәсіхтің қауымы Оның қанымен иемделген.
- Римд. хат, 9:5 – Мәңгілікке жарылқанған Мәсіх келді.
- Титке хат, 2:13 Ол – Құдай және Құтқарушы Иса Мәсіх деп айтылады.
- Ишая, 7:14 – Оның аты «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіреді.
- Ишая, 9:6 – Оның аты – Құдіретті Құдай болады.
- Тімотеге 1-хат, 3:16 Құдайдың адам болып дүниеге келгенін, халықтарға жарияланғанын және ұлылықпен көкке көтерілгенін айтады.
- Жохан, 10:30, 33 Иса – Әке екеуі біртұтас екенін айтты.
- Жохан, 5:17-18 Яһудилер Исаның Өзін Әкемен теңестіргенін білгендерін көрсетеді.
- Жохан, 14:9 Ол: «Кім Мені көрсе, соның Әкені де көргені» – деді.
- Жохан, 20:28 Тома Оның жараларын көріп: «Ием менің, Құдайым менің!» деді, ал Иса сенгендерге батасын берді.
- Жохан, 8:58 Ол Өзін – (Мәңгі) Бар Болушы Менмін деп атады, ал яһудилер бұл жариялаудың Құдай болу дегенді білдіретінін білді.
- Аян, 1:8, 11, 17-18 Ол Өзі туралы «Алғашқы да, Соңғы да Менмін!» деп жариялаған және Ишая 44:6 бұл терминнің Құдайға қатысты екенін көрсетеді.
- Еврейл. хат, 1:2-3 Ол – «Құдайдың болмысының дәлме-дәл сипаты» деп айтылады.
- Еврейл. хат, 1:8 Оған Құдай сияқты қарайды.

Иса – Құдайдың қасиеттеріне ие

Барлық жерде бар. Матай, 18:20-да Иса: «Өйткені екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын» деді. Матай, 28:20-да Ол әрқашан сенушілермен бірге болатынын уәде етті.

Құдіреті шексіз. Еврейл. хат, 1:3-те «Ол бүкіл әлемді Өзінің құдіретті күшімен ұстап тұр» дейді. Філіпіл. хат, 3:21-де Оның барлығын Өзіне бағындыратындығы айтылады.

Мәңгілік. Еврейл, хат 13:8-де Оның мәңгілік өзгермейтіні айтылады. Сондай-ақ, Еврейл. хат, 1:12 және Забур жырлары, 101:25-27-дегі Құдайды сипаттайтын үзінді де Оның мәңгі өзгермейтінін айтады.

Бәрін білетін. Жохан, 2:24-25 Ол барлық адамдарды және олардың жүректеріндегіні де білетінін айтады. Жохан, 10:15-те Иса – Оның Әкені, Әкенің Оны білетінін жариялады.

Иса – Құдайдың рөлдеріне ие

- Иса – Жаратушы (Қолост. хат, 1:16; Еврейл. хат, 1:10).
- Иса – күнәларды кешірді (Лұқа, 5:20-24; Марқа, 2:10; 7:48).
- Иса – соңғы сотта үкім шығарады (Матай, 25:31-46; Қорынтт. 2-хат, 5:10).
- Исаға Әкеге сияқты табынады (Жохан, 5:22-23; Еврейл. хат, 1:6; Аян, 5:12-13).

7-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Мәсіхтің басты мақсаты не болды?

(2) Ертедегі қауым «Иеміз Иса» деп не айтқысы келді?

(3) Иса қандай ерекше мағынада Құдайдың Ұлы?

(4) Исаның тәнге айналуы нені білдіреді?

(5) Неліктен біз үшін Исаның – адам екені маңызды? (Үш себеп)

(6) Неліктен бізге Исаның – Құдай екенін түсіну маңызды?

(7) Құрбандық не үшін қажет болды?

(8) Неліктен Иса басқа жолмен емес, айқышта өлді?

(9) Исаның қайта тірілуінің мәні неде?

8-сабақ
Құтқарылу

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Неліктен көптеген адамдар үшін айқыш – қорлаудың белгісі.
- Күнәһардың жағдайы.
- Құтқарылу үшін төлемнің қажеттілігі.
- Тәубеге келудің мәні.
- Құтқаратын сенім элементтері.
- Неліктен барлық күнә мен барлық адамдар үшін құнның өтелуі жеткілікті?
- Құтқарылу сенімділігінің негіздері.
- Жаратылыстың жалпы құнының өтелуі.
- Құтқарылу туралы мәсіхшілік сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – діндердің құтқарылу туралы қате түсініктерін қарастыру.

Кіріспе

► Забур жырлары, 84-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді құтқару туралы не айтады?

Айқыш

Ең маңызды мәсіхшілік сенімнің бейнесі – айқыш. Ол бүкіл тарихтың орталығы болып табылатын оқиғаны бейнелейді. Ол мәсіхшілік сенім мен басқа діндердің арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Айқыш – көптеген адамдар үшін жұмбақ. Олар Исаның не үшін өлгенін түсінбейді. Олар Исаның бізді жақсы көріп, құтқарғысы келгендіктен өлгенін естісе де, неге Ол өлу керек болғанын түсінбейді. Олар: «Егер Құдай бізді құтқарғысы келсе, неге жай құтқара салмайды?» деп ойлайды.

> «Күнәһар Құдай алдында қалай ақтала алады? Бұл әр адам үшін маңызды сұрақ. Сондықтан, егер біз Құдайға жау болсақ, қазір де, мәңгілікке де шынайы тыныштық пен қуанышқа кенеле алмаймыз. Алайда, бұл маңызды сұрақты түсіну қаншалықты қиын! Ол туралы қандай көптеген шатастыратын ойлар бар!»
>
> - Джон Уэсли,
> «Сенім арқылы ақталу» уағызы

Айқыш туралы түсініспеушіліктер алғашқы мәсіхшілер Ізгі хабарды уағыздай бастаған кезден басталды[231]. Яһудилер Құдай Өзін құдіретімен көрсетеді деп ойлады. Олар құтқарылуды – қысымшылықтан құтылу деп ойлады, ал айқыш олар үшін әлсіздік пен сәтсіздікті білдірді. Гректер Құдай Өзін даналықпен көрсетеді деп ойлады. Олар құтқарылуды – өмірден ең жақсыны қалай алуға болатындығы туралы түсінік деп ойлады және айқыш оларға ақымақтық пен жеңіліс сияқты көрінді.

► Неліктен кейбір адамдарды айқыш қорлайды?

Айқыш көптеген адамдарды қорлайды. Көптеген адамдар діни болғылары келеді. Олар белгілі бір нәрселерге сенуге, діни рәсімдерді өткізуге және кеңестер алуға дайын. Бірақ олардың күнәһар екендерін, сондықтан олардың құтқарылулары үшін айқыштағы оқиғалар керек болғандығын айтқанда, олар ашуланады. Олар өздерінің қазіргі жағдайларымен ақталғысы келеді[232]. Айқыш оларды қорлайды, өйткені олардың күнәһар және құтқарылуға мұқтаж екендерін еске салады.

Исаның айқыштағы құрбандық өлімін түсіну үшін күнәһар адамның жағдайы мен Құдайдың қасиетті болмысы бірге өмір сүре алмайтындығын түсіну керек. Құнымыздың өтелуі қалай біздің кешірілуімізді мүмкін еткенін түсінуіміз керек.

Адамның жағдайы

Адам атаның күнәсі үшін әр адам Құдайдан бөлініп туылады[233]. Бұл әр адамның өзін ғана ойлайтынын және өз жолымен жүретінін білдіреді.

Адам таңдау жасай бастағанда, ол күнә жасай бастайды. **Әрбір күнәһар көптеген күнәлары үшін кінәлі**[234].

Күнә – бұл Құдайдың заңын бұзу[235]. Құдай күнәні ақтамайды, өйткені Ол өте әділ және әр адам өз әрекеттері үшін сотталатын болады[236]. Әрбір адамның кінәлі екендігі мен лайықты түрде үкімделетініне еш күмән жоқ. Әрбір күнәһар әлдеқашан сотталған[237].

Күнәһар – Құдайдың жауы[238]. Күнәһар күнәлары жуылғанға дейін Құдаймен қарым-қатынаста бола алмайды.

---

[231] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 1:22-23.
[232] **Оқыңыздар.** Лұқа, 18:10-14.
[233] Римд. хат, 5:12.
[234] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 3:23.
[235] Жоханның 1-хаты, 3:4; Жақыптың хаты, 2:10-11.
[236] Қорынтт. 2-хат, 5:10; Аян, 20:12-13.
[237] **Оқыңыздар.** Жохан, 3:18-19.
[238] Римд. хат 5:10.

Күнәһар Құдаймен қарым-қатынаста болуға жарамсыз жағдайда. **Күнәһар өз қалауымен бүлінген**[239]. Күнәнің құлы болғандықтан, **күнәһар өз жағдайын өзгертуге шамасы жетпейді**[240].

Күнәһарға қандай құтқару керек? Күнәһар кінәлі болғандықтан, құтқарылу – кешірім дегенді білдіреді. Ол Құдайға жау болғандықтан, құтқарылу – татуласуды білдіреді. Ол бүлінгендіктен, құтқарылу – тазаруды білдіреді. Ол әлсіз болғандықтан, құтқарылу – азаттықты білдіреді. Бұл күнәһарға қажет құтқарылудың бірнеше аспектілері ғана.

Дилемма

Адам өзінің күнәсі үшін төлем жасай алмайды. Мұның себептерінің бірі – бізде бар нәрсенің бәрі Құдайға тиесілі. Одан да маңызды себеп – біз Мәңгілік Құдайға қарсы күнә жасадық және адамның төлей алатындай аса құнды ештеңесі жоқ.

Бұл қажеттілікті өтейтіндей адам жасай алатын ештеңе болған жоқ. Сондықтан адамға өз күшімен құтқарылуы үшін, ешқандай талап қойылуы мүмкін емес еді[241]. Егер адам өзі құтқарыла алатын болса, Мәсіхтің айқышта өлуінің қажеті болмас еді[242].

► Егер Құдай кешіргісі келсе, неге Ол жай ғана айқышсыз кешірмеді?

Өйткені Құдай киелі болғандықтан, Ол ақиқат пен әділеттілікке сай соттауы керек[243].

Мәсіхтің құрбандығы болмады деп елестетіп көріңізші. Құдай күнәларды құның өтейтін құрбандықсыз кешірсе не болар еді?

Егер Құдай күнәларды төлемсіз кешірсе, бізге күнә маңызсыз болып көрінер еді. Құдай әділетсіз, тіпті қасиетті емес сияқты болып көрінер еді. Құдайдың көз алдында дұрыс, не бұрыс әрекет ететін адамдардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ сияқты болып көрінер еді.

Егер кешірім құнмен өтелмесе, Құдай – қасиетті және әділ сияқты мадақтала алмас еді. Ақыр соңында төлемсіз кешірім берсе – Құдай қорланатын еді, сондықтан төлем қажет болды.

Бірақ Құдай адамдарды қатты сүйеді және кешіргісі келеді. Адамдар өлімге лайық болса да, Ол бүкіл адамзатты күнәһар күйлерінде мәңгілік өлімге қалдырғысы келмеді.

---

[239] Ефест. хат, 2:3.
[240] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 5:20, 7:23.
[241] **Оқыңыздар.** Ғалатт. хат, 3:21.
[242] **Оқыңыздар.** Ғалатт. хат, 2:21.
[243] Римд. хат, 2:5-6.

Исаның айқыштағы құрбандығы қажетті құрбандықты Мәңгілік құндылықпен қамтамасыз етті, өйткені **Иса (1) күнәсіз**[244] (киелі болды және құтқарылуға мұқтаж болмады); **(2) Құдай және адам болды.**

Төлем – кешірім үшін қажетті негізді қамтамасыз етеді. Енді Құдай күнәларына өкініп, Оның уәдесіне сенетін адамды кешіре алады. Айқыштағы құрбандыққа сенетін ешбір адам, күнә маңызсыз деп айта алмайды.

Төлем – Құдайға, Оның уәдесіне сенген күнәһарды ақтауға және сонымен бірге Өзінің әділ болып қалуына мүмкіндік береді[245]. Римд. хат, 3:20-26 төлемнің қалай жұмыс істейтіні туралы логикалық түсінік береді.

Киелі кітапта Құдайдың біздің құтқарылуымызды қамтамасыз етуі – жалғыз мүмкін болған жол деп айтылған. Егер адам Мәсіхке деген сеніммен рақым арқылы құтқарылуды қабылдамаса, ол құтқарыла алмайды[246].

Сондықтан сеніммен рақым арқылы құтқарылу ілімін білу маңызды. Құтқарылу – тек рақым арқылы жүзеге асырылады, өйткені біз оны сатып алу немесе лайықты болу үшін ештеңе жасай алмаймыз. Құтқарылу – тек сенім арқылы жүзеге асырылады, өйткені біз оған жету үшін ештеңе жасай алмаймыз. Біз тек Құдайдың уәделеріне сенім арта аламыз.

► Адамның құтқарылуы үшін алғашқы қадамды кім жасайды, Құдай ма, әлде адамның өзі ме?

---

[244] Қорынтт. 2-хат, 5:21.
[245] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 3:26.
[246] **Оқыңыздар.** Марқа, 16:15-16; Елшіл. істері, 4:12; Еврейл. хат, 2:3.

Алдымен рақым

Құдай күнәһарды құтқару үшін бірінші болып қадам жасады. Ол айқышта Исаның құрбандығын қамтамасыз ету арқылы кешіруге дайын екенін көрсетті. Енді Құдайдың рақымы күнәһардың жүрегіне тиіп, күнәларын әшкерелеп, кешірім алғысы келетін тілекті оятады[247]. Құдайдың көмегінсіз күнәһар өзінің күнәсін қалдыра алмайтын еді[248]. Құдай күнәһарға Ізгі хабарға жауап беруге мүмкіндік береді. Егер адам құтқарылмаса – бұл оған рақым берілмегендіктен емес, оның – Құдайдың оған берген рақымына жауап бермегендіктен болады.

> Құдайдың рақымының әдемі суреті бізге төлем оқиғасынан бірнеше жыл бұрын берілген. Бұл Забур жырлары 84-тарау. Ол Құдайдың күнәні қалай кешіретінін сипаттайды. Оның ашуының соңы туралы айтады. Содан кейін өте қызықты мәлімдеме жасайды: «Сонда рақым мен шындық бірге кездеседі, әділдік пен татулық бір-біріне сәйкес келеді». Бұл төлем арқылы құтқарудың таңғажайып сипаттамасы. Төлемсіз Құдайдың рақымы біздің кінәміздің ақиқатымен шектелетін еді. Құдайдың әділдігі Онымен тату өмір сүруге мүмкіндік берудің орнына, бізді Оның жауына айналдырар еді.

Иса бүкіл адамзаттың күнәлары үшін өлді және Құдай әр адамның құтқарылғанын қалайды[249]. Құдайдың рақымы әр адамға жауап беруге мүмкіндік береді, бірақ оны мәжбүрлемейді. Сондықтан Құдай күнәһарды таңдау жасауға және тәубеге келуге шақырады[250].

Тәубеге келу

► Тәубеге келу деген не?

Тәубеге келу деген – күнәһардың өз кінәсін мойындап, жазаға лайықты екенін түсінуі, сондықтан күнәдан бас тартуға дайын болуы.

> «Азғын адам теріс жолынан қайтып, әділетсіз жан өз ойларынан бас тартсын! Бәрі Жаратқан Иеге бет бұрсын, сонда Иеміз мейірімділік танытады. Олар Құдайымызға қайта оралсын, өйткені Ол жомарттықпен кешіреді.» (Ишая, 55:7).

Тәубеге келу деген – күнәһар өзінің өмірін түзетіп, Құдай оны кешіруі үшін әділ болуы керек дегенді білдірмейді. Бұл мүмкін емес. Бірақ күнәһар Құдайдың оны күнәлардан босатуына дайын болуы керек.

► Рақым арқылы құтқарылатын болсақ, неге құтқарылу үшін тәубеге келу керек?

---

[247] **Оқыңыздар.** Титке хат, 2:11; Жохан, 1:9; Римд. хат, 1:20.
[248] Жохан, 6:44.
[249] **Оқыңыздар.** Петірдің 2-хаты, 3:9; Жоханның 1-хаты, 2:2; Тімотеге 1-хат, 4:10.
[250] Марқа, 1:15.

Сенім – құтқарылудың жалғыз талабы. Бірақ құтқаратын сенім тәубесіз болмайды. Егер адам тәубеге келуге дайын болмаса, ол күнәлардан азат болғысы келмейді.

Егер Құдай күнә жасауын жалғастырып, тәубеге келмейтін адамдарды кешіретін болса, бұл Оны жердің әділ соттаушысы ретінде қорлайтын еді.

Тәубеге келу қажет, өйткені егер адам тәубеге келмесе, ол күнәнің зұлымдығын мойындамайды. Егер ол неге күнә жасауын тоқтату керектігін түсінбесе, онда ол неге кешіруге мұқтаж екенін де түсінбейді.

Егер адам өзінің кінәсін көрмесе, өкінбесе, жазаға лайық екенін көрмесе, ол тәубеге келмеген. Егер ол өзінің күнәһар екенін мойындаса, бірақ оған күнә жасауды жалғастыруға мүмкіндік беретін дін керек болса, ол тәубеге келмеді, өйткені ол оны кінәлі еткен нәрсені жасауды жалғастырғысы келеді.

Құтқаратын сенім

► Егер адамның құтқаратын сенімі болса, ол не нәрсеге сенеді?

(1) Ол өзін ақтау үшін ештеңе істей алмайтындығын түсінеді.

> Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл – өздеріннің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істерімнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын (Ефест. хат, 2:8-9).

Ол құтқарылуға қол жеткізу үшін ештеңе (істер) істей алмайтынын түсінеді.

(2) Ол Мәсіхтің құрбандығы – кешірілу үшін жеткілікті деп сенеді.

> «Ол өз жанын құрбан етіп, күнәларымыздың құнын өтеді. Өзіміздің ғана емес, сондай-ақ бүкіл адамзаттың да күнәларының құнын өтеді» (Жоханның 1-хаты, 2:2).

Мейірімділік таныту – бұл біздің кешірілуімізді мүмкін ететін құрбандықты білдіреді. Біздің құтқарылуымыз үшін Мәсіхтің құрбандығына қосымша ештеңе қажет емес.

(3) Ол Исаның өлімнен қайта тірілгеніне және күнә мен өлімді жеңгеніне сенеді.

> «Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда құтқарыласың» (Римд. хат, 10:9)

Күнә мен өлімді жеңудің жалғыз жолы – Исаның қайта тірілуі болды. Иса қайта тіріліп, күнә мен өлімге деген толық жеңісін дәлелдеді.

(4) Ол Құдай оны тек сенімі арқылы кешіреді деп сенеді.

> «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (Жоханның 1-хаты, 1:9).

Егер ол басқа жолдармен де құтқарылуға болады деп ойласа, онда ол тек рақыммен ғана емес, істер арқылы да құтқарылуға болады деп есептейді.

Сенімділік

► Адам құтқарылғанына қалай сенімді бола алады?

Кейбір адамдар өз сезімдеріне тәуелді, бірақ сезімдер өзгермелі және жалған жолға бағыттауы мүмкін.

Киелі кітап біз құтқарылғанымызды нақты біле аламыз дейді. Біз Құдайдың бізді қабылдағанына сенімді бола аламыз. Бізге қорқынышпен өмір сүрудің қажеті жоқ, өйткені Құдайдың рухы біздің Құдайдың балалары екендігімізді растайды[251].

Бұл растау соншалықты сенімді болғандықтан, бізге қиямет сотынан қорқудың қажеті жоқ[252]. Кейбіреулер көкке баратынымызға үміттенеміз дейді, бірақ біз бұған сенімді бола аламыз. Құтқарылу адамзатқа жалпы ұсынылған деп сену жеткіліксіз; адам өзінің жеке құтқарылғанын білуі керек.

Өзгерген өмір – бұл адамның құтқарылғандығының дәлелі, бірақ мұндай дәлел сенімге келгендегі алғашқы сәтте болмайды. Өйткені құтқарылу нәтижелерінің пайда болатын уақыты болмады. Сондықтан тәубеге келген сәтте өзгерген өмір – сенімділік үшін негіз болмайды.

Сенуші Киелі кітаптағы құтқарылу жолын ұстанғанын біліп, өзінің құтқарылғандығына сенімді бола алады. Егер адам шынымен тәубеге келіп, Киелі кітаптық ілімге сенсе, онда оның Құдай оны кешірді деп сенуге құқығы бар. Адам тәубеге келіп, сенген кезде, Құдай оған Құдайдың баласы болғандығы туралы Киелі Рух арқылы куәлік береді.

Егер адам өзін құтқарылғандай сезінуге тырысып, бірақ шынында тәубеге келмесе, ол шатасып, өзін-өзі алдауы мүмкін.

Егер адам (1) шынымен тәубеге келсе, (2) Жазбадағы Құдайдың уәделеріне сенсе, (3) Киелі Рухтың куәлігін қабылдаса, ол алданбайды. Бұл сенім абсолютті түрде сенімді Құдайдың сөзіне негізделген. Құдай әрқашан уәделерін орындайды.

---

[251] Римд. хат, 8:15-16.
[252] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 4:17.

Құтқарылуға байланысты 10 сөз

Татуласу: бұл сөз жаулардың бір-бірімен татуласқанын білдіреді. Құтқарылуда біз Құдаймен татумыз[253].

Өшірілу: бұл сөз жазбаның өшірілгенін білдіреді. Құтқарылуда біздің күнәларымыз туралы жазба өшірілді[254].

Мейірімділік таныту: бұл сөз біреудің ашуын басу үшін бір нәрсе берілгенін білдіреді. Құтқарылуда Исаның құрбандығы Құдайдың қаһарын бізден алды[255].

Азаттық: бұл сөз біреудің басқа күштің әсерінен құтқарылғанын білдіреді. Құтқарылуда біз шайтан мен күнәнің күшінен азатпыз[256].

Құнның өтелуі: бұл сөз біреуді босату үшін төлем төленгенін білдіреді. Құтқарылуда Исаның өлімі – біздің бостандығымыз бен күнәміз үшін жазамыздың құны болды[257].

Ақталу: бұл сөз біреудің әділ немесе кінәсіз деп жарияланғанын білдіреді. Құтқарылуда кінәлі күнәһар әділ болып саналады, өйткені Иса ол үшін азап шекті[258].

Қасиетті болу: бұл сөз біреудің қасиетті болғанын білдіреді. Құтқарылу арқылы күнәһар Құдайдың қасиетті баласына айналады[259].

Бала ету: бұл сөз біреудің заңды бала болатынын білдіреді. Құтқарылуда біз Құдайдың балалары боламыз[260].

Қайта туылу / Жаңадан туылу: бұл сөз біреудің өмірді қайта бастайтынын білдіреді. Құтқарылуда сенуші жаңа өмір бастайды[261].

Белгілену: бұл сөз бір нәрсенің кімдікі екенін көрсету үшін белгілеуді білдіреді. Құтқарылуда Киелі Рух бізді Құдайдың меншігі ретінде белгілейді[262].

Жібермеуге тиіс қателіктер: Тәубесіз дінге сену

Студенттер төменде берілген материалды түсіндіре алады.

Рақым арқылы, сеніммен құтқарылу туралы естігенде, өздерінің құтқарылғандарына оңай сенетін адамдар бар. Мұндай адам шынымен тәубеге келмеген, өйткені ол мұндай

---

[253] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 5:19; Римд. хат, 5:1 (Ақталу мен татуласу туралы).
[254] **Оқыңыздар.** Еврейл. хат, 8:12.
[255] **Оқыңыздар.** Жоханның 1-хаты, 2:2.
[256] **Оқыңыздар.** Лұқа, 1:74; Римд. хат, 6:6, 12-18.
[257] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 1:7; Титке хат, 2:14.
[258] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 5:19; Римд. хат, 5:1 (Ақталу мен татуласу туралы).
[259] **Оқыңыздар.** Көптеген арнау хаттар сенушілерді «қасиеттілер» дейді (Ефест. хат, 1:1; Қолост. хат, 1:1; Філіпіл. хат, 1:1).
[260] **Оқыңыздар.** Жохан, 1:12; Римд. хат, 8:15.
[261] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 2:1; Жохан, 7:38-39; Ғалатт. хат, 4:29; Жохан, 3:5.
[262] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 1:13.

қажеттілікті көрмейді. Ол ешқашан өзін Құдайдың сотына лайық күнәһар ретінде көрмейді. Ол рақым деген – өз қалауы бойынша өмір сүру дегенді білдіреді деп ойлайды. Ол мәсіхшілік ақиқатты қабылдағандықтан, өзін мәсіхші деп санайды, бірақ оның өмірінде ешқандай өзгеріс болмаған. Ол өз еркін Құдайға бағындырмайды, бірақ Оны өмірінің бір бөлігі ретінде қабылдайды және өз еркіне сай өмір сүруін жалғастырады. Жазбаға сәйкес, бұл Құдаймен құтқаратын қарым-қатынастың бастауы емес.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Иса Мәсіхтің өмірі, өлімі және қайта тірілуі бүкіл адамзаттың күнәсінің өтелуін қамтамасыз етеді. Әр адам күнәлары үшін кінәлі және өзін өзі құтқара алмайды. Әрбір күнәһар, егер тәубеге келсе, сеніммен Құдайдың рақымын қабылдап, құтқарыла алады. Сенуші ақталып, күнәнің құлдығы мен жазадан босатылады. Киелі Рух сенушіні күнәһардан Құдайдың қасиетті мадақтаушысына айналдырады. Құтқарылудың басқа жолы жоқ. Жаратылыстың жалпы құны өтелді және ол Құдайдың күшімен қайта қалпына келтірілетін болады.

8-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу тапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Ефест. хат, 2:1-10;
- Ишая, 1:11-18;
- Забур жарлары, 50-тарау;
- Римд. хат, 8:19-25;
- Римд. хат, 3:20-26.

(2) Тест: Келесі сабақты 8-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

Көне Келісімдегі құтқарылу

Төменде екі қосымша ақпарат берілген. Егер осы тақырыптарға қызығушылық болса, оларды студенттермен бірге өткізуге болады.

Көне Келісімде Құдай құрбандық шалу арқылы ғибадат ету жүйесін құрды. Құрбандықтар Иса сияқты құтқаруды қамтамасыз етпеді. Киелі кітапта: «Өйткені құрбанға шалынған бұқалар мен қошқарлардың қаны адамның күнәсін толығымен алып тастай алмайды»[263] – делінген. Онда неліктен құрбандық шалу керек болды? Бұл болашақта Мәсіхтің құрбандығын бейнелейтін ғибадат түрі болды[264].

Бұл Жаңа Келісімге дейін құтқарылу мүмкін болмады дегенді білдірмейді. Елші Пауыл сенім арқылы ақталу ілімін түсіндірген кезде, оның жаңадан туған ой емес екенін көрсету үшін Ыбырайым мен Дәуіттің мысалдарын келтірді[265]. Иса Нікөдемге Көне Келісімнің дін мұғалімі болғандықтан, ол жаңадан туылу туралы білуі керек екенін айтты[266]. Пауыл Тімотеге Көне Келісімдегі жазбалар оны құтқаратын даналық бере алатынын айтты[267]. Сондықтан Ізгі хабар Көне Келісім кезінде де қол жетімді болды.

Көне Келісімдегі кейбір адамдар рақымды түсінді. Олар құнның өтелуі қалай болатынын, қалай жұмыс істейтінін білмеді, бірақ олар Құдайдың құтқару үшін негізді қамтамасыз ететініне сенген. Қазіргі кезде бізде бар ғибадат ету түрлері сияқты (мысалы, Нан үзу рәсімі), құрбандық шалу да тек осы сенімнің көрінісі болды. Сеніммен және мойынсұнушылықпен бірге болмаса, құрбандық шалу пайдасыз болған. Сол сияқты, егер біздің жүрегіміз бен өміріміз Құдайға бағынышты болмаса, біздің де ғибадат ету үлгілеріміз пайдасыз.

Көне Келісім кезінде тәубеге келу мен сенім маңызды болғанын және күнәһардың кешірім мен тазаруды іздеуі керек екенін көрсететін екі үзінді бар: Забур жырлары, 50-тарау және Ишая, 1:11-18.

Барлық жаратылыстың құтқарылуы

Алғашқы адамдар күнә жасаған кезде, барлық жаратылыс қарғысқа ұшырады[268]. Құтқарылу аяқталғаннан кейін жаратылыс қайта қалпына келтірілетін болады.

Құтқарылу – құтқарылған адамдардың рухани жаңаруынан басталады. Сенушілер күнәдан құтқарылды және олар Құдайдың жарылқауында өмір сүруде. Алайда, олар қарғыстың физикалық аспектілерінен әлі азаттық алмады. Олардың денелері әлі де қартайып, өледі.

---

[263] Еврейл. хат, 10:4.
[264] Еврейл. хат, 10:1.
[265] Римд. хат, 4:1-8.
[266] Жохан, 3:10.
[267] Тімотеге 2-хат, 3:15.
[268] Жаратыл. баст., 3:17.

Табиғат әлі күнге дейін күнәнің қарғысы астында. Біз оны Құдай жаратқан бастапқы күйінде көрмедік. Біз бір-біріне қайшы келетін зиянды тіршілік иелері мен жаратылыстарға толы табиғатты көреміз, онда көптеген жаратылыстар басқалар өмір сүруі үшін өлуі керек.

Барлық жаратылыс жаңартылатын уақыт келеді[269].

Келесі үзіндіде әлі күнге дейін күнәнің қарғысына ұшыраған әлемде өмір сүріп жатқан мәсіхшінің үміті сипатталған: Римд. хат, 8: 19-25.

[269] Аян, 21:1; Еврейл. хат, 1:10-12.

8-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Неліктен айқыш көптеген адамдарды қорлайды?

(2) Күнәhардың жағдайынын төрт аспектісін атаңыз.

(3) Неліктен төлемсіз кешіру Құдайды қорлайтын еді?

(4) Тәубеге келу деген не?

(5) Егер адамның құтқаратын сенімі болса, ол не нәрсеге сенеді?

(6) Неліктен Иса лайықты құрбандық болды?

(7) Адам өзінің нақты құтқарылғанын қалай біле алады?

(8) Құтқарылуға байланысты терминдерді тиісті сөзбен байланыстырыңыз:

__ (1) төлемі төленді	(А) Құнның өтелуі
__ (2) әділ боп есептелді	(Б) Қасиетті болу
__ (3) белгімен белгіленді	(В) Өшірілу
__ (4) татулық	(Г) Азаттық
__ (5) қаhар алынды	(Д) Белгілену
__ (6) күнәсі өшірілді	(Е) Татуласу
__ (7) құтқарылды	(Ё) Мейірімділік таныту
__ (8) киелі болды	(Ж) Бала ету
__ (9) баласы болды	(З) Қайта туылу / Жаңадан туылу
__ (10) жаңа өмір	(И) Ақталу

9-сабақ
Құтқарылу мәселелері

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Сенушінің күнәні жеңуінің артықшылығы мен маңыздылығы.
- Жеңімпаз өмір үшін Құдайдың беретін рақымы.
- Мәсіхпен қарым-қатынастан туындайтын рухани өмір.
- Рақымнан құр қалу туралы Киелі кітаптық ескерту.
- Құтқарылудың нақты мәселелері туралы мәсіхшілік сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студентке күнәні жеңіп өмір сүру стандарттарын арттыруға көмектесу.

Кіріспе

► Римд. хат, 6-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді құтқарылу нәтижелері туралы не айтады?

Құтқарылудың дәлелі

Құтқарылғандыққа деген жеке сенімділік – Жоханның 1-хатындағы басты тақырыптардың бірі. Жохан бұл оның хабарының мақсаты екенін айтты: «Сендер Құдайдың рухани Ұлына сенгендіктен мәңгілік өмірге иесіңдер. Оған сенім артқан сендердің соны білулерің үшін бұларды жазып отырмын» (5:13).

► Егер адам құтқарылғанына сенімді болмаса, не істеу керек?

Елші сенушіге құтқарылғанына деген сенімділік қажет болатын кездер болатынын білді. Ол сенуші үшін өзінің сенімділігіне негіз болатын дәлелдер іздеудің қалыпты жағдай екенін көрсетеді. Барлық хабары арқылы ол «мынаны білеміз»[270] деп мысалдар келтірді. Ол сенушілер бұл дәлелдерді жүректерін сендіру үшін қолдана алатынын айтты[271].

Жоханның 1-хатында ерекше бөлініп көрсетілген сенушінің сипаттамасы – бұл күнәні жеңіп өмір сүру. Мәсіхшінің қалыпты жағдайы – бұл ерікті күнәдан азат өмір. Елші: «Балаларым менің, сендер күнә жасамасын деп осыны жазып отырмын» – деген (Жоханның 1-хаты, 2:1). Бұл ұстаныммен елші сенуші ерікті күнәларсыз өмір сүруі

---

[270] 2:3, 2:5, 2:29, 3:10, 3:14, 3:19, 3:24, 5:2, 5:18.
[271] Жоханның 1-хаты, 1:9.

керек екенін көрсетеді және жеңімпаз өмірдің маңыздылығын көрсету үшін жазып отырғанын айтады.

> «Алайда егер біреуің күнә жасап қойсаң, Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар. Сол Қорғаушымыз — Иса Мәсіх. Ол өз жанын құрбан етіп, күнәларымыздың құнын өтеді. Өзіміздің ғана емес, сондай-ақ бүкіл адамзаттың да күнәларының құнын өтеді (2:1б-2)».

Мұнда ол сенушінің міндетті түрде болмаса да, күнә жасауы мүмкін екенін айтады. Ол егер сенуші күнә жасап қойса, Мәсіхтің құрбандығы бұл күнәнің құнын өтей алады деп сендіреді. Бұл сенуші күнә жасап жүре берсе, тәубеге келмей автоматты түрде кешіріледі дегенді білдірмейді. Аятта құрбандықтың қол жетімді екені және ол бүкіл әлемнің күнәсінің құнын өтеуге жеткілікті екені айтылады. Бірақ біз бүкіл әлемнің автоматты түрде құтқарылмайтындығын білеміз. Тәубеге келу – кез-келген күнәнің кешірілуі үшін қажет және күнә жасаған адамның сенуші болғанына немесе болмағанына байланысты емес. Егер сенуші күнә жасаса, ол Құдаймен қарым-қатынасын қалпына келтіру үшін тәубеге келуі керек.

Жоханның 1-хатындағы келесі аяттар ерікті күнәні жеңіп өмір сүретін сенушінің ерекшелігін көрсетеді. Жақшадағы сөз тіркестері пікірлермен бөлісу үшін қосылған.

> «Егер Құдайдың өсиеттерін орындасақ, Құдайды жақыннан танитынымызды білеміз [Құдайға мойынсұнбайтын адамның мұндай дәлелі болмайды]. Құдайды танимын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ (2:3-4)».

> «Күнә жасаған әркімнің Құдайдың заңын бұзғаны, себебі күнә – Құдайдың заңын бұзғандық. Ал Мәсіхтің күнәларымызды алып тастауға келгенін де, Оның ешқандай күнә жасамағанын да білесіңдер. Сондықтан кім Мәсіхпен тығыз байланыста тұрса, сол күнә жасай бермейді. Күнә жасай беретін әркім Оны көрген де, таныған да емес (3:4-6)».

> «Балаларым менің, сендерді ешкім де күнә жасауға азғырмасын! Әділдік істеуші адам Мәсіхтің Өзі сияқты әділ болады [күнә жасауын жалғастыра беретін ешбір адам әділ болып саналмайды]. Ал кім күнә жасай берсе, сол – шайтанның баласы, себебі шайтан әлем жаратылғаннан бері күнә жасап келеді. Бірақ Құдайдың рухани Ұлы шайтанның ісін жою үшін бұ дүниеге келді (3:7-8)».

> «Рухани мағынада Құдайдан туғандар күнә жасай бермейді, себебі олардың бойында Құдай сыйлаған жаңа өмір қала береді. Осылайша олар Құдайдан туғандықтан күнә жасауларын жалғастыра алмайды (3:9)».

> «Кім Оның өсиеттерін орындаса, ол Құдаймен және Құдай онымен тығыз байланыста тұрады. [Егер адам Мәсіхпен тығыз байланыста тұрмаса, ол күнә жасайды. Егер адам күнә жасаса, ол Мәсіхпен тығыз байланыста емес]. Құдайдың

бізбен тығыз байланыста екенін Оның бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы білеміз (3:24)».

«Біз рухани балаларын сүйетінімізді Құдайды сүйіп, Оның өсиеттерін орындауымыздан білеміз. Ал өсиеттерін орындағанымыз – Құдайды сүйгеніміз; [Шынайы сүйіспеншілік мойынсұнушылықты ынталандырады. Мойынсұнбаушылық сүйіспеншіліктің жетіспеушілігін көрсетеді] (5:2-3)».

«Өйткені Құдайдың рухани балалары осы күнәлі дүниені жеңеді [оның азғырулары мен рухын]. Осы дүниені жеңген күш – біздің сеніміміз (5:4)».

«Мынаны білеміз: кім Құдайдың рухани баласы болса, сол күнә жасай бермейді. Құдайдың рухани Ұлы оны сақтағандықтан, шайтан оған тиісе алмайды (5:18)».

«Күнә дегеніміз – бұл сөздің кең таралған қолданылуына сәйкес келетін сыртқы күнә: бізге берілген Құдайдың заңын, бізге белгілі Құдайдың кез-келген өсиеті ерікті түрде бұзу. Сенім мен сүйіспеншілікте, дұға мен ризашылық рухында өмір сүретін, «Құдайдан туылған» әрбір адам күнә жасамайды және күнә жасай алмайды да. Егер сенуші Мәсіх арқылы Құдайға сенсе және Оны жақсы көрсе, ол Құдайдың өсиетін өз еркімен бұза алмайды»

- Джон Уэсли, уағыз «Жоғарыдан туылғандардың үлкен артықшылығы» атты уағыз

► Бұл аяттарда сенушінің қандай ерекшелігі көрсетілген?

Бұл аяттардан сенушінің ерекшелігі – Құдайға мойынсұнып өмір сүру екенін көруге болады. Күнәні жеңу – сенушілер үшін үлкен артықшылық[272].

Жеңістегі өмір үшін Құдайдың рақымы

Жеңісте өмір сүру – мұра еткен бүлінгендік пен адамдық дәрменсіздік салдарынан қиын. Солардың кесірінен көптеген сенушілер күнәсіз өмір сүру мүмкін емес деп санайды. Бірақ Құдайдың рақымының екі мәселеге де жауабы бар.

---

[272]Кейде сенушінің ерікті күнәларсыз өмір сүре алатынын қабылдамайтын адамдар Жоханның 1-хаты, 1:8-ге сілтеме жасайды: «Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны». Бірақ «күнәлі болу» деген нені білдіреді? Бұл сенуші саналы түрде күнә жасай береді дегенді білдіре ме? Бұл жоғарыда келтірілген үшінші тараудың мәлімдемелеріне қайшы келеді. Егер Жохан: «әр адам, оның ішінде сенуші де күнә жасай береді» деп айтқан болса, онда үшінші тараудағы мәлімдемелерді қалай келтіретін еді? Бұл мағынасыз болар еді.
Контекст мағынаны ашады. Жетінші аятта күнәдан тазару уәде етілген. Бұл тазару «нұрда жүргендерге», яғни шындыққа сай, Құдайға мойынсұнып өмір сүретіндерге беріледі. Қазір Құдайға мойынсұнып өмір сүретіндер бұрынғы күнәларынан Мәсіхтің қанымен тазарады.
Бірақ, «күнә жасамадық, тазаруды қажет етпейміз» дейтін адамдар бар болуы мүмкін. Олар: «біздің күнәміз жоқ» дейді және осылай өздерін «алдайды». Олар ешқашан күнә жасамағандарын және өз мәселелерін Мәсіхсіз шешкендерін айтады.
Тоғызыншы аятта кешірім мен тазару тағы да уәде етілген. Оныншы аятта елші тағы да: «еш күнә жасаған жоқпыз» дейтіндер Құдайдың Өзіне қайшы келеді дейді.
Жохан мұны «Мәсіх берген тазару мен кешірім қажет емес, құтқарудың қажеті жоқ» деп санайтындардың қатесін түзету үшін жазды. Ол: «тіпті сенушілер де күнә жасауды жалғастыруда» деп айтпады, бұл оның негізгі хабары мен ондағы тікелей мәлімдемелерге қайшы келетін еді.

► Мұра еткен бүлінгендік деген не?

Мұра еткен бүлінгендік – бұл адамды туғаннан бастап күнәға итермелейтін, моральдық табиғатынын бұзылуы. Сенімге келгеннен кейін сенуші күнәға деген бейімділікпен күреседі. Бірақ Құдай күнделікті жеңіс үшін ғана емес, мұра еткен бүлінгендіктен тазару үшін де рақымын береді[273].

Біз өмір бойы күнәһар болмысымызбен өмір сүруге міндетті емеспіз. Жеңіске жету үшін сенуші өзінің жүрегін Құдайға толықтай бағындырған сәтке келуі керек. Осы кезде Құдай Өзін кемелді сүйіспеншілікпен сүйе алуы үшін оның жүрегін тазартады.

► Дәрменсіздіктер деген не?

Дәрменсіздік – бұл физикалық немесе ойлау қабілетіндегі шектеулер мен кемшіліктер. Адам атаның күнәға батуы мен адамдардың күнәға бейімділігіне байланысты, біз Құдай бізді жаратқан кезден гөрі эмоционалды, ақыл-ой және физикалық деңгей бойынша әлсіздеуміз.

Дәрменсіздік дегеніміз, біздің қателіктер жіберетінімізді білдіреді. Біз қандай да бір жағдайда қалай дұрыс шешім қабылдауымыз керегін білмеуіміз мүмкін. Біздің белгілі бір этникалық топтар туралы қате пікірлеріміз болуы мүмкін. Қате ойлар құтқарылу кезінде автоматты түрде түзетілмейді.

Дұрыс емес түсініктер дұрыс емес әрекеттерді тудырады, өйткені не істеу керектігін түсінбестен, адам дұрыс емес әрекет жасауы мүмкін.

Дәрменсіздіктер адамды бірнеше себептерге байланысты азаптандыруы мүмкін. Мүмкін адам Киелі кітаптық қағидаларды қалай қолдану керектігін үйренбеген шығар. Мүмкін ол өзінің эмоцияларын басқаруға көмектесетін тәртіпті ұстанбаған шығар. Мүмкін сенушінің мықтырақ болуына көмектесетін күнделікті әдеттері жоқ шығар. Мүмкін ол Киелі Рухтың жетелеуімен жүрудің маңыздылығын түсінбейтін шығар.

Біз басқа адамдарды тез айыптауға асықпауымыз керек, өйткені олардың қай кезде ерікті күнә жасап тұрғандарын біз әрқашан біле бермейміз. Көбінесе адамдар білімсіздіктен немесе рухани жетілмегендіктен дұрыс емес әрекеттер жасайды.

Сізде бұрын-соңды ешкім сезініп көрмеген сияқты сезілген азғырулар болды ма? Сіз «күнәні толық жеңіп өмір сүру мүмкін бе?» деп ойлап көрдіңіз бе? Құдай азғырулар кезінде біздің әлсіздігімізді өтегеннен гөрі молырақ болатын рақыммен қамтамасыз етуге уәде берді:

> «Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсыңдар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген

---

[273] Салониқал. 1-х., 5:23; Жоханның 1-хаты, 1:7; Елшіл. істері, 15:9.

кездеріңде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді (Қорынтт. 1-хат, 10:13)».

► Бұл аяттан не біле аламыз?

Бұл аят бізге бірнеше маңызды нәрселер туралы айтады.

1. **Азғыру біздің адам болғанымыздықтан туындайды.** Бұл сіздің азғыруларыңыз сізге ғана тән емес дегенді білдіреді.
2. **Құдай біздің мүмкіндіктеріміздің шегін біледі.** Ол біздің қаншалықты шыдай алатынымызды біледі. Кейде біз қаншалықты шыдай алатынымзды өзіміз білмеуіміз мүмкін, бірақ Ол біледі.
3. **Құдай бізге келетін азғыруды шектейді.** Ол біздің жеңіске жетуімізді қалайды. Осы аятқа сәйкес, әрқашан жеңіске жетуге болатынын түсінуге болады.
4. **Құдай бізге жеңіске жету үшін қажеттінің бәрін береді.** Ол «құтылып шығуға» мүмкіндік береді. Құдайдың қалауы – біздің жеңіске жетуіміз. Ол жеңімпаз өмір үшін бізге рақымын түсіреді.

Киелі Рухқа кенелген өмір

► Студенттер Римд. хат, 8-тарауды ашып, осы тарауда қолданылатын аяттарды қарауы керек.

Римдіктерге арналған хаттың 8-тарауында, бізге сенушінің өміріндегі Рухтың жұмысы туралы керемет сипаттама берілген. Киелі кітап біздің қалай дұрыс дұға етуді де білмейтінімізді, бірақ Киелі Рух біз арқылы дұға ететінін айтады.

Бұл тарау қалай жеңіске жетіп өмір сүру керектігін айтады. Егер біз күнәһар болмысымыздың емес, Киелі Рухтың қалауына сай өмір сүрсек, сотталмаймыз (1-аят). Біз Құдай күтетін әділдікте өмір сүре аламыз, өйткені Рухтың күші бізде жұмыс істейді (4-аят).

Егер адамды күнәһар болмысы басқарса, ол адам Құдайға ұнай алмайды (8-аят), ол үкімделген (1-аят) және Құдай оны соттайды («өлімге ұшырайды» 13-аят).

Киелі Рухтың күшімен және жетелеуімен біз күнәлі әрекеттерді жасауды тоқтата аламыз (13-14-аяттар).

Күнәні жеңудің маңыздылығы

Кейде мынадай сұрақтар қойылады:

1. Мәсіхшіге күнәнің жеңісінде өмір сүру шынымен қажет пе?
2. Егер адам азғырылуға берілсе, оның Құдаймен қарым-қатынасына не болады?
3. Құтқарылуды жоғалту мүмкін бе?

Ертедегі қауымдар егер адам Құдайға ерікті түрде қарсы шықса, құтқарылуды жоғалтатынын мәлімдеді. Бұл қауымдардың бағушылары жеңімпаз өмірдің қажеттілігі туралы ескерткен, өйткені Киелі кітапта мұндай ескертулер көп.

Тәубеге келген кезінде күнәһар жасаған күнәларына өкініп, олардан бас тартады. Құдаймен бірге өмір сүріп бастағанда, ол өзінің тағы нені өзгерту керек екенін көреді. Бұл: Құдайға ұнамайтын іс-әрекеттер, әдеттер, ойын-сауықтар немесе сөздер болуы мүмкін. Киелі кітап: «тәніміз бен рухымызды арамдайтын барлық нәрселерден тазарып, Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүрейік!» дейді[274].

Егер сенуші өз өмірінде дұрыс емес деп санайтын нәрселерді өзгеріссіз қалдыруды жөн көрсе ше? Егер ол тәубеге келген кезде қалдырған күнәларына қайта оралса, не болады?

Кейде адамдар:

- «Егер мәңгілік өмір шынымен мәңгілік болса, оны жоғалту мүмкін емес»
- «Егер біз іс-әрекетімізбен емес, рақым арқылы құтқарылсақ, онда біз өз іс-әрекетіміздің салдарынан құтқарылуды жоғалта алмаймыз»
- «Адасқан ұл, тіпті әкесінен алыстап, қарсы көтерілсе де, оның ұлы болып қала берді»
- «Құдай құтқаруды тегін сыйлық ретінде бергендіктен, Ол оны ешқашан қайтарып алмайды» деп айтады.

Мұндай ойлау көптеген адамдардың тәубеге келгеннен кейін күнәға қайта оралуларына, олардың қауіпсіздіктеміз деп ойлап, күнәні жеңбестен құтқарылуға болады деп болжамдамдауларына мүмкіндік берді. Киелі кітапта сенушінің қауіпсіздігі туралы не айтылғанын дұрыс түсіну маңызды.

Мәсіхтегі өмір

Жохан, 15:2-10-да жүзім бұтасы мен сабақтары туралы көпке белгілі метафора жазылған. Ол маңызды сұрақтарға жауап береді.

Біз қалай Мәсіхпен тығыз байланыста боламыз? «Менің өсиеттерімді орындасаңдар, сүйіспеншілігімізді қабылдап жүресіңдер» (10-аят). Мәсіхпен тығыз байланыста болмау деген, Оған мойынсұнбау дегенді білдіреді. Кейін не болады?

---

[274] Қорынтт. 2-хат, 7:1.

«Кім менімен байланыста тұрмаса, сол кесіліп тасталған сабақтар іспетті «сыртқа лақтырылып, кеуіп қалады». Кепкен сабақтар кейін жиналып, отқа жағылып, жанып кетеді» (6-аят).

Егер адам мойынсұнуды тоқтатса, осылайша Мәсіхпен байланысын тоқтатса, ол лақтырылып тасталады. Сабақтардың өртенуі туралы суреттеу – Құдайдың толық бас тартуын көрсетеді.

«Менімен тығыз байланыста тұрыңдар, сонда Мен өздеріңмен тығыз байланыста тұрамын. Сабақ өздігінен емес, тек бұтасымен байланыста тұрса ғана жеміс бере алады. Сол секілді сендер де Менімен тығыз байланыста тұрмасаңдар, рухани өнім бере алмайсыңдар» (4-аят). «Маған ілінген, бірақ рухани жеміс бермейтін әр «сабақты» Әкем кесіп тастайды» (2-аят). Егер біз Мәсіхке мойынсұнып, Онымен тығыз байланыста тұрмасақ, онда біз Құдайдың рақымымен басқарылып, өзгертілген, жарылқанған өмірді білдіретін жеміс бере алмаймыз. Егер адам Құдайға бағынбаса, ол өзін Құдай беретін өмір ағымынан ажыратады және енді Құдайдың рақымында өмір сүре алмайды. Жеміс бермейтін адамнан Құдай бас тартады.

Құтқарылу – бұл рақыммен берілген тегін сый, бірақ бұл Берушімен қарым-қатынассыз иелене алатын сый емес. Егер Салли Виллиге кітап сыйласа, онда кітап Виллиге тиесілі болып, ол онымен қалағанын жасай алады. Салли Виллидің кітапты оқығанын қалайды, бірақ ол оны оқымаса да, кітапты қайта қайтарып ала алмайды. Вилли кітапты жаңбырда қалдыра алады немесе жыртып, шыбындарды өлтіруге қолдана алады. Бірақ Салли кітапты алып кете алмайды, өйткені ол оны сыйлады. Кітапты иелену Саллимен қарым-қатынасқа байланысты емес. Вилли Саллидің жауы болса да, кітап бәрібір Виллиде қалады.

Жүзім бұтағымен байланысты метафора, құтқарылу адамның берушімен қарым-қатынассыз алатын сыйынан өзгеше екенін көрсетеді. Мәсіх – бізге өмір беретін сол жүзім бұтағы[275]. Құтқарылуды тек қарым-қатынас арқылы алуға болады. Киелі кітапта біз не істесек те, құтқарыламыз деп еш жерде айтылмаған. Құдайдан бөлек болу – құтқарылудан бөлек болу дегенді білдіреді. Бұл құтқаратын қарым-қатынасты біз Құдайға мойынсұну арқылы қолдаймыз[276].

Қазіргі кезде мұны шам мен электр энергиясы арқылы түсіндіруге болады. Шам – электр энергиясы тоқ берсе, жанады. Егер шамды тоқтан суырып тастаса, шам өздігінен жарықты ұстап тұра алмайды. Бізде сол сияқты Мәсіхпен қарым-қатынаста тұрсақ, мәңгілік өмірге ие боламыз. Оның өмірі бізге ағады. Егер біз Одан бөлініп, тығыз байланыста тұрмасақ, біз бұл өмірді ұстап, сақтап қала алмаймыз.

---

[275] Жохан, 15:6.
[276] Жохан, 15:10.

Киелі кітаптағы ескертулер

Кейбіреулер адамның есімі Мәңгілік өмір кітабына жазылғаннан кейін, өшірілуі мүмкін емес деп айтады. Бірақ ол өшірілуі мүмкін екенінің кем дегенде бір жолы бар:

> «Ал кімде-кім Құдайдың хабары жазылған осы кітаптың сөздерінен бір нәрсені алып тастаса, Құдай оның осы кітапта бейнеленген мәңгілік өмір сыйлайтын ағаштан және қасиетті қаладан иемденетін үлесін де алып тастайды»[277].

Аян кітабының сөздерін алып тастап, кінәлі болған адамдар өте аз болуы мүмкін. Дегенмен, атап өтілген ескерту адамның есімі Мәңгілік өмір кітабынан сызып тасталынуы мүмкін екенін көрсетеді.

Жазба бірде құтқарылған адам күнәдан толық жеңіліп, құтқарылуды жоғалтуы мүмкін екенін ескертеді. «Жеңіп шыққан әркім солар сияқты аппақ киім киетін болады; Мен оның есімін Мәңгілік өмір кітабынан өшірмей, Әкемнің және Оның періштелерінің алдында ашық мойындаймын»[278]. Аянда қауымдарға көптеген уәделер берілген, олардың көпшілігі құтқарылу туралы айтады (2:11-ді қараңыз), бірақ барлық уәделер адамның іс-әрекетіне тәуелді. Бірде құтқарылған адамдар бар, бірақ күнә оларды жеңсе, олар құтқарылуларын жоғалтады.

Пауыл жаңадан сенімге келген салониқалықтар сенімнен бас тартты деп алаңдады. Ол егер осы жағдай орын алса, оның еңбегі зая кеткенін айтты[279]. Бұл сенушінің бастапқы тәубеге келуі пайдасыз болып қалатындай, сенімнен бас тартуы мүмкін екенін көрсетеді.

Петірдің 2-хаты, 2:18-21-де біз «теріс жолмен жүргендердің арасынан жуырда ғана құтылып шыққан» сенушілерді алдап жүрген жалған тәлім берушілер болғанын көреміз. Олар, яғни бұрынғы сенушілер «Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхті танып білген», бірақ Оны тастап кеткен. Бұл аяттарда олардың күнәһар өмірлеріне қайта оралуларынан гөрі, шындық жолын ешқашан білмегендері жақсы болар еді деп айтылған. Бұл күнәға оралу арқылы құтқарылуды жоғалтуға болатындығын көрсетеді. Егер құтқарылуды жоғалту мүмкін болмаса, адам құтқарылғанға дейінгі өмірінен гөрі нашар жағдайға ұшырауы мүмкін болмайтын еді.

Біреуге бала болу өзгермелі. Біз бір кездері шайтан[280] мен зұлымдықтың балалары едік[281], бірақ бұл бала болу – Құдай бізді Өзінің балалары еткен кезде өзгерді. Адасқан

---

[277] Аян, 22:19.
[278] Аян, 3:5.
[279] Салониқал. 1-хат, 3:5.
[280] Жохан, 8:44.
[281] Ефест. хат, 2:2.

ұл әкесінен алыс болған кезде өзінің ұл болу артықшылықтарын жоғалтқан еді. Ол қайтып келгенде, әкесі ол туралы өлген бұрынғы баласындай айтады[282].

Құдай сенушілердің өздерін қауіпсіз сезінгендерін қалайды. Бірақ оларды нақты қауіп-қатерге душар етуі мүмкін жалған сенім арқылы қауіпсіз сезінулерін қаламайды. Біз сенушілерге Құдай уәде етпеген нәрсені уәде етпеуіміз керек. Ол күнә жасасақ, біз құтқарылуды жоғалтпаймыз деп уәде берген жоқ. Ол бізге Киелі Рухтың жетелеуімен, күнәні жеңіп өмір сүруге күш беретінін уәде етті. Бұл уәде бізге қорқынышсыз өмір сүру үшін жеткілікті.

Кейде сенушілер құтқарылғандарына күмәнданады. Олар бір кездері құтқарылғандарына сенімді бола алады, бірақ қазір олардың Құдаймен құтқаратын қарым-қатынасы барына күмәнданулары мүмкін. Киелі кітап бізді осы маңызды сұрақтың аясында күмәндандырып қоймайды. Сенушінің Құдайдың емтиханын тапсыра алам ба, жоқ па деп уайымдамай, өзінің құтқарылғанына сенімді болып, «қиямет сотында нық сеніммен»[283] тұруы – Құдайдың еркі.

Сенушінің күмәні болса, бірде нақты құтқарылғанына деген сенімі болғандықтан, күмән назардан тыс қалмауы керек. Ол «шынында сенім жолымен жүр ме, жоқ па, соны тексеруі»[284] керек. Егер адам құтқарылудың Киелі кітаптық қадамдарымен құтқарылғанын біліп, Мәсіхке мойынсұнып, Онымен тығыз байланыста өмір сүрсе, ол рухани тірі екеніне сенімді бола алады.

«Егер біреу сенімнен бас тартып, Құдайдан алыстап кеттім деп қорқатын болса, бұл жай ғана ақыл-ойдың алаңдаушылығы емес. Бірақ жұбанып, мазасыздықты жою үшін мұндай адамға – егер ол азғыруға өз еркімен мойынсұнып, құтқарылған адамның саналы өмірін ескермей кетпесе – шайтанның күші оны күнәға, әлемге, тәннің әлсіздігіне апармайтынын білу жеткілікті»

- Иаков Арминий, «Құтқарылғандыққа деген сенімділік туралы» қысқартылған мақалалардан үзінді

Жібермеуге тиіс қателіктер: Төмендетілген күтімдер

Студенттер келесі ақпаратты түсіндіре алады.

Күнәні жеңу адамдарға екі нәрсеге: дәрменсіздіктер және мұра еткен бүлінгендікке байланысты мүмкін емес болып көрінеді. Құдай бізді адамдық шектеулеріміз үшін соттамайтынын ұмытпауымыз керек. Құдай бізге Оның еркін орындау үшін Рухымен күш береді. Дәрменсіздіктердің болуы – күнә емес, бірақ ешкім дәрменсіздіктің әсерінен күнә жасамауы керек.

---

[282] Лұқа, 15:32.
[283] Жоханның 1-хаты,4:17.
[284] Қорынтт. 2-хат, 13:5.

Мұра еткен бүлінгендіктің әсері сенімге келгеннен кейін жалғасады, бірақ Құдай тазару үшін рақымын түсіреді. Құдай бізді мұра еткен бүлінгендікпен дүниеге келгеніміз үшін кінәламайды, бірақ егер біз онымен өмір сүруді жалғастырсақ, кінәлі боламыз. Сондықтан дәрменсіздіктер де, мұра еткен бүлінгендік те біздің күнәні жеңіп, жеңісті өмір сүруге деген үмітіміздің үзілуіне әсерін тигізбеу керек.

Мәсіхке деген сенім арқылы біз Онымен біргеміз. Біз Онымен Оның өлімі мен қайта тірілуі арқылы бірігеміз, біз үшін бұл – күнә үшін өліп, жаңа өмірге қайта тірілуді білдіреді. Ол бізбен және біз Онымен тығыз байланыстамыз. Мәсіхшілік өмір – бұл тек қолымыздан келгеннің бәрін жасай отырып, Оның үлгісімен жүруге тырысу ғана емес. Мәсіхшілік өмір – бізбен тығыз байланыста Мәсіхпен бірге өмір сүреді. Ол жер бетінде өмір сүрген кезде күнәні жеңді және Ол әлі де жеңіспен бізбен тығыз байланыста өмір сүреді.

Неліктен бұл маңызды

Үлкен қаладағы жолдың бойында жалба-жұлба киім киген әйел отырды. Оның шашы шатасқан және лас болды. Терісі кір-кір, күйе жағылған болды. Оның жүзінен үмітсіздік көрініп тұрды. Кенеттен жолда адамдар жүре бастап, бұрыштан ұлы ханзада өз нөкерлерімен бірге шыға келді. Ханзада әдемі, күшті және мейірімді болатын. Оның күймесі әйелдің жанынан өтіп бара жатқанда, ханзада ат айдаушыға: «Тоқта!» – деді.

Күйме тоқтаған кезде, ханзада өзінің қызметшілеріне: «Мен осы әйелге үйленгім келеді!» – деді.

Енді сахна өзгеруде. Біз неке қию күні сарайда тұрмыз. Біз не көреміз? Шатасқан майлы шаштарымен, әлі күнге дейін шүберек киген, кір-кір әйелді көреміз. Оның айналасында құрбылары той көйлегін, сабын мен иіссуды ұстап тұр, бірақ қалыңдық үйлену тойына дайындалуға қызығушылық танытпайды. Ішіндегі бір әйел: «Миледи, сіз үйлену тойына дайындалғыңыз келмейді ме?» – деп сұрайды. Қалыңдық: «Ханзада мені көріп, маған үйленгісі келген кезде менің түрім осындай болды, енді менің қазір түрімнің қандай болатыны маңызды емес шығар» – деп жауап берді.

Біз мұндай көзқарасқа қатты таңғалатын едік. Ханзада оны жақсы көреді, сондықтан оның осы күйде қалғанын қаламайды. Ханзада оны тартымсыз болған кезінде жақсы көргендіктен, әйелдің қазір ол үшін ең жақсы күйде көрінгісі келуі керек.

Құдай бізді күнәһар болған кезімізден жақсы көреді, бірақ бұл – күнә маңызды емес дегенді білдірмейді. Ол бізді жақсы көреді, сондықтан біздің жағдайымыздың өзгергенін қалайды. Ол бізді жақсы көреді, сондықтан біз Оған ұнайтын бейне мен мінезге ие болғымыз келуі керек.

Жеңімпаз өмірге арналған тәжірибелік нұсқаулар

Бүкіл әлемде мәсіхшілік ақиқат ырымдармен араласып кеткен. Кейбіреулер қайталанатын дұға, эмоционалдық күй кешу, зұлым рухтардан (олар күнәлардың

себебі деп санайтын) бас тарту, өзін-өзі азаптау, тұмар тағу, үйде мәсіхшілік белгілерді орналастыру, денені арнайы майлармен майлау арқылы күнәні жеңуге үйретеді. Бұл жеңіске жетуді «рухани сиқыр» арқылы іздеу!

Басқалары өте қарапайым түрде күнәні жеңуге болады деп үйретеді. Олар құтқарылу және Рухқа кенелу тәжірибесі – күнәнің күшін мәңгілікке жояды дейді. Олар рухани өсу, тәртіп және үнемі сергек болу қажеттілігін атап көрсетпейді.

Әлем мен күнәні жеңе алмай жүрген адамдар өздеріне шын жүректен келесі сұрақтарды қоюлары керек:

1. **Мен шынымен қайта туылдым ба?** Мен бұрынғы өмірім үшін өлдім бе; мен тәубеге келдім бе? Менде Мәсіхпен тығыз байланыстағы жаңа өмір – жаңа көзқарас, жаңа тілектер, Құдайға деген аңсау бар ма (Қорынтт. 2-хат, 5:17)? Мәсіх менің жүрегіме Киелі Рух арқылы кірді ме? Мен күнәні қандай күштермен жеңуге тырысамын – тек өзімнің күшіммен бе, әлде менде өмір сүретін Құдайдың күшіне сүйенемін бе (Ғалаттықтарға, 2:20)?

2. **Мен Құдайдың Сөзін жүрегіме сақтадым ба?** Забур жыршысы: «Күнә жасамауым үшін Саған қарсы, жүрегіме сақтадым айтқандарыңды» – деп куәлік етеді (Забур жырлары 118:11). Сәбилер ана сүтімен қалай қоректенсе, біз де Құдайдың Сөзімен солай қоректенуіміз керек (Петірдің 1-хаты, 2:2).

3. **Мен өзімді күнә үшін өлі және Құдай үшін тірімін деп санаймын ба?** «Сендер де өздеріңді «күнәға жоқпыз, енді Құдайдың құрметі үшін Иса Мәсіхпен тығыз байланыста өмір сүреміз» деп есептеңдер!» (Римд. хат, 6:11). Мен азғырулардан, олардың маған әсер ететін күші жоқ деп сеніммен бас тартамын ба?

4. **Мен жеңіске жету үшін Құдайға сенім артамын ба?** Елші Жохан Құдайдың отбасында дүниеге келген адам *«...осы күнәлі дүниені жеңеді. Осы дүниені жеңген күш – біздің сеніміміз»* деп жариялады (Жоханның 1-хаты, 5:4). Елші Пауыл Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімінен басқа ештеңемен мақтаңғысы келмейтінін айтты, өйткені айқыш арқылы бүкіл әлем бізге деген өзінің күші мен бақылауынан айырылды (Ғалатт. хат, 6:14). Егер біз барлық әділдіктің қайнар көзі – Исаны ұмытатын болсақ, үнемі жеңіске жету мүмкін емес.

5. **Мен күн сайын күнәға орын бермей, сеніммен Иса сияқты болуға тырысамын ба?** Мәсіхшілік өмірдің қай кезеңінде тұрғандығымыз маңызды емес, жеңіс бізге ешқашан автоматты түрде келмейді. Біз Исаның күнәға деген көзқарасын саналы түрде қабылдап, Оны үлгі етуіміз керек (Римд. хат, 13:14; Ефест. хат, 4:24).

6. **Мен Құдай берген рухани қару-жарақпен жабдықталамын ба?** Өмірлік шайқаста көптеген сенушілер шайтанның отты оқтарынан жарақат алады, өйткені олар өздерінің рухани қорғалуына мән бермейді (Ефест. хат, 6:11).

7. **Мен өзіндік тәртіпті жаттықтырамын ба?** Біздің сенімізде қаншалықты жетілгеніміз маңызды емес, әрқашан өз-өзімізді тәрбиелеуіміз қажет. Мен денемді тәртіпке саламын ба? Аштық, ұйқы немесе жыныстық қатынас сияқты табиғи тілектер, менің жаңа туған жанымның мақсаттарына қызмет етуі үшін бақылануы керек. Менің денем күнәмен зақымданғандықтан, бұл тілектер баланста болмайды. Дененің басқаруына жол бермеу керек; ол Рухқа қызмет етуі керек. Пауыл өзінің денесін Оған мойынсұну үшін және рухани күйреуге жол бермеу үшін тәртіпке келтіргенін айтты (Қорынтт. 1-хат, 9:25-27). Мұндай тәртіп әрбір сенушіге қажет.

8. **Мен мойынсұнушылықта өмір сүремін бе?** «Нұрда тұру…» бұл елші Жоханның ескертуі (Жоханның 1-хаты, 1:7). Көкке барар жолда көптеген тұзақтар, кедергі тастар, қауіпті жерлер бар, сондықтан біз әрқашан Құдай Сөзінің нұрында (Забур жырлары, 118:105) және Киелі Рухтың жетелеуінде (Жохан, 14:26) жүруіміз керек. Мойынсұну арқылы біз Исаның қаны бізді тазартады деген уәдеге қол жеткіземіз. Түнекте жүру тәуелділік пен күнәға батуға әкеледі, ақыр соңында нұрға оралудан бас тартқандарды өлімге әкеледі.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Күнәні жеңіп өмір сүру – әрбір сенушінің артықшылығы мен міндеті. Сенушінің Мәсіхпен қарым-қатынасынан туындайтын өмірі бар. Құдайдың еркін орындаудан бас тартып, күнәға оралған сенуші, оны құтқаратын Құдаймен қарым-қатынасын бұзады. Құдай сенушіге азғыруды жеңе алатындай күш пен рақым береді.

9-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Петірдің 2-хаты, 1:1-11;
- Еврейл. хат, 10:23-39;
- Аян, 3:14-22;
- Жақыптың хаты, 1:21-27;
- Матай, 13:18-23.

(2) Тест: Келесі сабақты 9-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

9-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Жоханның 1-хатының негізгі тақырыбы қандай?

(2) Жохан сенушінің қандай сипаттамаларын ерекше атап өтеді?

(3) Қорынтт. 1-хат, 10:13 аятта қандай төрт ақиқат көрсетілген?

(4) Сенуші Мәсіхпен тығыз байланыста тұруын қалай жалғастырады?

(5) Құтқарылуды сақтап қалу үшін не қажет?

10-сабақ
Киелі Рух

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Киелі Рухтың – Тұлға екенін көрсететін сипаттамалар.
- Киелі Рухтың тұлғалық және құдайлық сипатының Киелі кітаптық дәлелдері.
- Неліктен Киелі Рухтың тұлғалық және құдайлық сипаты маңызды ілімдердің бірі болып табылады?
- Киелі Рухтың тарихи және қазіргі әрекеттері.
- Сенушінің Киелі Рухпен қарым-қатынасының тәжірибелік аспектілері. (6) Киелі Рух туралы мәсіхшілік сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – Рухтың дарындары туралы қағидаларды қолдану қабілетін қалыптастыру.

Кіріспе

► Забур жырлары, 138-тарауды бірге оқыңыздар. Осы үзінді Киелі Рух туралы не айтатынын талқылаңыздар.

Кейбір адамдар Киелі Рухты жай бір күш деп санайды. Мысалы, Иегова куәгерлері: «Киелі Рух – Тұлға да, Үшбірліктің бірі де емес. Киелі Рух – бұл Құдайдың Өз мақсатына жету үшін қолданатын белсенді күші... Оны белгілі бір дәрежеде электр қуатымен салыстыруға болады»[285] дейді.

► Иегова куәгерлері Киелі Рух туралы ілімді түсінуде қандай қателелік жібереді?

Иегова куәгерлері Киелі Рухты жай бір күш ретінде көреді. Құдай туралы Киелі кітаптық түсініктері болмағандықтан, олар Онымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды.

Біз Киелі Рух туралы бәрін түсіне аламыз деп күтпеуіміз керек. Иса Киелі Рухтың жұмысы жел сияқты екенін айтты; сіз Оны естисіз, бірақ қайдан келіп, қайда кеткенін білмейсіз[286]. Бірақ біз Рух туралы біле алатын нәрселер бар және олар біздің Құдаймен қарым-қатынасымыз үшін маңызды.

> «Мен Киелі Рухқа, өмір беретін Иемізге, Әке мен Ұлынан келетін, Әкемен және Ұлымен бірге ғибадат етіліп, даңқталатын; пайғамбарлар арқылы сөйлейтінге сенемін»
>
> - Никей сенімі, 325 ж.

---

[285] *Үшбірлікке сену керек пе?* Нью-Йорк: Сторожевая башня., 1989.
[286] Жохан, 3:8.

Елшілердің істерінде біз Киелі Рух пен қауымның өзара әрекеттесуінің көптеген сипаттамаларын көреміз. Онда біз қауымның ең басында Киелі Рухқа деген көзқарасының қандай болғанын көреміз.

1. Олар Киелі Рухтың құдайлығын құрметтеді[287].
2. Олар Киелі Рухтың болуы, жетелеуі және әрекеті туралы білді[288].
3. Олар өздерінің Киелі Рухқа тәуелділігін және Онымен өзара әрекеттесу жауапкершілігін түсінді[289].

«Біз заң арқылы сөйлейтін, пайғамбарлар үйрететін, Иорданға түскен, елшілер арқылы сөйлеген, киелі жерде өмір сүретін Киелі Рухқа сенеміз; біз: Ол – Киелі Рух, Құдай Рухы, кемелді Рух, жаратылмаған, Әкеден келетін, біз сенетін Ұлы қабылдаған Рух екеніне сенеміз»

- Эпифандық сенім, б.з. 374 ж.

Киелі Рухпен осындай қарым-қатынаста болу үшін, біз Оның – Тұлға және Құдай екенін түсінуіміз керек. Содан кейін біз Онымен қарым-қатынасымызды бағыттайтын қағидаларға сүйене аламыз.

Киелі Рух – Тұлға

Киелі Рухтың Иса сияқты денесі жоқ, бірақ Ол – Тұлға. Ақыл-ой, ерік және эмоцияны қоса алғанда, тиісті қасиеттері бар – нақты Тұлға. Киелі Рухтың еркі бар ма? Ол мәсіхшілерге «қалауынша» рухани дарындар береді[290]. Киелі Рухтың ақыл-ойы бар ма? «Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар»[291] және оларды біледі. Киелі Рухтың эмоциясы бар ма? Бізге «Киелі Рухты ренжітуден аулақ болыңдар!» делінген[292]. Егер Киелі Рухтың ренжуі мүмкін болса, онда Оның эмоциясы бар. Киелі Рухтың ерік-жігері, ақыл-ойы мен эмоциясы бар болғандықтан, біз Оның – Тұлға екенін білеміз.

► Неліктен Киелі Рухтың – Тұлға екенін білу маңызды?

Егер біз Киелі Рухты жай күш деп санасақ, онда біз Онымен қарым-қатынас жасай алмас едік. Кейбіреулер Киелі Рухты олардың эмоцияларын жандандыратын нәрсе немесе олар қолданатын күш деп санайды.

Тұлғаның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті болады. Філіпіл. хат, 2:1 және Қорынтт. 2-хат, 13:14-ке сәйкес, Киелі Рух бізбен қатынаста бола алады. Киелі Рухтың қарым-қатынас жасап, қатынаста болу қабілеті, Оның – Тұлға екенін көрсетеді.

---

[287] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 5:3-4.
[288] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 15:28.
[289] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 4:24, 31.
[290] Қорынтт. 1-хат, 12:11.
[291] Қорынтт. 1-хат, 2:10.
[292] Ефест. хат, 4:30.

Киелі Рухтың – Тұлға екенін одан әрі Киелі кітап тұрғысынан дәлелдеу үшін, осы сабақтың соңында «Киелі Рухтың – Тұлға екенінін Киелі кітаптық дәлелі» атты тарауды қараңыз.

Киелі Рух – Құдай

Киелі Рух Бәрін білетін, Бәрін көретін және Барлық жерде бар – Құдай. Анани мен Зәпираның оқиғасы есіңізде ме? Анани жерге құлап, жан тапсырмастан бұрын, Петір оған: «Неліктен жүрегіңде осылай істеуге шешім қабылдадың? Сен тек адамды емес, Құдайды да алдамақ болдың»[293] – деді. Бұл оқиға Киелі Рухқа өтірік айту – Құдайға өтірік айтумен бірдей екенін көрсетеді. Сондықтан Киелі Рух – Құдай.

Киелі Рух бәрін біледі. Қорынтт. 1-хат, 2:10-11-де біз Оның Құдайдың ой-мақсаттарының бәрін де білетінін көреміз. Бұл үшін шексіз ақыл-ой қажет. Ол пайғамбарлық сөздерді қоса, Көне Келісімді жазуда Құдайға бағышталған адамдарды жетеледі. Бұл үшін бәрін білу қажет[294]. Киелі жазбалардың барлығы Құдай Рухының жетелеуімен жазылған[295] деп айтылады, бұл Киелі Рухтың Құдай екенін көрсетеді.

Киелі Рух – Барлық жерде бар. Забур жырлары, 138:7-де адамның Құдай Рухынан қашып кететін жері жоқ екені айтылады. Ол әр сенушінің бойында бар, өйткені Киелі кітапта егер адамда Мәсіхтің Рухы болмаса, ол Мәсіхтің адамы емес екендігі айтылады. Контекст Мәсіхтің Рухы деген – Киелі Рух екенін көрсетеді.

Лұқа, 12:10-де бізге Киелі Рухты қорлау мүмкін екендігі айтылады. Тек Құдайды ғана қорлау мүмкін.

Киелі Рух – мәңгілік[296].

Біздің денеміз Құдайдың киелі үйі деп аталған, өйткені онда Киелі Рух тұрады[297].

Киелі Рухтың Өзіндік күші бар. Ол тек Құдай жасай алатын нәрсені жасайды. Ол осы дүниенің күнәсі, Құдайдың әділдігі мен соты қандай екендігіне адамдардың көздерін жеткізеді[298]. Ол ақыл-ойды белгілі бір шындыққа сендіру үшін әр адамның ар-ұжданына кіре алуы керек. Ол сондай-ақ, сенушіге ішкі күш бере алады[299]. Әсіресе әр адам әртүрлі болатынын ескере отырып, бұл үшін қаншалықты күш пен даналық қажет екенін елестету қиын. Рухтың жемісі – сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық[300].

---

[293] Елшіл. істері, 5:3-4.
[294] **Оқыңыздар.** Петірдің 2-хаты, 1:21.
[295] Тімотеге 2-хат, 3:16.
[296] Еврейл. хат, 9:14.
[297] Қорынт. 1-хат, 3:16.
[298] Жохан, 16:8.
[299] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 3:16.
[300] **Оқыңыздар.** Ғалатт. хат, 5:22.

Адамның өмірінде, әсіресе бүкіл әлемдегі сенушілердің өмірінде мұндайды тек Құдайдың құдіреті іске асыра алады.

Киелі кітаптағы дәлелдерден, біз Киелі Рухтың Үшбірліктің Тұлғасы – Құдай екенін білеміз.

► Неліктен Киелі Рухтың – Құдай екеніне сену маңызды?

Киелі Рухтың – Құдай екеніне сену, Оны лайықты түрде қастерлеп, құрметтеу үшін маңызды. Киелі Рухтың Құдай екенін мойындамағандықтан, Оған ғибадат етпеу үлкен қателік болар еді. Сонымен қатар, оны құтқаруға тырысатын Біреудің – Құдай екендігіне сенбейтін адамның құтқарыла алатындығы күмән тудырады.

Киелі Рух – Әке мен Ұлынан ерекшеленеді

Киелі Рух Әке мен Ұлынан ерекшеленеді дегенде, біз Оларды әр түрлі адамдар сияқты, әр түрлі деп айтпаймыз. Үшбірліктің мүшелері Бір-Бірімен тығыз байланыста өмір сүреді және Бәрі Құдай, бірақ Бір-Бірімен сөйлесуге, Бір-Бірін жақсы көруге, Бір-Бірімен және бізбен шынайы жеке қарым-қатынаста болу үшін, Бір-Бірінен ерекшеленеді.

Жазбада Үшбірліктің Тұлғалары арасындағы айырмашылықтар көрсетілген. Мысалы, Жохан, 14-16 тарауларда Иса Әкесіне оралғанда жіберілетін Қамқоршы туралы айтады[301]. Бұл Қамқоршы шәкірттерді әшкерелеп, бағыттайды. Егер Иса мен Киелі Рух – бір Тұлға болса, Исаның *басқа* Қамқоршы туралы айтқан сөздерінің мағынасы болмас еді. Иса Одан ерекшеленетін, *басқа* Қамқоршы туралы айтты.

Иса тіпті Жохан 16:13-15-те Киелі Рухтың Өзінен шыққан сөзді емес, бірақ Мәсіхтің Әкесінен естігендерінің бәрін айтатынын айтты. Егер Иса мен Әке, сондай-ақ, Киелі Рух барлығы – бір Тұлға болса, бұл мәлімдеменің мағынасы болмас еді.

Иса шомылдыру рәсімінен өткенде не болғанына назар аударыңызшы[302]. Ұлы шомылдыру рәсімінен өткен кезде көктен: «Сен Менің сүйікті рухани Ұлымсың» деген дауыс шықты және Киелі Рух көгершін сияқты Исаға қонды. Мұнда Үшбірліктің барлық үш мүшесі бір уақытта көрінді. Бірақ Олардың Бір-Бірінен ерекшеленетіндері де анық көрсетіледі.

Жеке Тұлға ретінде Киелі Рух Әкемен және Ұлымен мәңгілік қарым-қатынаста өмір сүреді. Құдай бізді осы қарым-қатынаста болуымыз үшін жаратқан. Үшбірліктің әр Тұлғасы уақыт басталғанға дейін Бір-Бірімен қарым-қатынастан ләззат алғандай[303], Құдай біздің Онымен қатынасымыздан ләззаттанғанымызды қалайды[304].

---

[301] **Оқыңыздар.** Жохан, 14:16-17, 26, 15:26, 16:7, 13-15.
[302] Марқа, 1:10-11.
[303] **Оқыңыздар.** Жохан, 17:22-23.
[304] Жоханның 1-хаты, 1:4

Киелі Рухтың әрекеттері

Жаратылыстың басталуынан бастап Киелі Рух әлемде әрекет етті. Ол сонда болып, жерді жаратуға қатысты[305]. Ол белгілі бір қызметке таңдалған адамдарға ерекше қабілеттер берді[306]. Ол адамдарды Құдаймен қарым-қатынаста ұстауға тырысқан пайғамбарларға хабар берді[307]. Ол Жазбаны жазуға қозғау салып отырды[308]. Көне Келісім кезінде Ол адамдардың жүрегінде жұмыс істеп, оларды Құдайға бұруға тырысты[309]. Ол Құдайды шын жүректен сүюге мүмкіндік беретін рақым ұсынды[310].

Ол өмір Рухы деп аталады; Ол бізді жаратқан және бізге өмір берген Рух; егер Ол осы әлемнен кетсе, бүкіл өмір тоқтап, адам қайта топыраққа айналар еді[311].

Жаңа Келісім Киелі Рухтың жұмысының жаңа қырын көрсетті. Жақия пайғамбар Исаның адамдарды Киелі Рухпен шомылдыратынын айтты[312]. Иса шәкірттеріне: «Әкенің Өз уәдесін орындауын тосыңдар» деп айтты, бұл уәде – Елуінші күн мейрамында орындалған Киелі Рухтың шомылдыру рәсімі болды[313]. Сол күні орын алған көптеген ғажайыптарға қарамастан, Петір кейінірек ең басты нәрсе – жүректердің тазаруы болғанын айтты[314].

Иса шәкірттеріне Киелі Рухтың олармен бірге болатынына, Оның үйреткендерін еске салып, оларды шындыққа жетелейтініне уәде берді[315].

Иса Киелі Рухтың – *Қамқоршы*[316] болатынын айтты. Бұл сөз Оның бізбен бірге болып, жігерлендіріп, көмектесетінін білдіреді. Сондай-ақ, бұл сөз *Қорғаушы* дегенді білдіруі мүмкін. Киелі Рух – Исаның қорғаушысы және Оның сөздерін біздің есімізге салып отырады[317].

► Киелі Рух не істейді?

Киелі Рухтың жұмысын толық түсіндіру мүмкін емес, бірақ төменде Оның кейбір істерінің тізімі берілген.

---

[305] Жаратыл. баст., 1:3.
[306] Билер, 3:9-10; Билер, 15:14-15; Мысырдан шығу, 35:30-31.
[307] Ишая, 61:1.
[308] Петірдің 2-хаты, 1:21.
[309] Елшіл. істері, 7:51.
[310] **Оқыңыздар.** Заңды қайталау, 30:6.
[311] **Оқыңыздар.** Римд. хат, 8:2; Әйүп, 33:4; Әйүп, 34:14.
[312] Матай, 3:11.
[313] Елшіл. істері, 1:4-5, 8.
[314] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 15:8-9.
[315] Жохан, 14:26, 16:13.
[316] Жохан, 14:16, 26, 15:26, 16:7.
[317] Бұл сөз Жоханның 1-хаты, 2:1-де, Иса Өзің Әкенің өкілі екенін айтқанда қолданылды.

1. Ол күнәні әшкерелейді[318] (әйтпесе, адамның тәубеге келу қажеттілігін түсінуі және кешірім алуы мүмкін болмас еді).
2. Қайта туғызып, жаңартады, рухани өлілерге өмір береді[319].
3. Ол сенушілердің құтқарылғандықтарына сенімділік береді[320].
4. Ол әрбір сенушінің бойында өмір сүреді (әрбір құтқарылған адамның бойында Киелі Рух бар)[321].
5. Ол Құдайдың ақиқатын түсіндіріп, ашады[322].
6. Ол адамдарды қызметке шақырады және қызметтеріне бағыт береді[323].
7. Ол сенушілерді бағышталдырып, жүректерін тазартады[324].
8. Ол күнәні жеңіп өмір сүруге күш береді[325].
9. Ол сенушілердің өмірінде Рухтың жемісін береді[326].
10. Ол қызметке Рухтың дарындарын береді[327].
11. Ол қызметке ерекше күш береді[328].
12. Ол сенушінің Құдайдың еркіне сай дұға етуіне көмектеседі[329].
13. Ол қауымның бірлігі мен бауырластығын қалыптастырады[330].

---

[318] Жохан, 16:8; Қорынтт. 1-хат, 2:4; Салониқал. 1-хат, 1:5.
[319] Титке хат, 3:5; Ефест. хат, 2:1; Жохан, 7:38-39; Ғалатт. хат, 4:29; Жохан, 3:5.
[320] Римд. хат, 8:16.
[321] Елшіл. істері, 2:4; Қорынтт. 1-хат, 6:19; Римд. хат, 8:9.
[322] Қорынтт. 1-хат, 2:9-10, 13-14; Ефест. хат, 6:17; Қорынтт. 2-хат, 3:14-17.
[323] Елшіл. істері, 13:2-4, 15:28, 16:6-10.
[324] Петірдің 1-хаты, 1:2; Елшіл. істері, 15:8-9; Салониқал. 1-хат, 5:23.
[325] Римд. хат, 8:1, 5, 13; Ғалатт. хат, 5:16
[326] Ғалатт. хат, 5:22-23.
[327] Қорынтт. 1-хат, 12:4-10, 28-30; Римд. хат, 12:6-8.
[328] Елшіл. істері, 1:8, 13:9; Ғалатт. хат, 3:5; Петірдің 1-хаты, 2:12.
[329] Римд. хат, 8:26-27; Ефест. хат, 6:18.
[330] Ефест. хат, 2:2, 4:3; Қорынтт. 1-хат, 12:13.

Рухтың дарындары туралы кейбір қағидалар

Студенттер төменде берілген ақпараты түсіндіре алады.

1. Рух әртүрлі дарындар, қызметтер мен әрекеттер арқылы жұмыс істейді (Қорынтт. 1-хат, 12:4-6).
2. Рухани дарындар адамның руханилығына емес, Құдайдың еркіне сәйкес үлестіріледі (Қорынтт. 1-хат, 12:11, 4:7).
3. Әр адамның Рух сыйлайтын қабілеті болады (Қорынтт. 1-хат, 12:7).
4. Сенушіден белгілі бір дарын күтілмеуі керек (Қорынтт. 1-хат, 12:8-11, 14-30).
5. Дарындар әрқашан Құдайдың даңқы үшін, басқаларға қызмет ету үшін қолданылуы керек (Қорынтт. 1-хат, 12:21-22, 25; Петірдің 1-хаты, 4:10-11).

Киелі Рухтың сенушімен қарым-қатынасы

Егер сіз Құдаймен қарым-қатынаста болсаңыз, онда Сіз Киелі Рухпен қарым-қатынаста боласыз. Үшбірліктің бір тұлғасын біліп, басқаларын білмеу мүмкін емес[331].

Құтқарылуға дейін адамның Киелі Рух туралы ілімдерді түсінуінің қажеті жоқ. Шәкірттер Рух туралы көп нәрсені білмеді, бірақ Иса олардың Рухты білетіндерін және Оның олармен әлдеқашан бірге жүргенін айтты[332].

Киелі Рух туралы дұрыс ілімдерді білу бізге Онымен дұрыс қарым-қатынаста болуға көмектеседі және Оған біздің өмірімізде көбірек жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оның – Тұлға екенін білу, біздің Онымен қарым-қатынаста бола алатынымызды көрсетеді. Біз Онымен сөйлесе аламыз және Ол бізге сөйлей алады. Ол әдетте бізге естілетін дауыспен сөйлемейді, бірақ Оның бізге Құдайдың еркі мен сүйіспеншілігін білдіретін жолдары бар. Егер біз шын мәнінде, Құдайдың еркін орындағымыз келсе, біз сезбесек те, Ол бізді бағыттайтын болады.

Оның Тұлға екенін білгендіктен, біз Оны жай күш немесе сезім ретінде қабылдамаймыз. Біз Құдайға сиынған кезде мағынасыз сезімнен ләззат алуды емес, Оның кім және қандай екендігі туралы ойлаймыз. Біз дұға еткенде, өз ақыл-ойымызды қолдана отырып, Оның бізге көрсеткісі келетін нәрсені түсінуге тырысамыз. Басқа діндегі адамдар сияқты сиқырмен, адамға қатысы жоқ сөздерді қолданбаймыз.

Киелі Рухтың Құдай екенін білу – біздің қастерлі ғибадатқа деген көзқарасымызды оятуы керек. Біз дұға етіп, Оның жетелеуін сезінгенде, Оның бізді жақсы көретін, бізді

---

[331] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 2:18, Жохан, 6:44.
[332] **Оқыңыздар.** Жохан, 14:17.

толықтай жақсы білетін және болашағымызды білетін Құдай екенін ұмытпауымыз керек. Ол сондай-ақ, бәрі мойынсұнуы тиіс, абсолютті билік иесі.

Ол үнемі бізбен бірге. Жазбада біз Киелі Рухтың арқасында жаңа өмірге ие болғандықтан, Оның жетекшілігімен өмір сүруіміз керек екендігі айтылады[333]. Біз Онымен қауымға барғанда ғана емес, әрқашан тығыз байланыста екенімізді есте ұстауымыз керек. Ол бізбен тығыз байланыста ғана емес, Ол біздің денемізде мекендейді және бойымыздан орын алған. Сондықтан біз таза өмір сүруіміз керек[334].

Рухтың ең басты мақсаты – бізге күнәні жеңуге көмектесіп, біздің жүрегімізді тазарту екенін ұмытпауымыз керек[335]. Егер біз Оның ең басты мақсатын орындауға мүмкіндік бермесек, басқа нәрселер туралы дұға етпеуіміз керек. Оның сіздің жүрегіңізді тазартып, сізді толығымен киелі етуін сеніммен дұғада сұраңыз[336].

Өмірдің қиындықтарында Ол бізге күш-қуат береді[337]. Ол бізді түсінеді, біздің жағдайымызды түсінеді, бізге нақты қажет нәрсені бере алады.

Қызметте Оның бізді жетелейтініне, Өз Сөзіне күш беретініне және басқалардың жүрегінде рухани нәтиже беретініне сенім артуымыз керек.

Біз әлдеқашан Рухка кенелген болсақ та, Онымен қарым-қатынаста болуымыз керек екенін ұмытпауымыз қажет. Рухқа кенелу туралы бұйрық грек етістігінде тұрақты әрекетті білдіреді[338]. Біз үнемі Рухқа кенелуіміз керек және бұл біздің Онымен қарым-қатынасымыз арқылы болады.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Киелі Рух – Үшбірліктің үшінші Тұлғасы, Ұлы мен Әке сияқты толықтай – Құдай. Ол күнәні әшкерелейді, қайта туғызады, әр сенушіде өмір сүреді, күнәні жеңуге көмектеседі және жүректі тазартады. Ол қауымның бірлігін нығайтады, оны Рухтың жемістері мен қызмет ету үшін рухани дарындар беріп баталайды.

---

[333] Ғалатт. хат, 5:25.
[334] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 6:19.
[335] Римд. хат, 8:13; Ғалатт. хат, 5:16; Елшіл. істері, 15:8-9.
[336] **Оқыңыздар.** Салониқал. 1-хат, 5:23.
[337] Ефест. хат, 3:16.
[338] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 5:18.

10-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Елшіл. істері, 1:4-8;
- Қорынтт. 1-хат, 2:9-16;
- Римд. хат, 8:1-14;
- Қорынтт. 1-хат, 12:1-13;
- Ғалатт. хат5:22-26.

(2) Тест: Келесі сабақты 10-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

Киелі Рухтың – Тұлға екенінін Киелі кітаптық дәлелдері

Төменде берілген ақпарат міндетті емес, егер сіздер осы тақырып бойынша тағы да Киелі кітаптық дәлелдерді көргілеріңіз келсе, оны өте аласыздар.

- Матай, 28:19-да Иса Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізуімізді бұйырады. Бұл үшеуінің де беделі бар дегенді білдіреді.

- Қорынтт. 2-хат, 13:13-те Рухпен саналы қарым-қатынасты білдіретін қарым-қатынас туралы айтылады.

- Марқа, 13:11-де сенушілерге құдалау кезінде, Киелі Рухтың олар арқылы сөйлейтіні уәде етілген.

- Жохан, 14:17, 26-да Киелі Рух – үйретіп, еске салатын, шындықты білдіруші Рух деп аталған.

- Жохан, 16:7-11-де Иса Киелі Рухтың дүниенің күнәсін, Исаның әділдігі мен Құдайдың сотының қандай екендігіне адамдардың көздерін жеткізетінін уәде етті. Бұл саналы қарым-қатынасты білдіреді.

- Жохан, 16:13-15-те Киелі Рухтың Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкеден естігенін айтатыны айтылады.

- Қорынтт. 1-хат, 12:11-ге сәйкес, Киелі Рух рухани дарындарды қалай үлестіретінін Өзі шешеді.
- Ол біздің рухымызға Құдайдың баласы екенімізді растайды. (Римд. хат, 8:16).
- Ол біз үшін Әкенің алдында өтініш жасайды және Оның Құдайдың еркін түсінетін ақыл-ойы бар (Римд. хат, 8:26-27).
- Ефест. хат, 4:30-ға сәйкес, Оны ренжітуіміз мүмкін, бұл Оның біздің реакцияларымызды түсінетінін және эмоциялары бар екенін білдіреді.
- Ол алдануы мүмкін, яғни Ол біздің айтқанымызды түсінеді (Елшіл. істері, 5:3).
- Ол сөйлейді, бұйрық береді және адамдар орындауы тиіс ерікке ие (Елшіл. істері, 13:2-4).
- Ол елшілерді қызметтік сапарларында бағыттады және олардың кейбір жерлерге баруларына тыйым салды (Елшіл. істері, 16:6).

Кейбір адамдар Рухтың Тұлға екенін қабылдамайды және Оны электр немесе ауырлық күші сияқты жай ғана күш дейді. Алайда, жай ғана күшті Киелі кітапта Киелі Рух сипатталғандай, сипаттау мүмкін емес. Электр энергиясы ойламайды және сөйлемейді; гравитацияны алдау мүмкін емес. Ақылсыз күш Құдайдың еркін түсіне алмайды.

Кейбіреулер Жазбадағы бұл үзінділер жай метафоралар, тура мағынада айтылмаған деп айтады. Алайда, Жазба, әдетте, Рух туралы тұлғалық терминдерді қолдана отырып айтады және адамдар Оған Тұлғаға қарағандай жауап берген. Бірнеше жерде Рух зат ретінде бейнелі түрде, мысалы, Киелі кітапта Рух «құйылады» деп айтылған кезде айтылады, (Елшіл. істері, 2:17). Мұндай жерлерді бейнелі түрде қарастыру керек, өйткені әдетте Киелі кітапта Рух туралы Тұлға ретінде айтылады.

10-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Ертедегі қауымның Киелі Рухқа қатынасының үш сипаттамасын атап шығыңыз.

(2) Киелі Рухтың – Тұлға екенін қандай тұлғалық сипаттамалар көрсетеді?

(3) *Қамқоршы* деген сөз нені білдіреді?

(4) Рух қандай әрекеттер жасайды? 13-тен 9-ын атап шығыңыз.

(5) Киелі Рухтың біздің өмірімізде жұмыс істеуінін ең басты мақсаты қандай?

11-сабақ
Мәсіхшілілік киелілік

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Құдайдың киелілігі – мәсіхшінің киелілігінің негізі ретінде.
- Киеліліктің ғибадат пен Құдаймен қарым-қатынас үшін маңызы.
- Мұра еткен бүлінгендіктің сенушінің өміріне әсері.
- Сенушіні бағышталуға әкелетін үдеріс.
- Киелі кітаптағы бағышталуға мысалдар.
- Толық бағышталудың анықтамасы.
- Киелі Рухпен щомылдырудың Киелі кітаптық түсінігі.
- Мәсіхшінің киелілігі туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттердің осы әлемде киелі ете алатын, Құдайдың рақымына деген сенімін нығайту.

Кіріспе

► Забур жырлары, 118:33-40 бірге оқыңыздар. Бұл үзінді Құдайдың сенушіні қалай өзгертетіні туралы не айтады?

Құдайдың алғашқы мақсаты – Өзінің қандай Құдай екенін көрсету болды. Негізінен, Құдай Өзін Киелі деп сипаттады. Киелілікке арналған еврей сөзі (*kadosh*) Киелі кітапта, Көне Өсиетте 600-ден астам рет жазылған. Мысалы, Ишая Құдай туралы «Исраилдің Киелі Құдайы» деп жиі айтатын.

Құдайдың киелілігі – ғибадат тақырыбы болды:

> «Уа, Ием, ұлы да айбарлы есіміңді халықтар мадақтасын: ол киелі!». «Мақтау айтыңдар Иеміз – Құдайға: Ол киелі! «Табан тіренішінің» алдында бас иіп ғибадат етіңдер Құдайға!»[339].

Құдайдың киелілігі – Оның адамға деген талаптарының негізі болып табылады. Ол киелі, сондықтан Оған табынушылар киелі болулары керек. Ол: «Мен киелімін, сондықтан сендер де киелі болыңдар!»[340] – деді.

---

[339] Забур жырлары, 98:3, 5.
[340] Леуіліктер, 11:44-45, 19:2, 20:26, 21:8.

Исраилдің Құдайы жалған басқа ұлттық құдайлардан ерекшеленді және өзгеше ғибадатты талап етті.

> «Жаратқанның тауына кімнің шығуына болады, Оның киелі орнында кімнің тұруына болады? Бұл тек қолы мен жүрегі таза жанға болады, жат тәңірге табынбай, жалған айтпайтынға болады»[341].

Сұрақ мынада: «Құдай кімнің ғибадатын қабылдайды?» Құдайдың әрбір табынушыны қабылдай бермейтіні анық.

Ол күтетін киелілік – тек салтанатты немесе өтірік киелілік емес, нағыз шын киелілік. Құдайға сиынушылар үшін киелілік стандарты Жаңа Келісімде үнемі қайталанады: «Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!»»[342]. «Іс-әрекет» сөзі мінез-құлыққа, жүріс-тұрысқа және өмір салтына қатысты. Құдай Өзіне табынушылардың тек салтанатты түрде киелі болуларын немесе олар шынында киелі болмаса, жай киелі деп аталуларын сұрамайды. Ол Өзіне табынушылардың киелі өмір сүрулерін күтеді.

Біз рақым арқылы құтқарылдық. Мәсіхтің құрбандығының арқасында Құдай бізді күнәһар кезімізде қабылдайды. Ол бізді күнәһарлар ретінде қабылдайды, бірақ біз күнәһарлар болып қала бермейміз. Күнә Құдайды қорлайды, ал біз Оған ұнамды өмір сүргіміз келеді.

► Киелілік ғибадатпен қалай байланысты?

Киелілік ғибадатпен байланысты, өйткені **біз Құдайды жақсы көреміз және Оған ұнамды өмір сүргіміз келеді.**

Егер біз ғибадаттың не екенін білсек, Құдайдың талабы бізді таңғалдырмайды. Біз Одан қорыққандығымыздан ғибадат етпейміз. Ол бізге батасын беретіндіктен, Оған ғибадат етпейміз.

Құдайға сиыну дегеніміз – Оның әдемі екенін, бәрінен ұлы екенін жариялау. Оған ғибадат ету дегеніміз – Ол қандай боса, Оны солай қабылдап, Оған тамсану. Ғибадат ету дегеніміз – Оның болмысының сипаттамаларын бағалау.

Құдайдың болмысы өте киелі, сондықтан егер біз Құдайдың болмысына шынымен таңданатын болсақ, онда біз күнә мен арамдықты, тіпті оны өзімізде көрсек те, жек көретін боламыз. Киелілік ғибадатпен байланысты, өйткені **біз Құдайды жақсы көреміз және Сол сияқты болғымыз келеді.**

---

[341] Забур жырлары, 23:3-4.
[342] Петірдің 1-хаты, 1:15-16.

Біз Құдаймен алғаш кездескенде, күнә Онымен қарым-қатынас жасауға кедергі болады. Сондықтан Әкемен қарым-қатынасымыз тәубеге келмей, кешірілмегенімізше басталуы мүмкін емес.

Құдаймен татуласқанда, біз өзгеріп, рухани жаңа жаратылысқа айналамыз. Біз күнәнің құлдығынан арыламыз және Құдайға ұнамды болғымыз келеді. Мәсіхшілік киелілік құтқарылған сәттен басталады.

Киелі кітап құтқарылу – бірден киелі өмірге әкеледі деп үйретеді. «Бізге құтқарылуды ұсынатын Құдайдың рақымы» бізді «қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге бағыттайды»[343]. Құтқарудың мақсаты – бізді күнәдан босатып, Құдаймен қарым-қатынаста өмір сүру үшін қасиетті ету[344].

Біз Құдаймен қарым-қатынаста өмір сүріп, Оның ақиқатын тереңірек біліп, киелілікте өсуді жалғастырамыз. «Нұрда» тұру» дегеніміз – Құдайдың ақиқаты туралы көбірек білгендіктен, біздің Оған мойынсұнуымызды әрі қарай жалғастыруды білдіреді[345]. Біз Оған ненің ұнайтынын, ненің ұнамайтынын көбірек түсінген кезде, Оның ақиқаты мен Киелі Рухтың күші бізді іштей өзгертеді. Бұл рухани өсудің көрінісі.

Құдайды жақсы көретін адам толығымен киелі болғысы келеді. Ол өзінің іс-әрекеттерін өзгерткісі келеді. Ол өзінің мотивтерін толықтай таза еткісі келеді. Дәуіт күнәні толық жеңіп өмір сүруі үшін дұға етті, содан кейін оның сөздері мен тіпті жүрегіндегі ой-ниеттері Құдайға ұнамды болуы үшін дұға етті[346].

Бірақ сенімге келгеннен кейін сенушіге киелілікте өсу үдерісінен басқа тағы бір нәрсе қажет. Сенушілер жүректерінде арамдық қалғанын түсінеді. Және бұл біртіндеп өсу арқылы алынатын нәрсе емес. Олар құтқарылып, Құдайға мойынсұнып өмір сүрсе де, кейде күнәға қайта оралып келе жатқандарын сезінеді.

Мұра еткен бүлінгендік – бұл адамды туғаннан бастап күнәға итермелейтін моральдық болмысының бұзылуы. Дін мамандары кейде оны «алғашқы күнә» деп атайды, өйткені бұл Адам атаның күнәсінің салдарынан біздің туылғаннан болмысымыздың күнәлі болуы.

Әрбір адам күнәға итермелейтін, өзімшіл ерікпен дүниеге келеді[347]. Құдай бізге тілек пен күш бергенге дейін біздің ерік-жігеріміз дұрыс әрекеттерді таңдай алмайды[348]. Мұра еткен бүлінгендік бізді күнәға итермелейтін мақтаныш, қызғаныш, жеккөрушілік және кешірімсіздік сияқты ішкі күнәларды ынталандырады.

---

[343] Титке хат, 2:11-12.
[344] Құтқарудың мақсаты – Құдайға киелілікте күн сайын қызмет ету қабілетінің болуы (Лұқа, 1:74-75). Сенушілер ретінде біз күнәға өліміз және күнәлі өмірде сүруді жалғастыра алмаймыз (Римд. хат, 6:2, 11-16).
[345] Жоханның 1-хаты, 1:7.
[346] Забур жырлары, 18:12-14. Сондай-ақ, Забур жырлары, 118:7, 34, 36, 69, 80 және 112 оқыңыздар.
[347] Філіпіл. хат, 3:19.
[348] Римд. хат, 6:16-17.

► Құтқарылғаннан кейін адамның мұра еткен бүлінгендігі сақталады ма?

Құтқарылған адам енді мұра еткен бүлінгендіктің бақылауында болмайды. Егер біз әлі де оның бақылауында болсақ, онда біз күнәда өмір сүріп, құтқарылмас едік. Киелі кітапта «күнәһар болмыстың ой-ниетімен» басқарылатын адамның үкімделгенін айтады[349]. Құтқарылған адам мұра еткен бүлінгендіктің бақылауында болмайды және Киелі Рухтың күшімен күнәні жеңіп өмір сүре алады[350].

Бірақ мұра еткен бүлінгендік құтқарылған адамға одан тазармағанша әсер етеді. Пауыл Қорынттықтағы сенушілерге құтқарылғандықтарына қарамастан, олардың әлі де «ескі күнәһар» болмыстарына сүйенетіндіктерінен, олардың көзқарасы мен жүріс-тұрыстарының әлемдегі адамдар сияқты екенін айтты[351]. Ол тіпті жаңадан сенімге келген мәсіхші үшін бұл күйде болу қалыпты жағдай екенін, «күнәһар болмысқа сүйену» Мәсіхтің сеніміндегі «сәби» болу дегенді білдіретінін айтты.

Бұл жағдайда сенуші Құдайды жақсы көреді, бірақ оны шын жүректен, бүкіл жан дүниесімен, барлық ақыл-ойымен сүйе алмайды. Ол Пауыл сияқты, оның бір ғана тілегі – Құдайдың шақырауын орындау деп айта алмайды[352]. Ол жүрегіндегі кейбір ой-ниеттерінің Құдайға ұнамайтынын біледі.

Құдай бізді бұл күйде қалдырмайды. Ежелгі уақытта Ол Исраил халқына рақымын түсіріп, Оны шын жүректен сүйе алатындай ететінін айтып, уәде берді[353].

Дәуіт кешірімнен басқа, рақымның ерекше әрекеті үшін дұға етті. Ол күнә жасады және бұл оның жүрегіндегі мәселеге байланысты болғанын түсінді. Ол Құдайға «Құрсақта жатқанда-ақ күнәһар едім. Сен жүректің таза болуын қалайсың» деп дұға етті. Ол бойында күнәнің бар екенін білді, бірақ Құдай одан толық киелілік күтеді деп сенді. Содан кейін ол толық тазару үшін дұға етеді[354].

Жаңа Келісімдегі сенімге келген сенушілер кейін тағы бір ерекше оқиғаға шақырылды. Салониқалық сенушілер – сенушілердің керемет үлгісі болды. Олар Ізгі хабарды қабылдады, жалған тәңірлерден бас тартты, құдалауға ұшырады, Киелі Рухта қуанышқа

> «Ізгі хабар кезінде ережелер сияқты шексіз уәделерді: «Мен өз тәлімімді олардың ақыл-саналарына дарытамын, әрі жүректеріне жазып та қоямын» және келесіні қосқанда: «ал бізде Мәсіхтің ой-ниеті бар» – барлық бұйрықтарды уәдеге аналдырады; Бұл бұйрық уәдеге тең, және Ол бізде Өз жұмысын, Оның бізден талап ететін нәрсені жасайтынын күтуге негіз береді»
>
> - Джон Уэсли,
> «Мәсіхшілік кемелділік туралы» уағыз

---

[349] Римд. хат, 8:6-8, 13.
[350] Римд. хат, 8:1, 9, 13.
[351] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 3:1-3.
[352] Філіпіл. хат, 3:13-15.
[353] **Оқыңыздар.** Заңды қайталау, 30:6.
[354] **Оқыңыздар.** Забур жырлары, 50:5-10.

бөленді және Мәсіхтің келуін күтті[355]. Бірақ олардың сенімінде әлі де бір нәрсе жетіспеді. Бұл ұзақ үдерістен кейін немесе өлгеннен кейін берілетін нәрсе емес еді, өйткені Пауыл оны оларға барған кезде ала алатындықтарын айтты[356]. Ол олардың толығымен (рух пен жан-тәндері) киелі болулары үшін және Мәсіх қайтып келгенде мінсіз болулары үшін дұға етті[357].

Исаның шәкірттері Елуінші күн мейрамында ерекше рақымға бөленді. Біз олардың бұған дейін құтқарылғандықтарын білеміз, өйткені Иса олардың осы дүниелік емес екенін, олардың Онікі және Әкенікі екенін және олардың есімдері көктегі кітапқа жазылғанын айтты[358]. Олардың бойында Киелі Рух әлдеқашан болды[359], бірақ Елуінші күн мейрамында Киелі Рух олардың бойына толықтай кенеліп, оларға ерекше бір нәрсе жасады. Кейінірек Петір ең басты жасалған нәрсе, олардың жүректерінің тазаруы болғанын айтты[360]. Құтқарылғандықтарына қарамастан, оларға жүректерін тазарту өте қажет болды[361].

Құтқарылған адаммен болатын бұл ерекше оқиғаны «толық бағышталу» деп атауға болады. Толық бағышталу дегенімімз – мұра еткен бүлінгендіктен тазару. Бұл сенімге келгеннен кейін сенушінің өмірінде, белгілі бір уақытта Киелі Рухтың көмегімен қол жеткізіледі.

Сенуші Құдайдың рақымының бұл күшін сенім арқылы алады. Петір олардың жүректері «сенім арқылы тазартылғанын» айтты. Елші Пауыл салониқалық сенушілердің толық бағышталуы үшін дұға еткеннен кейін: «Сендерді шақырған Құдай сенімді, Ол бұларды жүзеге асырады да»[362] – деді.

Қорытындылай келе, біз:

1. мұра еткен бүлінгендік сенушіде сенімге келгеннен кейін де қалады;
2. Құдай бізді толықтай киелі болуға шақырады;
3. Құдай бізге мұра еткен бүлінгендіктен толық тазаруды қамтамасыз етеді;
4. сенушілер сенім арқылы толық бағыштала алады деп айта аламыз.

Әрбір сенуші Құдайға жүрегін тазарту қажеттілігін көрсету үшін мүмкіндік беру керек, және Құдай оны толықтай киелі етуі үшін сеніммен дұға ету керек.

---

[355] Салониқал. 1-хат, 1:6-10.
[356] **Оқыңыздар.** Салониқал. 1-хат, 3:10.
[357] **Оқыңыздар.** Салониқал. 1-хат, 5:23.
[358] Жохан, 17:14; Жохан, 17:9-10; Лұқа, 10:20.
[359] **Оқыңыздар.** Жохан, 14:17.
[360] Елшіл. істері, 15:8-9.
[361] **Оқыңыздар.** Марқа, 9:33-34; Марқа, 10:35-41; Лұқа, 9:54-55.
[362] Салониқал. хат, 5:24.

Рухпен шомылдыру

Студент келесі ақпаратты түсіндіре алады.

Жақия пайғамбар Исаның Киелі Рухпен шомылдыратынын алдын ала айтты (Матай, 3:11, Марқа, 1:8, Лұқа, 3:16, Жохан, 1:33). Иса осы айтылғанды орындап, оны Елуінші күн мейрамымен байланыстырды (Елшіл. істері, 1:5), дегенмен Елшіл. істері 2-тарауда «Киелі Рухқа кенелді» деген сөз қолданылады.

Киелі Рух кейде «құйылатын» (Ишая, 32:15; Жоел, 2:28-29), «құйылған күш» (Елшіл. істері, 2:33) және «үстіне қонатын» (Елшіл. істері, 11:15) деп сипатталады. Бұл терминдер Елуінші күн мейрамын сипаттайды, бірақ олар әрдайым толық бағышталу дегенді білдірмейді; олар қауымның өмірі мен қызметіндегі Киелі Рухтың басқа әрекеттерін сипаттауы мүмкін[363]. Алайда, Киелі Рухпен шомылдыру термині толық бағышталуды сезінудің ерекше аспектісін білдіреді.

Шомылдыру рәсімі – рухани өмірдің жаңа түріне енудің белгісі. Прозелиттер иудаизмге сенгенде шомылдыру рәсімінен өткен. Мәсіхшілер жаңадан сенімге келгендерді шомылдыру рәсімінен өткізеді, ал олар өз кезегінде қауымның мүшесі болады.

Кейбір адамдар «шомылдыру» деп аталатын кез-келген оқиға, басталудың белгісі болғандықтан, жаңадан сенімге келу кезінде болу керек деп санайды. Сенімге келу кезінде «шомылдыру» деп те атауға болатын нәрсе болады (Қорынтт. 1-хат, 12:13). Бірақ, Иса шәкірттеріне олар сенуші болса да, Рухпен шомылдыруды күтуді бұйырды.

Шомылдырудың бірнеше түрлері болуы мүмкін бе? Ефест. хат, 4:5-те шомылдыру рәсімі бірдей дейді және контекстен біз бір ғана қауым бар екенін көреміз. Әрбір шынайы сенуші шомылдыру рәсімінен өтіп, бір қауымның құрамына кіреді, ол барлық басқа сенушілермен рухани бірлікте байланысты болады. Сондықтан Ефест. хат, 4:5-те бір Мәсіхшілік бар екені айтылады, бірақ шомылдырудың басқа түрлері болуы мүмкін емес деп айтылмайды.

Жақия пайғамбар шомылдырудың екі түрі туралы айтады (Матай, 3:11). Біріншісі екіншісінің белгісі ретінде ғана болды деп айта алмаймыз, өйткені адамдар біріншісіне дейін тәубеге келулері керек еді. Шынайы сенімге келіп, шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін, Киелі Рухтың тағы бір ерекше әрекетінің бар екені анық.

Рухпен шомылдырылу – бұл толықтай бағышталып, мұра етілген бүлінгендіктен тазарған кезде, сенушінің өміріндегі екінші әрекеттің шарықтау шегі. Бұл сенушінің өміріндегі Киелі Рухтың жұмысының бастамасы емес, толыққанды өмірдің бастауы.

---

[363] Мысалы, Елшілердің істері, 4:31-де оған дәл сол адамдар қатысқанымен, Рухқа кенелудің тағы бір мысалы болды. 4:8 және 13:9-да Рухқа кенелу, мүмкін, сол жағдайды шешу үшін берілген жедел көмек ретінде болды. Сондай-ақ, Киелі Рухқа кенелудің жалғасып, рухани өмірді толтыратын түрі бар. Ефест. хат, 5:18-де «кенелу» деген сөз – грек тілінде жалғасатын әрекетті білдіретін уақытта қолданылады.

Содан кейін қызметке күшпен майлану болады, бірақ рухани дарындардың болуы Рухпен шомылудың қажетті дәлелі емес.

Бөтен тілдерде сөйлеу дарыны

Бөтен тілдерде сөйлеу дарыны Киелі Рухпен шомылдырылғандықтың дәлелі емес.

1. Киелі кітапта бөтен тілдерде сөйлеу дарыны бір нәрсенің дәлелі екендігі туралы ештеңе айтылмаған. Бөтен тілдерде сөйлеу адамдар Рухқа кенелген кезде бірнеше рет болған. Бірақ бұл тұрақты түрде оның болуы керек екенін дәлелдеу үшін жеткіліксіз.

2. Жазбаға сәйкес, бұл әр сенушіге қажетті дарын емес, бірақ әрбір сенуші Киелі Рухқа кенелуі керек. Құдай дарындарды қалай үлестіретінін Өзі шешеді және әртүрлі адамдарға әртүрлі дарындар береді (Қорынтт. 1-хат, 12:4-11). «Жоқ» деп жауап беру керек риторикалық сұрақтар сериясы әр сенушіден белгілі бір рухани дарынды күтуге болмайтынын көрсетеді (Қорынт. 1-хат, 12:29-30).

3. Жазбаға сәйкес, адамның Киелі Рухпен шомылдырылуына дейін рухани дарындары болады. Әрбір сенушінің бойында Киелі Рух бар (Римд. хат, 8:9), сондықтан рухани дарындары да бар. Қорынттықтарға әлі де жүректерін тазарту қажет болды, бірақ олар рухани дарындарға ие болды (Қорынтт. 1-хат, 1:7, 3:3).

4. Жазбаға сәйкес, бөтен тілдерде сөйлеу дарыны сенушілер үшін рухани жетістіктердің белгісі емес, бірақ Ізгі хабарды таратуға көмек ретінде беріледі (Қорынтт. 1-хат, 14:22). Бір нәрсені дәлелдеу үшін дарындардың болуын пайдалану шатасуға әкеледі.

5. Бөтен тілдерде сөйлеу дарыны Рухпен кенелуден қанағаттандырылатын қажеттілікпен байланысты емес. Киелі Рухпен шомылдырылудың мақсаты – жүректі ішкі күнәдан тазарту және қызмет етуге күш беру. Бөтен тілдерде сөйлеу дарынын қажет етпейтін мұндай мақсат, бұл дарынмен қандай байланыста болуы мүмкін? Мұның дәлелі мысалы, электр қуаты қосылған кезде шамның жанатынындай, табиғи нәтиже болуы керек.

Біз оны адам сенімге келгенде болатын рухани тәжірибелермен салыстыра аламыз. Бізге бөтен тілдерде сөйлеу сияқты табиғаттан тыс нәрсені күтудің қажеті жоқ. Өйткені, адам Жазбада уәде етілгендіктен, сенімі арқылы құтқарылады, Киелі Рух мұны растайды, және сенуші өзінің қажеттілігі қанағаттандырылғандығын біледі. Киелі Рухпен шомылдырылуда да дәл осылай болады.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Мәсіхшілік киелілік – күнәһар тәубеге келіп, Құдайдың рақымымен өзгерген кезде басталады. Құдайдың еркін танып-білуде өсіп, мойынсұнуды жалғастыра отырып, сенуші рухани өседі. Толық бағышталу – бұл Құдайдың сенімге келгеннен кейін, қандай да бір сәтте мұра еткен бүлінгендіктен тазартатын әрекеті.

11-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу тапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Елшіл. істері, 2:1-18;
- Салониқал. 1-хат, 5:14-24;
- Ишая, 6:1-8;
- Титке хат, 2:11-14;
- Қорынтт. 1-хат, 10:1-13.

(2) Тест: Келесі сабақты 11-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

11-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Ғибадаттың негізгі тақырыбы қандай?

(2) Неліктен киелілік ғибадатпен байланысты?

(3) Мәсіхшілік киелілік қашан басталады?

(4) Нұрда тұру деген нені білдіреді?

(5) Салониқалық сенушілерге Пауыл не үшін дұға етті?

(6) Елуінші күн мейрамында ең басты нәрсе не болды?

(7) Мұра еткен бүлінгендік деген не?

(8) Толық бағышталу деген не?

12-сабақ
Қауым

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Қауымның пайда болуы.
- Қауым тірі мекеме ретінде.
- Қауым жергілікті, тірі дене ретінде.
- Дүниежүзілік қауым бірлігінің негіздері.
- Жергілікті қауым бірлігінің негіздері.
- Қауымның қасиетті рәсімдері.
- Қауымның мақсаттары.
- Қауым туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттің өзін жергілікті қауымға арнау жауапкершілігін түсінуі.

Кіріспе

► Ефест. хат, 3:3-10 бірге оқыңыздар. Бұл үзінді қауым туралы не айтады?

Қауымның пайда болуы

Жаңа Келісімге дейін ғасырлар бойы қауым толығымен ашылмаған құпия болды[364]. Құдайдың рақымын қабылдап, Онымен қарым-қатынаста болған адамдар болды[365], бірақ Құдай жоспарлаған қауым әлі орнатылмаған еді.

► Қауым қашан пайда болды?

Исаның өмірі мен қызметі қауымның бастауы болды және ол Өзі қамтамасыз еткен құтқарылуға негізделді[366].

Қауымның дәуірі Елуінші күн мейрамында басталды. Сол күннен бастап қауым – Мәсіхтің жердегі физикалық және көрінетін жетекшілігінсіз Киелі Рухтың күшінмен жұмыс істей бастады[367].

---

[364] **Оқыңыздар.** Ефест. хат, 3:3-10.
[365] Римд. хат, 4:1-8.
[366] Матай, 16:16-18.
[367] Жохан, 16:7.

Иса шәкірттеріне Өзінің ілімдерін орнатуға және оларды бүкіл әлемге таратуға билік берді[368]. Ол Киелі Рух оларды шындыққа жетелейді деп уәде берді[369]. Қауымды «елшілік» деп атауға болады, өйткені елшілердің ілімдері қауымның негізгі ілімдері болып табылады. Осы негізгі ілімдерге қайшы келетін кез-келген сенім негіздері мәсіхшілік деп аталмауы тиіс.

Сондықтан қауымның пайда болуы:

1. Исаның қызметіне
2. Мәсіх берген құтқаруға
3. Елуінші күн мейрамының оқиғасы мен
4. Елшілік ілімнің дамуыны негізделген.

Қауым тірі мекеме ретінде

Қауым – Құдай – Әке, ал қауымның мүшелері бауырластар болып табылатын отбасымен салыстырылады[370]. Қауым – ұлты, нәсілі және табиғи шығу тегі жоқ, біртұтас халық деп аталады[371]. Қауым Мәсіх – Басы, ал мүшелері бір-бірмен байланыста болып, бір-бірін қамқорлайтын денемен салыстырылады[372].

Мәсіхші – қауымның мүшесі. Киелі кітапта қауым – Мәсіхтің денесі, ал мәсіхшілер – Оның тәні мен сүйегінен жасалған мүшелері делінген[373]. Қауымның мүшесі болмау дегеніміз – Мәсіхтің жер бетінде жасайтын істерінің бір бөлігі болмау дегенді білдіреді. Қауымды құрметтемеу мен жақсы көрмеу, Мәсіхті де құрметтемеу мен жақсы көрмеуді білдіреді.

Қауымның дене мүшесі ретінде мәсіхші қауымнан тәуелсіз болмауы керек. Оның басқа мүшелерге қажет екеніндей, Оған да басқа мүшелер қажет[374]. Мәсіхші үшін қауымсыз өзін-өзі рухани қамтамасыз ететіндей өмір сүру дұрыс емес.

Қауым жергілікті, тірі дене ретінде

Бір бүкіләлемдік қауым бар, бірақ қауым жергілікті жерде де болуы керек. Дене мүшелері бір жерде жиналмаса, жұмыс істей алмайды. Пауыл Қорынттықтағы сенушілерге олардың Мәсіхтің денесі екенін жазды [375], бұл жергілікті қауымның – орналасқан жерінде Мәсіхтің денесі екенін білдіреді.

---

[368] Матай, 28:18-20.
[369] Жохан, 14:26.
[370] Ефест. хат, 3:15; Ғалатт. хат, 6:10.
[371] Петірдің 1-хаты, 2:9-10.
[372] Қорынтт. 1-хат, 12:14, 26.
[373] Ефест. хат, 5:30.
[374] Қорынтт. 1-хат, 12:21.
[375] Қорынтт. 1-хат, 12:27.

Құдай жергілікті қауымды – сенімнің отбасы болу үшін, рухани дарындарды қолдана отырып, адам ресурстарын арнау арқылы дене сияқты жұмыс істеуі үшін құрды. Ол әлемге өмірдің әр саласында Құдайдың даналығын көрсете отырып, осы қауымның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, Құдайдың ресурстарын іздеу үшін құрылған. Оның міндеті – сенімге келмеген адамдарды құтқарылуға және қауым отбасының бір мүшесі болуға шақыру.

Нағыз қауымдастықтың қаржылық қажеттіліктері болады, өйткені ол мүшелерінің қажеттіліктерін ойлайды[376]. Егер қауымның мүшесі қауымның өміріне қатысып, жауапкершіліктер алып жүрсе, Мәсіхтің бауыры, не қарындасының қажеттілігіне – қауым жауапкершілік алады.

Құдай жергілікті қауымды құру және нығайту үшін рухани дарындар мен қызметке арнайы шақырулар береді[377].

Жергілікті қауым өз қауымдастығына қызмет етеді. Бірінші мақсат –рухани, Ізгі хабарды уағыздау және шындықты қорғау. Сондай-ақ, қауым қауымдастықтың материалдық қажеттіліктерін ескереді, бірақ қауымның үнемі рухани байланысына қатысатын адамдарға басымдық береді.

Қауымның жетілуі

Иса қауымды қасиетті және мінсіз ету үшін жанын құрбан етті[378]. Қауым ешқашан күнәға жол бермеуі керек, бірақ кешіруге дайын болуы керек. Қауым басқарушылары қасиетті өмірдің үлгісі болулары керек[379]. Егер қауым мүшесі күнә жасап, тәубеге келмейтін болса, әшкереленіп, қауымнан аластатылуы керек[380].

► Неліктен қауым жетілмеген?

Қауымдағы адамдар толығымен кемелді болмайды. Қауым Ізгі хабарды уағыздайтындықтан, онда әлі күнәларына өкінбейтін адамдар болады. Құтқарылғандардың өмірінде де қайшылықтар мен орынсыздықтар болады, өйткені олар әлі шындықты қалай өмірлерінің барлық салаларында қолдану керектігін білмейді. Тіпті жетілген мәсіхшілер де дұрыс емес қарым-қатынаста болуы мүмкін, өйткені оларда рухани өсу процесінде болады.

Қауымның міндеттерінің бір бөлігі – Құдай Сөзін үнемі үйрету және оны өмірде қолданып, адамдарды рухани жетілуге жетелеу[381].

---

[376] Жақыптың хаты, 2:15-16, 1:27.
[377] Ефест. хат, 4:11-12.
[378] Ефест. хат, 5:27.
[379] Тімотеге 1-хат, 3:2-3.
[380] Қорынтт. 1-хат, 5:11-13.
[381] Тімотеге 1-хат, 3:16.

Қауымның анықтамасы

Бұл бөлімде біз бүкіләлемдік және жергілікті қауым анықтамаларын қарастырамыз.

Бүкіләлемдік қауымның қысқаша анықтамасы: Бүкіләлемдік қауым – бұл барлық уақытта, барлық жерде және барлық мәсіхшілерді қамтитын мекеме. Кейде оны «көрінбейтін» қауым деп атайды, өйткені бұл барлық мүшелердің тізімі бар, бүкіләлемдік қауымды басқаратын, жердегі ұйым емес.

Жергілікті қауымның қысқаша анықтамасы: жергілікті қауым – бұл қауымның барлық мақсаттарын орындау үшін жиналған мәсіхшілер тобы. Егер адамдар шектелген мақсатпен жиналатын болса, бұл топ – қауым емес.

Жергілікті қауымның, оны басқа топтардан ажыратуға көмектесетін кеңейтілген анықтамасы: «қызмет ету, тәрбиелеу, ғибадат ету, қарым-қатынас жасау, Ізгі хабарды тарату үшін жиналған, шомылдыру рәсімінен өткен сенушілер тобы. Ол рухани жетекшілікті қабылдайды, қауымдастықтың барлық топтарына дененің түрлі дарындары арқылы қызмет етуге дайын және үнемі қасиетті рәсімдерді өткізеді»[382].

Дүниежүзілік қауымның бірлігі

Барлық уақытта және барлық жерде – бір қауым бар. Иса қауымдар емес, «қауым тұрғызамын» деді. Елші Пауыл бір дене, бір рух, бір үміт, бір Иеміз, бір сенім және бір шомылдыру рәсімі бар деп жазды[383].

Ертедегі мәсіхшілердің сенім белгілері «Католик қауымына» сілтеме жасады. «Католик» сөзі Рим-католиктік емес, барлық шынайы мәсіхшілерді қамтитын дүниежүзілік қауымға қатысты болды.

Бүкіләлемдік қауымның бірлігі – оның біртұтас басқарылатын бір ұйым болуында емес. Бұл Мәсіхтің оралуына дейін ешқашан болмайды. Кейбіреулер біртұтас басқарылатын, бір ұйым болғанын қалайды. Бірақ бұл Құдайдың еркі емес сияқты, өйткені Иса шәкірттерді «адам өз ұйымынан тыс жерде қызмет етпеуі керек» деп санаған кезде түзеткен[384]. Егер Иса бүкіләлемдік қауымды орталықтандырып басқаруды қаласа, Ол жерде қалып, оны физикалық түрде басқара алар еді. Алайда, Иса біртұтас ұйым болған жағдайда, бүкіл әлемде Киелі Рухтың әр түрлі жұмысы жүзеге асырылмайтынын көрді.

> «Мен Иса, әрқашан құтқарылған адамдар қосылып отыратын, қауымды Өзінің шәкірттерінің негізінде жинады деп сенемін; бұл католик немесе бүкіләлемдік қауым болса да, барлық ғасырларда, барлық халықтарға жайылады және ол өз мүшелерінің Құдай Әке, Ұлы және Рухпен қарым-қатынасында қасиетті»
>
> - Джон Уэсли,
> «Рим католигіне хат»

---

[382] David Dockery.
[383] Ефест. хат, 4:4-6.
[384] Лұқа, 9:49-50.

► Бүкіләлемдік қауымның бірлігі неге негізделген?

Бүкіләлемдік қауымның бірлігі

1. Елшілік ілімдерге және
2. Мәсіхпен қарым-қатынасты өзгертуге негізделген.

Ілімдік бірлік сенушілер барлық жағдайда, тіпті маңызды ілімдік мәселелерде де келіседі дегенді білдірмейді. Бұл олардың Құдай мен Мәсіхтің болмысы туралы негізгі ілімдермен, сондай-ақ Ізгі хабардың негіздерімен бөлісетінін білдіреді. Онсыз олар бір Құдайға сиына алмайды немесе Оның рақымын сезінбейді.

Ілім – мәсіхшілік бірлік үшін қажет жалғыз нәрсе емес. Мәсіхшілер Мәсіхпен өзара өзгертетін қарым-қатынастарының арқасында бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Олар тәубеге келіп, Мәсіхке сенім артып, Киелі Рухқа ие болғандықтан, олардың ерекше қарым-қатынасы бар. Барлық айырмашылықтарға қарамастан, мәсіхшілер бүкіл әлемде бір-бірін біліп жатады.

Жергілікті қауымның бірлігі

Біз негізгі мәсіхшілік ілімдерді ұстанатын және Мәсіхпен өзгертетін қарым-қатынасы бар кез-келген адамды мәсіхші деп санасақ болады. Бірақ жергілікті қауымның ілімдік бірлігі егжей-тегжейлі болуы керек.

Жергілікті қауым – бұл бірлескен ғибадатқа, Ізгі хабардың таралуына, сенімге жаңадан келгендер мен жастардың шәкірттілігіне, мәсіхшілік өмірдің тәжірибелік сәттерін үйретуге арналған адамдар тобы. Адамдар осы мақсаттарға жету үшін көптеген ілімдік мәліметтерді түсінуде бірлікке қол жеткізуі керек.

Мысалы, жергілікті қауымдағы бір адам, әр жаңадан сенімге келген сенушіні бөтен тілдерде сөйлеу дарыны үшін дұға етуге шақыруы мүмкін. Бірақ сол қауымның басқа жетекшілері бөтен тілдерде сөйлеу дарының, әр сенушіге Құдай уәде еткен нәрсе деп сенбейді. Егер олар Құдайдың еркі жоқ нәрсені бастан кешіруге тырысса, адамдар рухани адасуға түседі деп қорқады. Бұл адамдардың жергілікті қауымда ынтымақтаса алмайтындары анық. Жетекшілер адамды мәсіхші деп санаса да, олар оған бұзушы ілімдерді үйретуге мүмкіндік бермеуі керек.

> «Егер сенің жүрегін, менің жүрегімдей таза болса, онда мені ағаннан жақынырақ досын ретінде, Мәсіхтегі аға ретінде, Жаңа Иерусалимнің азаматы ретінде, бізді құтқарушы – бір Капитанға бағынушы, бір әскердің жауынгері ретінде, мені жақсы көр. Мені бір патшалықтың азаматы ретінде мейірімді және шыдамды сүйіспеншілікпен, оның даңқының мұрагері ретінде сүй»
>
> - Джон Уэсли,
> «Рухтың бірлігі» уағызы

Жергілікті қауым олардың өмірі мен қызметіне әсер ететін ілімдермен келісуі керек. Сондықтан қауымның ұстанатын ілімдерін жазып қойғаны дұрыс болады. Бұл олардың «бұл ілімдермен келіспейтіндердің бәрі мәсіхші емес» деп санайды дегенді білдірмейді.

Бірақ жазылған ілімдік ұстанымдардың мақсаты – сенушілердің ынтымақтастығы үшін қажетті ілімдерді көрсету болып табылады.

Қауымның қасиетті рәсімдері

Иса қауымға екі рәсім берді.

Шомылдыру рәсімі – Мәсіхтің өлімі мен қайта тірілуінің белгісі[385]. Шомылдыру рәсімі – бұл сенушінің Мәсіхпен бірге екенін және күнә үшін өлімді және Мәсіхте жаңа өмірді бастан өткергендігінің дәлелі. Шомылдыру рәсімі – адамды мәсіхші ететін сәт емес. Шомылдыру рәсімі – бұл сенімге келгендікті көпшілік алдында куәлік ету[386].

Иеміздің Кешкі ас рәсімін[387] – Иса айқышқа шегеленгенге дейін шәкірттерімен соңғы кешкі ас кезінде орнатқан[388]. Нан мен тостаған – бұл біздің құтқарылуымыз үшін Өзін құрбандыққа берген Исаның денесі мен қаны. Физикалық түрде өмір сүруіміз үшін тамақ жейтініміз сияқты, біз Оның рухани өмірдегі құрбандығына тәуелдіміз[389].

Екі рәсімді де «рақым алудың құралы» деп атауға болады. Егер сенім мен мойынсұнушылықсыз орындалса, олар автоматты түрде әрекет етпейді. Бұл Құдай бізге берген практикалық іс-әрекеттер және егер олар сеніммен орындалса, онда олар Құдайдың рақымын алудың құралы болып табылады.

► Қауымның мақсаттары қандай?

Жергілікті қауымның кейбір мақсаттары Жаңа Келісімнен алынған

1. Ізгі хабар айту (Матай, 28:18-20).
2. Қауымдастық ретінде ғибадат ету (Қорынтт. 1-хат, 3:16).
3. Ілімдерді қорғау (Тімотеге 1-хат, 3:15; Яһуданың хаты, 3).
4. Бағышуларды қаржылай қорғау (Тімотеге 1-хат, 5:17-18).
5. Қызметкерлерді жіберу және қолдау (Елшіл. істері, 13:2-4; Римд. хат, 15:24).
6. Мұқтаждарға көмектесу (Тімотеге 1-хат, 5:3).

---

[385] Римд. хат, 6:3-4.
[386] Жохан, 3:7-8.
[387] Image: "The Lord's Supper" taken by Allison Estabrook on Oct. 14, 2022, retrieved from https://www.flickr.com/photos/sgc-library/52476662295/, licensed under CC BY 4.0.
[388] Қорынтт. 1-хат, 11:23-25.
[389] Жохан, 6:53-58.

7. Күнәға батқан мүшелерге тәлім беру (Қорынтт. 1-хат, 5:9-13).
8. Шомылдыру рәсімі мен Кешкі ас рәсімін қолдану (Матай, 28:19; Қорынтт. 1-хат, 11:23-26).
9. Сенушілерді жетілуге жетелеу (Ефест. хат, 4:12-13).

Бұлардың көпшілігін адам жеке өзі жасай алмайды. Оларды орындау үшін сенушілер тобына және басқару құрылымына тәуелді болу керек.

Құдай әр сенушіні өзінің әлемдегі қызметін орындайтын, жергілікті қауымға арнауға шақырады. Егер адам қауымда қызмет етпесе, ол Мәсіхтің денесінің бөлігі ретінде өз мақсатын орындамайды.

Қателік жібермеңіздер: Рухани жекешілдік

Студенттер келесі ақпаратты түсіндіре алады.

Кейбір адамдар ешқашан өздерін жергілікті қауымға арнамайды. Олар жексенбі күні қауымға еркін барып-қайтқылары келеді. Олар осы сабақта көрсетілген қауымның мақсаттарына жетуге көмектесе алмайды, өйткені қауым оларға сенім арта алмайды. Олардың біреуге рухани есеп беретін қарым-қатынастары жоқ және олар біреудің оларға есеп беруіне көмектесе алмайды. Егер барлық сенушілер осындай болса, онда қауым болмас еді.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Мәсіх жергілікті қауымдастықтарда Мәсіхтің денесі ретінде көрінетін бір қасиетті дүниежүзілік қауымды құрды. Қауым елшілік ілімдерді ұстанады және шындықты қорғайды. Қауым – Құдайдың отбасы және барлық қажеттіліктерді қанағаттандырып, қызмет етеді. Қауым Құдайға ғибадат етеді, әлемге Ізгі хабарды уағыздайды және сенушілерге тәлім береді.

12-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Қорынтт. 1-хат, 12:14-31;
- Жақыптың хаты, 2:1-9;
- Ефест. хат, 4:11-16;
- Қорынтт. 1-хат, 6:1-8;
- Қорынтт. 1-хат, 5:1-13.

(2) Тест: Келесі сабақты 12-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

12-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Қауымның дәуірі қашан басталды?

(2) Неліктен қауымды «елшілік» деп атауға болады?

(3) Қауымның пайда болуының төрт аспектісін атаңыз.

(4) Бүкіләлемдік қауымға қысқаша анықтама беріңіз.

(5) Жергілікті қауымға қысқаша анықтама беріңіз.

(6) Бастапқыда «Католик қауымы» деген термин нені білдірді?

(7) Бүкіләлемдік қауымның бірлігі үшін негіз болатын екі нәрсені атаңыз.

(8) Қауымның жазылған ілімдік ұстанымдарының мақсаты неде?

(9) Жергілікті қауымның алты мақсатын атап шығыңыз.

13-сабақ
Мәңгілік

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсіндіруі және түсіндіре білуі қажет:

- Көктің негізгі қызметі.
- Жазбада бізге көрсетілген Көктің сипаттамалары.
- Жазбада бізге көрсетілген мәңгілік жазаның сипаттамасы.
- Мәңгілік жазаның барына сенбейтін діндердің кейбір мысалдары.
- Мәңгілік жазаның әділдігі.
- Мәңгілік туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттерге кейбір әрекеттердің өзгеруі мүмкін емес, мәңгілік салдары бар екенін еске салу.

1-бөлім: Сенушілердің мәңгілік тағдыры

► Аян, 21-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді сенушілердің болашағы туралы не айтады?

Барлық жаратылыс Құдайдың даңқы үшін жаратылған, бірақ Көк – бұл ғаламның орталық сахнасы, онда Құдайға Оның бейнесінде жасалған жаратылыстары жоғары деңгейде ғибадат етеді[390].

Құдайдың нұрлы салтанаты Көкте толығымен көрінетіндіктен, күннің қажеті болмайды, ол Мәңгілік қаланы жарқырататын болады[391]. Бұл біз Құдайды жақыннан біліп, «Оның бет-жүзін көретін» орын болады[392].

Ғибадат – Көктегі негізгі іс. Қуаныш – ғибадаттың бір бөлігі. Забур жыршысы: «Көз алдында қуанышқа бөлейсің, оң жағыңда мәңгі игілік бересің»[393] дейді. Осы аяттардан біз қуаныш пен ғибадаттың бір-бірімен байланысты екенін көреміз. Құдай бізді Оны жақыннан танып-біліп, Оған ғибадат етуіміз үшін Өзіне ұқсас етіп жаратты. Біздің эмоцияларымыз, сүю қабілетіміз және ақыл-ойымыз Құдайға жоғары деңгейде ғибадат ету үшін берілген.

Иса Өзінің шәкірттеріне былай деп айтты:

---

[390] **Оқыңыздар.** Аян, 5:11-14.
[391] Аян, 21:23.
[392] Аян, 22:4.
[393] Забур жырлары, 15:11.

«Көңілдерің толқымасын! Құдайға сеніңдер және Маған да сеніңдер! Көктегі Әкемнің үйінде тұратын орын көп. Егер солай болмаса, Мен сендерге айтқан болар едім ғой. Енді сол жерден сендер үшін орын дайындауға бара жатырмын. Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін»[394].

Исаның сөздері бізге Көк туралы бір нәрсе айтады. Бұл үзіндіден біз білетін ең маңызды нәрсе, Көк – Құдайдың үйі, өйткені Иса оны Әкенің үйі деп атады. Тағы бір маңызды ақиқат, уақыты келгенде біз сонда Құдаймен бірге өмір сүретін боламыз.

Көктің уәде етілуі, біздің жердегі өмірімізді бағыттауы керек. Мәңгілік құндылықтармен өмір сүретін адам жер бетінде ең жақсысын жасайды. Көктегі сыйды күтетін адамның қиындықтарды жеңетін күші болады және ол Құдайдың еркін орындауға тырысатын болады. Иса қуғын-сүргінге ұшырағандарға: «Қуана шаттаныңдар, себебі көкте сендерді зор сыйларың күтіп тұр!»[395] – дейді.

Көктің сипаттамалары

► Көк туралы біз не білеміз?

Кейде жер бетіндегі адамдар қалаған үйлерін сатып ала алмайды немесе үйлерін өздері қалағандай өзгерте алмайды. Бірақ Құдайдың шексіз күші мен ресурстары бар, сондықтан біз Оның үйі Оның қалағанындай екенін білеміз. Сондықтан Көк – Құдайдың болмысына толық сәйкес келеді.

Біз Көк туралы көп нәрсені түсіне алмаймыз. Біз ет пен сүйектен тұрамыз, ал Құдай – Рух болғандықтан, біз Оның болмысын толық түсіне алмаймыз. Сондай-ақ, Құдайдың бомысын зерттеген кезде, біз Оның Мәңгілік Бар Болушы екенін және бұл біздің түсінігімізден жоғары екенін көреміз, сондықтан Оның үйінің қандай екені де біздің түсінігімізден жоғары. Бірақ біз Оның үйі біз үшін жасалғанын білеміз.

«Егер менің бойымда осы өмірдегі ешбір нәрсе қанағаттандыра алмайтын тілек болса, мүмкін бұл менің басқа өмір үшін жаратылғанымнан шығар. Оны жердегі ләззаттардың ешқайсысы қанағаттандыра алмайды, тек қана қоздыра алады. Мен сол әлемге кіруді және басқалардың да сол мақсатқа жетулеріне көмектесуді – өмірімнің басты мақсаты етіп қоюым керек».

Клайв Льюис,
Жай ғана мәсіхшілік

Киелі кітапта Көктің қайда екендігі айтылмайды. Ол Құдай көктен жерге қарайды дейді, сондықтан біз Көктің жерде емес екенін білеміз.

Көкте күнә болмайды. Періштелер, адамдар немесе басқа жаратылыстардың барлығы толығымен киелі болады[396].

---

[394] Жохан, 14:1-3.
[395] Матай, 5:12.
[396] **Оқыңыздар.** Аян, 21:8, 27.

Көкте – ауырсыну, қайғы, дау-жанжал мен қауіп сияқты күнәнің салдарлары болмайды[397]. Жаратылыста ауру, қартаю және өлім сияқты қарғыстар болмайды[398].

Көктің әдемілігі кез-келген сипаттамадан жоғары. Бізге берілген мәліметтер бойынша ондағы қабырғалар яспистен, қақпалар інжу-маржаннан, іргетастар асыл тастардан және көшелер саф алтыннан жасалған[399].

Көкте миллиондаған періштелер мен құтқарылған адамдар тұрады[400].

Кім және қашан?

Көк күнәдан бас тартып, Иса Мәсіхке Иесі және Құтқарушысы ретінде сенгендерге дайындалған[401]. Мәңгілік өмір кітабында есімдері жазылған адамдар[402], Көкте өмір сүретін болады.

Киелі кітапта егер Біз мәңгілік құндылықтарға сәйкес өмір сүрсек, байлықты Көкте жинай алатынымыз айтылады[403].

Адам Көкке қашан түседі? Иса айқыштағы қылмыскерге олардың сол күні-ақ жұмақта бірге болатынын айтты[404]. Пауыл денеден тыс болу – Иемізбен бірге болу екенін айтты[405]. Сондықтан біз сенуші өлген кезде бірден көкке баратынын білеміз. Алайда Мәсіхтің оралған күні тірі болатын сенушілер өлмейді[406].

2-бөлім: Сенбеушілердің мәңгілік тағдыры

Жердегі жазалар әрқашан аяқталады. Жазаланушының өлімімен аяқталса да, соңы келеді.

> Иса былай айтқанда, мәңгілік жазаны сипаттады: «Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!… Сонымен бұлар мәңгілік азап шегуге кетеді. Ал әділдер мәңгілік өмірге ие болады»[407].

Иса мен елшілер тозақ, отты көл және мәңгілік жаза бар екенін растады. Сонымен қатар, тозақ Көкке қарағанда жиі айтылады. Иса бізді осы қорқынышты жерден аулақ болуға шақырды. Иса мен шәкірттерінің кейбір мәлімдемелеріне қараңыз.

---

397 Аян, 21:4.
398 **Оқыңыздар.** Аян, 22:3.
399 **Оқыңыздар.** Аян, 21:18-21.
400 Аян, 5:8-11.
401 Жохан, 3:16.
402 Лұқа, 10:20; Аян 3:5; Аян, 20:15.
403 **Оқыңыздар.** Матай, 6:20.
404 Лұқа, 23:43.
405 Қорынтт. 2-хат, 5:8.
406 **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 15:51-52.
407 Матай, 25:41, 46.

«Егер оң көзің (секілді өте құнды нәрсең) сені күнәға азғырса, ол сен үшін «ойып алып, лақтырып тасталған» сияқты жоқ болсын. Бүкіл денеңнің тозаққа лақтырылғанынан гөрі бір мүшесінен айырылғаның артық болар еді. Яки оң қолың (сияқты өте қажетті нәрсең) сені күнәға азғырса, ол сен үшін «шауып алып, лақтырып тасталған» сияқты жоқ болсын! Бүкіл денеңнің тозаққа лақтырылғанынан гөрі бір мүшесінен айырылғаның артық болар еді»[408].

«Ақырзаманда да осылай болмақ: періштелер келіп, жамандарды әділдерден ажыратып, жанып тұрған ошақ іспетті тозақ отына лақтырады. Сонда олар зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады»[409].

Иса парызшылдарға қарап, былай деді: «Ей, жыландар, улы жыланның ұрпағы! Сендер сотталып, тозаққа түсуден қалай құтылмақсыңдар?»[410]

«Ол о дүниеде азап шегіп жүріп, басын көтеріп қарағанда алыстан Ыбырайым мен оның қасында жантайған Елазарды көреді. Содан ол қатты дауыспен:

– Ыбырайым ата, маған қайырым қылып, Елазарды жібере көріңіз! Ол бармағының ұшын суға малып алып, тілімді салқындатсын. Мына жалынды отта қатты қиналып жатырмын, – деп жалбарынады»[411].

Елші Пауыл:

«Бұл, Иеміз Иса Мәсіх құдіретті періштелерімен бірге жалындаған отпен көктен түсіп келгенде болады. Сонда Ол Құдайға менсінбей, Иеміз Исаның Ізгі хабарына құлақ аспай жүргендерді жазаламақ. Сол адамдар мәңгі бақи Иеміздің алдын көрмей, Оның салтанатты ұлы құдіретінен аластатылып, құрып кетеді»[412].

«Себебі Құдай күнә жасаған періштелерді де аяған жоқ. Оларды қияметте сотталуға сақтау үшін тозақтың қара түнегіне ұстап беріп, шынжырлатып тастады»[413].

«Бұларды еліктіріп алдаған әзәзіл шайтан күкіртпен жанып тұрған отты көлге (яғни тозақ отына) тасталады; бұрын сол жерге айуан мен жалған пайғамбар да лақтырылған еді. Олар сонда күні-түні мәңгілік азап шегетін болады… Кімнің есімі «Мәңгілік өмір кітабында» жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды»[414].

---

[408] Матай, 5:29-30.
[409] Матай, 13:49-50.
[410] Матай, 23:33.
[411] Лұқа, 16:23-24.
[412] Салоникал. 2-хат, 1:7-9.
[413] Петірдің 2-хаты, 2:4.
[414] Аян, 20:10, 15.

Бұл жерді сипаттау үшін қандай сөздер қолданылғанына назар аударыңыз: от, азап, сотталу, құру, қара түнек, шынжыр, сот, зар еңіреп жылау, қиналу және тістену.

Иса екі көзімен де, екі қолымен де тозаққа түскеннен гөрі, көзді ойып, қолды шауып тастаған артық болар еді деді. Иса мұнда денені бөлшектеуге шақырған жоқ, бірақ жер бетінде қаншалықты құнды болып көрінсе де, күнә мен тозаққа апаратын әрекеттерді тоқтатуға шақырды.

► Қандай діндерде тозақ туралы қате ілімдер бар?

Киелі кітапта өлім адамның сынақ мерзімін аяқтайтыны және тозақ (1) мәңгілік, (2) қайтарылмайтын және (3) азапты екені айтылады. Бұл Киелі кітаптық шындықты «өлімнен кейін ештеңе жоқ» деп айтатын атеистер, «тозақ жоқ» деп айтатын Иегова куәгерлері, мормондар және универсалистер қабылдамайды. Сонымен бірге Римдік католиктерде адамның сынақ мерзімі өлген кезде аяқталатындығын жоққа шығарады, олар адам өлгеннен кейін құтқарыла алады деп санайды.

Кейбір адамдар тозақтың барына сенбейді, өйткені оны әділетсіз деп санайды. Олардың айтуынша, егер күнә шектеулі уақыт аралығында орын алса, онда мәңгілік жазаны өтеу әділетсіз болады. Августин бұл аргументке қылмыстық заңның мысалымен жауап берді. Егер тонау бірнеше минут ішінде орын алса, тонаушы бірнеше минут ішінде жазасын өтеуі керек пе? Ал кісіні бір сәтте өлтіруге болады. Жазбада біз мәңгілік және шексіз Құдайға қарсы жасалған күнәнің, ол шектеулі өмір сүру кезінде жасалған болса да, мәңгілік жазасы болатынын көреміз.

► Неліктен тозақ мәңгілік?

Тозақ – мәңгілік, өйткені

1. күнә – шексіз Құдайды қорлау болып табылады.
2. күнәһар Құдайға мәңгілік қызмет етуден бас тартады.
3. біз мәңгілік жаратылыстар болғандықтан, егер Құдайдан бөлінуді таңдасақ, біздің басқа баратын жеріміз жоқ.

Жерде бізге шешімдерімізді өзгерте алатынымыз ұнайды. Біздің таңдауымыз мәңгілік салдарға әкелуі мүмкін екендігі, бізге өте қатал болып көрінеді. Тіпті қазір нақты таңдауымыз болса да, біз болашақта тағы бір таңдау болатын шығар деп ойлағанды ұнатамыз. Бірақ Құдайдың біздің сынақ мерзімімізді жердегі өмірмен шектеуін жөнсіз деп санау дұрыс емес.

Кейбіреулер тозаққа сенуден бас тартады, өйткені бізді сүйетін Құдай, бұл аяттар суреттегендей, қорқынышты жерге біреуді жібере алмайды деп ойлайды. Біз Құдайдың біреудің тозаққа түскенін қаламайтынын ұмытпауымыз керек. Бірақ Құдаймен бірге болу үшін адам тәубеге келіп, құтқарылуы керек. Киелі кітапта бұл туралы бірнеше жерде айтылған[415]. Тозаққа түскендер өздері оларды осы қорқынышты жерге орналастырған таңдау жасады. Ешкім кездейсоқ тозаққа түспейді. Онда түскендер Құдайды, әділдікті және құтқарылуды қабылдамай, бұл жерді өздері таңдайды.

> «Ақыр соңында, тозақ туралы ілімге қарсылық білдірушілер келесі сұраққа келуі керек: «Сіз Құдайдан тағы не істеуін сұрайсыз?» Өткен күнәларды өшіріп, ғажайыптың көмегімен бәрін жаңадан бастауға мүмкіндік беруді ме? Бірақ Ол мұны әлдеқашан ұсынған. Кешіруді ме? Бірақ олар кешірімді қабылдамады. Мүмкін оларды жайына қалдыру керек пе? Ол дәл осылай жасайды деп қорқамын» Клайв Льюис, «Ауырсыну мәселесі».

Барлық жақсылықтар Құдайдан келетіндіктен, Құдайдан бас тарту – жақсылықтың бәрінен бас тартуды білдіреді. Тіпті тыныштық, қорқыныш пен ауырсынудан арылу, ыңғайлы жер – бұлардың бәрі тек Құдай бере алатын жақсылықтар. Әрине, егер адам Құдайды қабылдамаса, Құдай адамға мәңгі жақсылық жасайды деп күтуге болмайды. Құдайдан толық ажырау дегеніміз – барлық жақсылықтан ажырап, тозақта болуды білдіреді.

Құдайға шүкір, Иса Мәсіхтің құнымызды өтейтін құрбандығы арқылы біз «болашақ қаһардан құтыла аламыз». Тозақтағы азаптың орнына біз құтқарылу қуанышы мен Көктегі ғажайыптармен бөлісе аламыз. Біз «Құдай алдындағы тәубеге келуді және Иеміз Иса Мәсіхке деген сенімді»[416] таңдаған кезде Көктегі мәңгілік өмірді таңдаймыз.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Мәңгілік салдарды ұмытып кету

Жердегі өмірде көптеген шешімдер соңғы шешім болып көрінбейді. Егер уақыт болса, көптеген қателіктерді түзетуге болады. Біз көптеген шешімдердің мәңгілік салдары болатынын есте ұстауымыз керек. Өлгеннен кейін біз мәңгілік тағдырымызға әсер еткен әрекеттерімізді немесе басқа адамдардың таңдауына әсер еткен әрекеттерімізді түзете алмаймыз.

---

[415] **Оқыңыздар.** Тімотеге 1-хат, 2:4; Петірдің 2-хаты, 2:9; Елшіл. істері, 17:30.
[416] Деяния, 20:21.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Әр адам тозақта немесе Көкте мәңгі болады. Көк - Құдайдың үйі, онда сенушілер Құдаймен бірге өмір сүріп, Оған қуанышпен ғибадат ететін болады. Көкте күнә жоқ, сондықтан күнәнің нәтижесі болатын азап та жоқ. Тозақ – Мәсіхке сенбей, күнәдан құтқарылмағандардың мәңгілік, қайтарылмайтын, азапты жазалау орны. Тозақ – мәңгілік Құдайға қарсы ерікті күнә үшін әділ жаза.

13-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Аян, 22:1-5;
- Аян, 22:10-17;
- Лұқа, 16:19-31;
- Ишая, 5:11-16;
- Матай, 5:27-30.

(2) Тест: Келесі сабақты 13-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

13-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Көктің негізгі қызметі қандай?

(2) Көкте не болмайды?

(3) Көкке кімдер барады?

(4) Сенушілер жұмаққа қай кезде түседі?

(5) Киелі кітапта тозақ туралы қандай үш нәрсе айтылған?

(6) Иса адамның қолын шауып тастағаны артығырақ деп, не айтқысы келді?

(7) Неліктен тозақ мәңгілік?

14-сабақ
Соңғы уақыттағы оқиғалар

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Соңғы уақыттағы оқиғалар тақырыптарының маңыздылық деңгейлері.
- Мәсіхтің қайтып келуі және оның мәсіхшінің өмірі үшін маңызы.
- Барлық адамдардың қайта тірілуі және дененің құндылығы.
- Барлық моральдық жаратылыстардың соңғы соты.
- Құдайдың Мәңгілік Патшалығы.
- Соңғы уақыттағы оқиғалар туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттерге мәңгілік өмір тұрғысынан, жердегі өмірді қабылдаудың маңыздылығын түсінуге көмектесу.

Кіріспе

► Даниял, 7:9-14 бірге оқыңыздар. Бұл үзінді бізге болашақ туралы не айтады?

Айуанның белгісі, кернейлер, қатты азап, Мәсіхке қарсы шығушы, 1000 жылдық, 7 жыл, үлкен ақ түсті тақ, көктен түскен қасиетті қала, отты көл – бұл Киелі кітаптағы Құдайдың хабарларының тақырыптары.

► Сізде Киелі кітаптағы пайғамбарлар туралы зерттеу кезінде, қандай сұрақтар туындайды?

Маңыздылық деңгейлері

Құдайдың хабарларын талқылау кезінде көбінесе маңызды ақиқаттарға емес, кішігірім мәселелерге назар аударылады. Құдайдың хабарларының тақырыптарының барлығы бірдей маңызды емес. Бұл курста Құдайдың хабарлары туралы бәрін қозғауға тырыспаймыз.

Кейде адамдар айуаның белгісі қалай көрінетіні, Мәсіхке қарсы шығушы қайдан келетіні және екі куәгер кім болатыны туралы ойлайды. Бұл Киелі кітап – нақты жауап бермейтін сұрақтар және олар туралы дауласудың қажеті жоқ.

Киелі кітапта толығырақ түсіндірілетін басқа да тақырыптар бар. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген: Иса қайғы-қасіреттің басында, ортасында немесе соңында қайта келеді ме; және мыңжылдық патшалық сөзбе-сөз мыңжылдық болады ма. Алайда, бұл ілімдер Ізгі хабар үшін маңызды емес. Сіз осы сұрақтардың біріне қатысты біреудің пікірімен келіспесеңіз, онымен қарым-қатынасты үзуге тырыспауыңыз керек.

Киелі кітаптағы Құдайдың хабарларында негізгі шындықтар бар. Олар соншалықты айқын болғандықтан, Киелі кітапқа сенетіндердің бәрі оларды қабылдайды. Бұл ілімдер мәсіхшінің өміріне және мәсіхшілік ілімдердің бүкіл жүйесіне әсер етеді.

Соңғы уақыттағы оқиғалар туралы бізге Киелі кітаптағы Құдайдың хабарларынан ашылған маңызды төрт ақиқатты қарастырайық.

Исаның физикалық түрде қайта келуі

Иса жерге көрінетін бейнеде қайта келеді. Қазір Ол жердегі сенушілермен рухани байланыста болғанмен, Ол қайта тіріліп, салтанатқа бөленген бейнесінде қайта келеді және Оны жер бетіндегі барлық адамдар көретін болады[417].

► Иса қайтып келгенде не болады?

Мәсіхтің қайтып келуі жер тарихының шарықтау шегі болады. Әлемнің патшалығы Мәсіхтің патшалығына айналады. Оған адал болғандар сыйларын алып, құрметке ие болады. Оған қарсы шыққандар масқара болады және Оның Оған қарсы барлық қарсылықтарды жеңетін күші болады[418]. Бәрі де тізе бүгіп, барлық тіл атаулы Исаның – Жаратқан Ие екенің ашық мойындайтын болады[419].

Бұл дүниеден өткен мәсіхшілер Мәсіхпен бірге патшалық ету үшін қайта тіріледі[420]. Иса келгенде, олар әлі тірі жүрген сенушілермен бірге Құдаймен кездесу үшін көкке көтеріледі[421].

Оның қайтып келуі – барлық мәсіхшілердің үміті[422]. Оның қайтып келуі біз үшін нені білдіретінін ойлап көріңізші: бұл – құдалаудың, қайғы-қасіреттің соңы; киелілермен және бауырлас мәсіхшілермен қайта кездесу; біздің сенімімізді бекер емес екендігінің дәлелі; біз Исаны көреміз; көкке көтерілу және Құдаймен өмірдің толықтығы. Мұның бәрі Оның қайтып келу уақытына емес, Ол уәде еткендей қайтып келетініне байланысты.

Иса ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен қайтып келетінін айтты[423]. Ол Өзінің адамдарын келіп, Өзімен алып кетуге уәде берді[424]. Періштелер Оның көкке қалай кетсе, тура солай қайтып келетінін айтты[425]. Елшілер Мәсіхтің осы дүниенің түпкілікті

---

[417] **Оқыңыздар.** Аян, 1:7.
[418] **Оқыңыздар.** Матай, 26:64.
[419] Філіпіл. хат, 2:10.
[420] Тімотеге 2-хат, 2:12
[421] Салониқал. 1-хат, 4:16-17.
[422] **Оқыңыздар.** Титке хат, 2:13.
[423] Матай, 24:30.
[424] Жохан, 14:3.
[425] Елшіл. істері, 1:11.

жоспарын жүзеге асыруын күтіп жүріп, тәубеге келуді уағыздады[426]. Исаның зор салтанатпен қайтып келетіні, Жаңа Келісімнің ең көп айтылатын ақиқаттарының бірі[427].

Оның екінші рет келуін білдіретін белгілер болса да, біз Оның нақты қашан қайтып келетінін біле алмаймыз. Сенушілер әрқашан Исаның келуін асыға күтіп, соған сәйкес өмір сүрулері керек[428].

► Иса не үшін қайтып келеді?

Біз адамдардың көпшілігі Құдайға қарсы шыққан әлемде өмір сүріп жатырмыз. Барлық жаратылыс күнәнің қарғысынан зардап шегеді. Әлем ешқашан саяси іс-әрекеттерден, әлеуметтік реформалардан, білім беруді жақсарту немесе өркендеген экономикадан жақсармайды. Иса кенеттен, бәрін түзету үшін оралған патша ретінде келеді.

Барлық адамдар күнәһар, бірақ егер олар қазір ерікті күнәларына өкініп, тәубеге келсе, алда болатын соттан аман қала алады. Құдай Патшалығы қазірдің өзінде тәубеге келіп, сенетіндердің арасында жұмыс істейді[429]. Бұл патшалық толықтай, әрі ашық түрде Иса қайтып келгенде көрінетін болады.

► Біз Исаның қайтып келетінін білетіндіктен, қалай өмір сүруіміз керек?

Біз ертедегі мәсіхшілердің құндылықтарын естен шығармауымыз керек. Біз сенімізді сақтап, «соңына дейін табанды болуымыз» керек. Бізге әлемнің ләззаттарының Мәсіхтің келетіні туралы ұмыттыруына жол бермеу керек екені ескертілген[430]. Біз мәңгілік құндылықтарға сәйкес өмір сүріп жатырмыз, өйткені бұл әлемде бәрі уақытша және бәрі өткінші. Біз «сергек» болуымыз керек. Бұл аспанға қарап, Исаның келуін күтіп отыру деген сөз емес. Біз Оның қайтып келгенінде дайын болмай қалмауымыз үшін, рухани сергек болуымыз керек[431]. Біз Оған ұқсағымыз келетіндіктен, тазалық үшін дұға етіп, таза өмір сүруіміз керек[432].

---

[426] **Оқыңыздар.** Елшіл. істері, 3:19-21.
[427] Салониқал. 1-хат, 4:15-16; Салониқал. 2-хат, 1:7, 10; Титке хат, 2:13; Еврейл. хат, 9:28; Жақыптың хаты, 5:7-8; Петірдің 1-хаты, 1:7, 13; Петірдің 2-хаты, 1:16; 3:4, 12; Жоханның 1-хаты, 2:28.
[428] **Оқыңыздар.** Марқа, 13:33-37.
[429] Марқа, 1:14-15, 9:1.
[430] Лұқа, 21:34-36.
[431] Марқа, 13:33-37. «Сергек» сөзіне қолданылған грек термині «бір нәрсені іздемеу, дайын, сақ» болуды білдіреді.
[432] Жоханның 1-хаты, 3:3.

Бүгін күні Ол қайтып келмейтіндей өмір сүретіндер, Ол келгенде дайын болмай шығады[433]. Мәсіхтің келуі найзағай сияқты аяқ астынан болады[434], Ол келген соң ешкім ештеңені өзгерте алмайды.

Біз Оның келуін

1. мәңгілік құндылықтарды сақтап,
2. таза өмір сүріп,
3. дұғада өзімізді рухани қорғап, күтудеміз.

Барлық адамдардың денелерімен қайта тірілуі

Біз дененің мәңгілік құндылығы бар екенін білеміз, өйткені Киелі кітап бізге барлық адамдардың қайта тірілетінін айтады.

Қайта тірілу ілімі маңызды[435]. Елші Пауыл Қорынтт. 1-хат, 15-тарауда қайта тірілуге сенбеу – Ізгі хабарға сенбеу дегенді білдіретінін түсіндірді. Егер қайта тірілу болмаса, онда Иса да қайта тіріле алмас еді[436]. Егер Иса қайта тірілмесе, онда Ізгі хабар шындыққа жанаспайды және ешкім құтқарылмайды[437].

Барлық адамдар қайта тіріледі, бірақ барлығы бір уақытта емес. Иса қайтып келгенде өлілерді тірілтіп, барлық Өзіне сенушілерді алып кетеді[438].

Күнәларында өлгендер алғашқы қайта тірілуде емес, кейінірек сотта қайта тіріледі[439].

Мәсіхшілер Иса сияқты салтанатты денелерде қайта тіріледі[440]. Күнәһарлар мәңгі жазалау үшін басқа формада қайта тіріледі[441].

► Егер денемен қайта тірілуге сенбесе, не өзгереді?

«О, өлім, сенің өткір тілің қайда? О, қараңғылық патшалығы, сенің жеңісің қайда? Мәсіх қайта тірілді, сен жойылдың, жындар қуылды. Мәсіх тірілді, және періштелер қуануда. Мәсіх өмірдің жеңісін беріп, қайта тірілді. Мәсіх қайта тіріліп, қабір бос қалды. Мәсіх қайта тіріліп, басы болды, және ұйықтап қалғандарды қайта оятты. Ол даңқ пен ұлылыққа, мәңгі бақи лайық. Аумин.»

Иоанн Златоуст,
«Қайта тірілу туралы уағызы».

---

[433] Салониқал. 1-хат, 5:1-6. Осы әлем үшін өмір сүріп, түнекте жүргендер үшін Мәсіхтің оралуы ұрының түнде түсетініндей кенеттен келетінін көрсетеді. Біз үшін ол «ұры» сияқты оралмайды.
[434] Матай, 24:27; Қорынтт. 1-хат, 15:52.
[435] Пауылдың қайта тірілу ілімін қорғап, 58 аяттан тұратын үзінді жазғаны дәлелденді (Қорынтт. 1-хат, 15-тарау толығымен).
[436] Қорынтт. 1-хат, 15:3.
[437] Қорынтт. 1-хат, 15:17.
[438] Салониқал. 1-хат, 4:16-17; Аян, 20:6.
[439] Аян, 20:13.
[440] Жоханның 1-хаты, 3:2.
[441] Жохан, 5:28-29.

Бір күні біз қайта тірілеміз деген сенім өмір салтына әсер етеді. Біз бұл ілімнің практикалық салдарын жоққа шығаратын адамдардың мысалдарын қарап көре аламыз. Қорынттық қауымдастығындағы кейбір адамдар адам денесі қайта тірілмейді деп сенді. Бұл қателікке сенгендер екіге бөлінді. Кейбіреулері: «дене қайта тірілмейтіндіктен, тек рух қана маңызды. Сондықтан денеге қатысты күнәлар маңызды емес. Неке адалдығын бұзуға болады, өйткені дене кез-келген жағдайда жойылады»[442] деп санады.

Басқалары: «дене қайта тірілмейтіндіктен, ол пайдасыз және жамандыққа толы. Біз барлық дене құмарлықтарын басып, дәмді ештеңе жемей, некеден ләззат алмауымыз керек» деп санады.

Бұл екі қате де қайта тірілуге сенбегендіктен туындады. Қайта тірілудің мәсіхшілік ілімі дененің құндылығын көрсетеді. Құндылық – мәсіхшілердің денелерінің құны өтелгенін, Киелі Рух мекендейтін киелі үй екенін, Мәсіхтің мүшелері екенін және қайта тіріліп, даңқталатынын көрсетеді[443].

Қайта тірілу ілімі қажет, өйткені бұл

- Иса қайта тірілді,
- барлық адамдар қайта тіріледі,
- дене мәңгілік құндылыққа ие,
- Ізгі хабар шындық дегенді білдіреді.

Сот

Сот шынымен де Өмір кітабында есімдері жазылмаған адамдар үшін – соңы болады. Бұл олардың өмірінің соңы емес, бірақ таңдау жасау мүмкіндігінің соңы. Олар үшін мәңгілік – өзгерту мүмкін емес шешімдердің шексіз салдары болады.

Сот – біздің шешімдеріміз бірден нәтиже бермесе де, оларды ойланып қабылдауға түрткі болады. Кейбір адамдар, егер олар өз шешімдерінің нәтижесін басқара алатын болса, алаңдайтын ештеңе жоқ деп санайды. Олар, егер күнә ешкімге зиянын тигізбесе, ол жаман нәрсе емес деп

> «Мәңгілік Құдай үшін мың жыл бір күн сияқты. Сондықтан «Ол бізге төзімділік танытуда»: Ол Өзіне ыңғайсыздық туғызбай, бізге тәубеге келуге уақыт береді. Бір сөзбен айтқанда, Құдайдың уақыты Оның қалауы бойынша, баяу немесе жылдам жүре алады. Ол үшін бәрінің соңын тездетудің немесе кейінге қалдырудың ешқандай себебі немесе қажеттілігі болмауы мүмкін».
>
> - Джон Уэсли, *Жаңа Келісім бойынша жазбалар, Петірдің 2-хаты, 3-тарау бойынша жазбалар*

[442].. Қорынтт. 1-хат, 6:13-14 қараңыз. Кейбіреулердің: «тамақ асқазан үшін, асқазан тамақ үшін жаратылған» деген ұраны бар сияқты, яғни дененің тілектерді қанағаттандырудан басқа қызметі жоқ секілді. Елші денені дұрыс қолданбаудың соты туралы айтып: «Құдай бір кезде екеуінде жоятын болады» деді. Ары қарай: «адамның денесі Иеміз үшін қызмет етуге тиіс... Құдай Иемізді өлімнен қайта тірілтті, Ол біздің денемізді де Өзінің құдіретімен тірілтіп алмақ» дейді.

[443] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 6:14, 15, 19, 20.

сенеді. Бірақ шын мәнінде, кез келген күнәнің зияны болады, зияны тимеген күннің өзінде күнә үшін сот болатындықтан, оны елемей қоюға болмайды. Құдайдың Сөзі адамдардың өз іс-әрекеттеріне сай сотталатынын айтады[444].

Сотта біреулер мәңгілік жазаға кесіледі, ал басқалары мәңгілік сый алатын болады. Жазбада өз іс-әрекеттері бойынша сотталу үшін қайта тірілген күнәһарлардың сотының бір көрінісі сипатталған[445]. Мәсіхшілер үшін басқа сот болады, онда олар мәңгілікке салған еңбектеріне сай сыйларын алатын болады[446].

Соттың болуы бізге бір күні күнәнің жойылатынын көрсетеді. Әлемді күнәсіз елестету қиын, бірақ Құдайға қарсы көтеріліс тоқтайтын күн келетін болады.

Құдай біздің үнемі қорқынышта өмір сүргенімізді және қорыққанымыздан ғана дұрыс өмір сүруге тырысқанымызды қаламайды. Алайда, келе жатқан сот туралы білуіміз, бізге өмірімізді басқаратын жауапкершілік сезімін береді.

Біз (1) күнәнің маңыздылығын, (2) Құдай алдындағы жауапкершілігімізді, (3) таңдауларымыздың маңыздылығын және (4) күнәнің соңы не болатынын түсінуіміз үшін сот туралы білуіміз керек.

Құдайдың Мәңгілік Патшалығы

Кейбір философтар мен діндердің пайымдауынша, уақыт – басы мен аяғы жоқ, әр түрлі циклдарда мәңгілікке созылады және ешқандай оқиға бір нәрсені мәңгілікке өзгерте алмайды.

Бірақ Киелі кітапқа сәйкес уақыттың басы бар және бірқатар оқиғалар аяқталуға жақын қалды. Киелі кітапта жаратылыстың басталуы, содан кейін адамның күнәға батуы, содан кейін Құдайдың адамзат тарихында ғасырлар бойы жасаған құтқару жоспары сипатталған.

Жаратылыстың басталуы кітабынан біз күнәнің қалай пайда болғанын көреміз. Аянда Құдайдың мәңгілік қаласында күнәнің мүлдем жоқ екені айтылады[447]. Жаратылыстың бастауында біз өмір ағашынының жойылуы мен өлім жазасын көреміз. Аянда біз өмір ағашының қалпына келуін, Өмір кітабындағы есімдерді және өмір суының өзеніне шақыруды көреміз[448].

Уақыттың соңында бізге ашылған Құдайдың жоспары орындалатынын білеміз. Бұл – Құдайдың толық және Мәңгілік Патшалығының орнауы болады. Құдай әрқашан әлемнің Патшасы болды, бірақ адам күнәға батқан соң, адамдардың көпшілігі Құдай

---

[444] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 2-хат, 5:10; Римд. хат, 2:6-11.
[445] Қараңыз: Аян, 20:11-15.
[446] **Оқыңыздар.** Қорынтт. 1-хат, 3:14-15.
[447] Аян, 21:27.
[448] Аян,22:1, 2, 19.

патшалығына қарсы шықты. Мұның кенеттен соңы келіп, Құдай мәңгілік, жалғыз билеуші болады. Әлем Құдай қалағандай, Көк сияқты кемелді болатын болады.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Назардың жердегі өмірде болуы

Адамдар жердегі өмір мәңгілікке жалғасатын сияқты өмір сүруге бейім. Біз жағдайымызды жақсартуға, мәселелерімізді шешуге, бізді қанағаттандыратын орта құруға тырысамыз. Біз шатырларда тұрып, үнемі көшіп-қонып жүрген, мәңгілік үйді күткен Ыбырайым сияқты болуымыз керек (Еврейл. хат, 11:8-10, 14-16). Біз құрып, иемденіп жүрген нәрселер мен жасап жатқан жағдайымыздың бәрі уақытша екенін есте ұстауымыз керек. Біз мәңгілік құндылыққа ие нәрселер үшін еңбектенуіміз керек.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Иса уәде еткендей оралады, сенушілерді Өз патшалығында бірге билік жүргізу үшін қайта тірілтеді. Әрбір адам өз істері бойынша сотталу үшін қайта тіріледі, содан кейін ол мәңгілік өмірге ие болады немесе мәңгілік өлімге кесіледі. Құдай Патшалығы толықтай орнап, Құдай мәңгі билік ететін болады.

14-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу тапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Матай, 25:31-46;
- Петірдің 2-хаты, 3:1-14;
- Қорынтт. 1-хат, 15:51-58;
- Аян, 20:11-15;
- Даниял, 2:31-45.

(2) Тест: Келесі сабақты 1-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

(4) Келесі сабаққа дайындалу үшін әрқашан келесі сабақты оқуды ұмытпаңыз.

14-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Киелі кітаптағы Құдайдың хабарларынан ашылған маңызды төрт ақиқатты атап шығыңыз.

(2) Мәсіх қайтып келгенде мәсіхшілермен не болады?

(3) Біз Мәсіхтің оралуын қалай күтуіміз керек?

(4) Неліктен қайта тірілу ілімі маңызды?

(5) Неліктен бізге сот туралы білу маңызды?

15-сабақ
Ежелгі сенім белгілері

Сабақтың мақсаттары

(1) Сабақтың соңында студент түсінуі және түсіндіре білуі қажет:

- Сенім символдарының мақсаты мен пайдасын сенім ұстанымы ретінде.
- Киелі кітаптағы сенім белгілерінің мысалдары.
- Сенімнің үш тарихи белгілерінің шығу тегі мен мазмұны.
- Неліктен қазіргі мәсіхшілер тарихи мәсіхшілікті ұстануы керек.
- Сенім символдары туралы сенім ұстанымы.

(2) Осы сабақтың тәжірибелік мақсаттарының бірі – студенттерді ертедегі қауымның сенім негіздерін мәсіхшіліктің бастауы ретінде бағалауға шақыру.

Кіріспе

► Жохан, 2-тарауды бірге оқыңыздар. Бұл үзінді қауымның алғашқы ілімдерінің маңыздылығы туралы не айтады?

Сенім белгілерінің шығу тегі

Сенім белгісі – бұл маңызды мәсіхшілік сенім негіздерінің қысқаша мазмұны. Ертедегі қауым негізгі Киелі кітаптық ілімдерді қорындылау мұқтаждығын көрді.

► Неліктен қауымдарға сенім белгілері қажет болды? Киелі кітап жеткіліксіз болды ма?

Әрқашан Киелі кітапқа сенетіндерін жариялап, бірақ Киелі кітапқа қайшы келетін ілімдерді үйрететін адамдар болады. Сондықтан қауым шынайы мәсіхшілікті жалған мәсіхшіліктен ажырататын, Киелі кітаптық ілімдердің ұстанымдарын жасап шығарды.

Ілімдердегі алғашқы ұстанымдардың бірі: «Иеміз – Иса» деген сөз болды, бұл Исаның Құдай екенін білдіреді. Тағы бір ұстаным: «Иеміз Иса Мәсіх» деген сөздер болды, бұл Исаның Мәсіх екенін және Оның Құдай екенін де білдіреді. Исаны – Иеміз деп мойындаудан немесе «Иеміз Иса Мәсіх» деген сөздерді қолданудан бас тартқан адам – шынайы мәсіхші болып саналмады.

> «Мәңгілікке құтқарылу үшін Иеміз Иса Мәсіхтің адам болғанына берік сену керек. Иса Мәсіхтің Құдайдың Ұлы, Құдай және Адам екеніне сеніп, мойындасақ – осы біздің әділ сеніміміз болады».
> - Афанасьев сенім белгісі

Кейінірек өздерін мәсіхшіміз деп жариялап, бірақ Исаның толықтай адам болғанына сенбеген адамдар болды. Сондықтан, Жоханның 1-ші хатында біз сенім белгісінен келесі ұстанымды көреміз: «Ал Иса Мәсіхтің адам болып келгенін мойындамайтын әрбір рух Құдайдан

емес, керісінше, ол – Мәсіхке қарсы шығушының рухы»[449]. Сондай-ақ, елші егер адам Мәсіх туралы негізгі ілімдерді қабылдамаса, оның күнә жасайтынын және мұндай адамның Құдайдан емес екенін айтты[450].

Тімотеге 1-хат, 3:16-да, ең алғашқы сенім белгісінің бірнеше ұстанымдары жазылған:

> «Мәсіх адам болып дүниеге келді,
> Киелі Рух әділдігін дәлелдеді,
> Содан Мәсіх періштелерге көрінді,
> Халықтарға Ол жарияланды,
> Жер жүзінде Оған көбі иланды,
> Ол ұлылықпен көкке қабылданды».

Тімотеге 1-хаттағы сенім белгісі – Мәсіхтің адам болып дүниеге келген кезінде, Исаның Құдай және адам болғанын ерекше атап өтеді.

Сенімнің осы қысқаша ұстанымдарын жазудың белгілі бір мақсаты болды. Ертедегі мәсіхші өзінің Исаға және Киелі кітапқа сенетінің жариялайтын адаммен кездесіп қалса: «Сен Исаның Ием деп қабылдайсың ба?» немесе «Сен Исаның адам болып келген Құдай екеніне сенесің бе?» деп сұрақ қоя алатын. Егер адам «жоқ» деп жауап берсе, мәсіхші бұл адамның Киелі кітаптық ілімдерді білмейтінін және қабылдамайтынын түсінген.

Алғашқы өнім мейрамынан кейінгі, алғашқы ғасырларда қауым Үшбірлік, Мәсіхтің тәнге айналуы және Киелі Рухтың тұлғалығы туралы нақты ұстанымдар жасау қажеттілігін көрді. Олар адасушылықтан қорғайтын ілімдік стандарттарды орнатты. Сенім белгілері әр мәсіхші сенетін негізгі шындықтарды қосуды мақсат етті. Сенім белгілері барлық мәселерді шеше алмады, бірақ адам осы алғашқы сенім белгілеріне сенбесе, мәсіхші емес деп саналды.

Төменде ертедегі қауымның үш сенім белгілері берілген.

Елшілік сенім белгісі

Елшілік сенім белгісін елшілер жазған жоқ, ол екінші ғасырда елшілердің ілімдерін мазмұндау мақсатында жазылған.

> «Мен Құдайға, Құдіретті Әкеге, көк пен жердің Жаратушысына сенемін.
>
> Иса Мәсіхке, Құдайдың жалғыз Ұлына, Киелі Рухтың құдіретімен құрсақта бала бітіп, пәк қыз Мәриямнан дүниеге келген, Понти Пилаттың кезінде азап шегіп, айқыш ағашқа шегеленген, өлген және жерленген, тозаққа түсіп, үшінші күні өлілерден тірілген, көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасқан Иемізге сенемін.

---

[449] Жоханның 1-хаты, 4:3.
[450] Жоханның 2-хаты, 9.

Киелі Рухқа, Киелі Бүкіләлемдік Қауымға, киелілердің қарым-қатынасына, күнәлардың кешірілінуіне, дененің қайта тірілуіне, мәңгілік өмірге сенемін. Аумин».

Бұл сенім белгісін жазудың мақсаты – Исаның толығымен адам болғанын және пәк қыздан туылғанын қабылдамағандардың қателіктерін көрсету болған сияқты. Сондай-ақ, Исаның шынымен өлгенін немесе физикалық тұрғыдан қайта тірілгенін жоққа шығарғандар да болды.

Елшілік сенім белгісінде Киелі Рух туралы өте аз айтылған. Бұл қауымның Киелі Рухтың кім екенін білмегендіктен емес, қауымда Киелі Рух туралы адасушылық әлі болмағандықтан солай болды. *Католик* термині жай «әмбебап» және бір ғана шынайы қауым бар дегенді білдіреді. «Күнәлардың кешірілуі» іс-әрекеттер немесе рәсімдерді орындау арқылы емес, рақым арқылы құтқарылуды білдіреді.

Никей сенім белгісі

Никей сенім белгісі 325 жылы қауым кеңесінде орнатылған. Оның мақсаты – Мәсіх пен Киелі Рухтың құдайлығын сипаттайтын ілімдерді қорғау болды. 381 жылы бірнеше ұстанымдар басқа кеңесте қосылды. Бұл сенім белгісі бұрын көтерілмеген кейбір мәселелерге қатысты болды.

> «Мен Жалғыз Құдайға, Әкеге, Құдіреті шексізге, барлық көрінетін мен көрінбейтіннің Жаратушысына сенемін.
>
> Және Жалғыз Иеміз Иса Мәсіхке, Құдайдың Ұлына; Әкеден туған, Құдайдан Құдай, Нұрдан Нұр, шынай Құдайдан шынайы Құдай, туылған, жаратылмаған; Әкемен бірге болған; Ол арқылы бәрі жаратылған; біз, адамдар үшін және біздің құтқарылуымыз үшін көктен түсіп, Киелі Рухтың құдіретімен пәк қыз Мәриямның құрсағында бала болып бітіп, адам болып туған; Понти Пилаттың кезінде біз үшін айқышқа шегеленіп, азап шеккен және жерленген; Жазбаға сәйкес үшінші күні қайта тірілген; көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына жайғасқан; өлілер мен тірілерді соттау үшін зор салтанатпен қайта келе жатқанға сенемін.
>
> Мен Киелі Рухқа, Әке мен Ұлынан келген, Иеміз және өмір Берушіге; Әкемен және Ұлымен бірге мадақталып, даңқталатынға; пайғамбарлар арқылы сөйлейтінге; және біртұтас Католик және Елшілік қауымға; бір шомылдыру рәсіміне; өлгендердің қайта тірілуіне және мәңгілік өмірге сенемін. Аумин».

► Сіз бұл сенім белгісінде, Елшілік сенім белгісінде болмаған қандай ұстанымдарды көрдіңіз?

Мұнда біз Үшбірліктің барлық үш Тұлғасы туралы кеңейтілген ұстанымдарды көреміз. Исаның Құдай екендігіне сенетіндерін жариялап, бірақ сонымен бірге Оның құдайлығын төмендететіндерге ескерту ретінде, Мәсіхтің толық құдайлығына ерекше көңіл

аударылған. Ол мәңгілік («туылғанға дейін»), жаратылмаған, Әкемен бірге бір болмысқа ие. Иса Әкемен бірге бірдей себептер бойынша Құдай деп аталады.

Сондай-ақ, Киелі Рухқа Әке мен Ұлға сиынғандай, ғибадат ету керек. Бұл Оның – Құдай екенін растайды.

Халкидондық сенім белгісі

Халкидондық сенім белгісі 451 жылы жазылған. Оның мақсаты – Мәсіхтің тәнге айналуы туралы ілімдерді қорғау болды. Оның сөйлемдерін түсіну қиындау. Авторлардың мақсаты – Мәсіхтің толықтай Құдай болғаны және толықтай адам болғаны туралы ілімдерді, олардың біреусін екіншісінен төмендетпей, мағынасын жоғалтып алмай қорғау болды. Соңында авторлар бұл ілімдерді дәстүрлі және Киелі кітаптық деп санайды. Олар жаңа ойларды қосып, дамытпады, тек қауым әрқашан сеніп жүрген нәрселерді қорғады.

> «Біз Киелі Әкелерге ере отырып, сол бір Ұлды, Иеміз Иса Мәсіхті, Құдайлығында да кемелді және адамдық бейнесінде де кемелді; шынайы Құдай мен шынайы адам; саналы жан мен денеден тұрған; Құдайлығында Әкемен бір болмысқа және адамдық бейнесінде бізбен бірдей болмысқа ие; күнәдан басқа барлық жағынан бізге ұқсас; әлем жаратылмастан бұрын Құдайлық болмысында Әкеден, ал соңғы күндері біз үшін және біздің құтқарылуымыз үшін, пәк қыз Мәриямнан – адам болып туған; бір Мәсіхке, Ұлына, Жалғыз Иемізге, екі болмысында да біртұтас, өзгермейтін, бөлінбейтін, ажырамас – сонымен қатар біртұтастығы екі болмыстың айырмашылығын бұзбай, бірақ әр болмыстың қасиеті одан да көбірек көрініп, бір Тұлғада біріктірілген; – екі тұлғаға бөлінбеген, сол жалғыз Ұлын, Құдайдың Сөзін, Иеміз Иса Мәсіхті мойындауды, ежелгі уақытта пайғамбарлар Ол туралы үйреткендерді және Иеміз Иса Мәсіхтің Өзі бізге үйреткендерін және Әкелердің берген белгілерін үйретеміз».

► Сіз осы сенім белгісінде ерекше атап өтілген нәрселерді көрдіңіз бе?

Мәсіхтің құдайлық болмысы Исаның тек көкте ғана ие болғандарынан тұрмады. Ертедегі мәсіхшілер Оның адам бейнесінде келген Құдай екеніне сенді. Ол жер бетінде өмір сүрген кезде Құдай мен адамның барлық қасиеттеріне ие болды. Олар Мәсіхтің бұл болмысын Құтқарушының ерекше қасиеті ретінде қарастырды.

Бүгінгі күнгі сенім белгілері

Қауымның құрылғанынан бері көп ғасырлар өтті. Әлем көп жағынан өзгерді. Көптеген діни сенімдер пайда болды.

Кейбір адамдар өзгермеуі мүмкін емес ілімдер жоқ деп санайды. Олар өздері қалаған нәрсеге сенеді және өздерін мәсіхші деп атайды.

► Біз ертедегі сенім белгілеріне сенуіміз керек пе?

Бірақ ертедегі сенім белгілерінде сипатталған Киелі кітаптық Құдай өзгермейді. Ертедегі мәсіхшілер Құдай олардың Оған деген сеніміне жауап ретінде, оларды құтқарғанын білді. Құдайдың болмысы мен құтқарылу тәсілі туралы бұл пікірлер басында мәсіхшіліктің негізі болды.

Бұл – адам барлық ілімдерге дұрыс сенбесе, құтқарылмайды дегенді білдірмейді. Құтқарылу үшін барлық ілімдерді білу қажет емес. Адам шындықты дұрыс қабылдаймын деп ойлап, бірақ кейбір нәрселерде қателесуі мүмкін.

Осы сабақта ежелгі сенім белгілерінің тек негізгі ілімдері келтірілген. Егер қауымның осы негіздерден өзгеше Құдай туралы көзқарасы болса, онда олар өтірік Ізгі хабар болып табылатын, құтқарылудың басқа әдісін ойлап табуы керек. Және олар өздерін мәсіхшіміз деп атамауы тиіс, өйткені олар жаңа дін ойлап табуға тырысады.

Әрине, әр адам өзі қалаған нәрсесіне сене алады, бірақ егер ол мәсіхшілк сенім негіздеріне сенбесе, ол – мәсіхші емес.

Алғашқы ғасырларда қазіргі күндегідей конфессиялар болмаған. Бір ғана қауым болды. Сондықтан бұл сенім белгілерін бүкіл қауым мақұлдаған. Алайда, бүгінде Киелі кітаптың беделін құрметтейтін қауымдар көптеген басқа ойлармен келіспесе де, сенім белгілерін ұстанады.

Ертедегі қауым, ең маңызды нәрсе – Құдаймен қарым-қатынас екенін білді. Олар Құдаймен қарым-қатынас арқылы құтқарылатындықтарын білді. Сондықтан олар үшін Құдайдың қандай екенін білу өте маңызды болды.

> «Әрбір жаңа ілім сөзсіз жалған; өйткені тек бастапқы дін ғана дұрыс; және ешқандай ілім «бізге басынан бастап берілмесе» шындық бола алмайды».
>
> - Джон Уэсли, «Сенушілердегі күнә» уағызы.

Яһуданың хатында, біз қауымға берілген сенімді қорғауымыз керек екендігіміз ескертіледі[451]. Біз адал қызмет етіп, Ізгі хабарды таратып, шәкірттікпен айналысып, қызметке шақырылғандарға жетекшілік еткенде Құдай Өзінің ақиқатын білдірсін.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Ерекшеленген конфессия

Ұйымға біріктірілген қауымдар тобы – конфессия деп аталады. Өздерін мәсіхшілік деп атайтын мыңдаған конфессиялар бар. Конфессияның құрамына кірмейтін мыңдаған тәуелсіз қауымдар бар.

Кейде конфессия Ізгі хабарды уағыздаудан пайда болады. Егер көптеген адамдар сенімге келіп, аймақта оларға қамқорлық жасайтын қауым болмаса, жаңа конфессия пайда болады. Сондай-ақ, конфессия белгілі бір елдегі қызметшілердің жұмысынан пайда болуы мүмкін.

---

[451] Яһуданың хаты, 3.

Кейде конфессия маңызды ілімді қабылдамайтын немесе оны елемейтін қауымнан бөлінген сенушілер тобынан пайда болады. Олар дұрыс сенім жасап-шығару үшін жаңа конфессияны құра бастайды. Уақыт өткен сайын олар өздерінің ілімдерін дамытуды жалғастырады. Олардың Киелі кітапты түсінуі басқа сенушілер тобының түсінуінен өзгеше болғандықтан, олардың конфессиялық ілімдері басқа конфессиялардың ілімдерінен өзгеше болады.

Конфессиялар сонымен қатар дұрыс ғибадат ету дәстүрін және мәсіхшінің өмірінің егжей-тегжейін дамытады. Конфессиялар бір-бірінен өз дәстүрлерімен ерекшеленеді.

Көптеген конфессиялар өздерін жалғыз дұрыс қауым ретінде жарияламайды. Егер ұйым өзін жалғыз дұрыс ұйым деп жарияласа, оған сенудің қажеті жоқ.

Сенбеушілер көбінесе мәсіхшілікті өзінің әртүрлілігі мен айырмашылығына байланысты қабылдамайды. Сенбеушілер әртүрлі секталар бір-біріне қайшы келеді деп санайды. Және әлемдегі көптеген адамдар мәсіхшілердің арасында бірлік жоқ деп санайды.

Конфессия немесе жергілікті қауым ертедегі мәсіхшілік сенім белгілерінің ілімдеріне сенсе, шыныменде шынайы конфессия/қауым болып табылады. Бұл барлық мәсіхшілік ұйымдар арасында бар – ілімдік бірлік. Маңызды емес ілімдік мәселелер мен дәстүрлерде үлкен айырмашылықтар бар, бірақ біз осы айырмашылықтарға байланысты қауымды мәсіхшілк емес деп санамауымыз керек.

Жібермеуге тиіс қателіктер: Жеке сенімдерді дұрыс түсінбеу

Мәсіхші Құдаймен қарым-қатынаста өмір сүре отырып, өзінің Киелі кітаптық шындықтар туралы түсінігін дамытады. Ол әрқашан басқалар сияқты қорытындыларға келмеуі мүмкін. Ол күнделікті өмірде шындықты қолданған сайын, басқа мәсіхшілерден өзгеше өзіндік ережелерін жасайды.

Адам өзінің сенімі туралы ойлап, өзін мәсіхшімін деп атаған кезде, ертедегі мәсіхшілік сенімнің негізгі ілімдерін қабылдауы керектігін түсінуі керек.

Мәсіхші сонымен бірге өзінің қауымында белгіленген ілімдерге сенуі керек. Егер ол өзінің қауымындағы ілімдерді дұрыс емес деп санаса, өзін қауымға толықтай арнай алмайды.

Қауымның ілімдері мәсіхшіге бағыт береді, бірақ оның қауымның басқа мүшелерінен өзгеше жеке сенімдері болады. Әдетте, жеке сенім – бұл Киелі Кітапта жазылған бір нәрсе емес, бұл Киелі кітапты белгілі бір сұрақтарға қолдануға тырысу.

Әрбір мәсіхші Киелі кітаптағы шындықты өзінің өмірлік жағдайларына шын жүректен қолдануы керек, бірақ басқаларды тез айыптауға жол бермеуі керек. Барлық мәсіхшілер – ертедегі сенім белгілерінің ілімдерін және қауым мүшесі – қауымның ілімдерін ұстануы керек деп күту дұрыс, бірақ әркім сіздің жеке сеніміңізбен келісуі керек деп күту дұрыс емес.

Студенттер сенім ұстанымын кем дегенде екі рет бірге оқулары керек.

Сенім ұстанымы

Жазба бізді мәсіхшілік сенімнің алғашқы ілімдерін қорғауға шақырады. Ертедегі қауым құтқарылу үшін және Құдаймен қарым-қатынасымыз үшін негіз болатын, сенім негіздерін орнатты. Бұл ілімдер әлі де мәсіхшілік сенімнің негізгі және ажырамас бөлігі болып табылады.

3-сабақ Тапсырма

(1) Оқу және жазу tапсырма: Әрбір студентке төменде көрсетілген үзінділердің бірі тағайындалады. Келесі сабақтың алдында үзіндіні оқып, осы сабақтың тақырыбы туралы не айтылғаны туралы абзац жазу керек.

- Титке хат, 1:7-14;
- Яhуданың хаты, 3-13;
- Тімотеге 1-хат, 4:1-7;
- Тімотеге 1-хат, 3:16;
- Жоханның 1-хаты, 4:1-3, 14-15, и 5:12.

(2) Тест: Келесі сабақты 1-сабақ бойынша тесттен бастайсыз. Дайындық кезінде тест сұрақтарын мұқият зерттеңіз.

(3) Оқыту тапсырмасы: Студент осы курсты өту кезінде кем дегенде жеті рет, курсқа қатыспайтын адамдарға осы сабақты немесе сабақтың бір бөлігін үйретуі керек. Бұл сабақ қауым тобында, үй тобының кездесуінде немесе басқа ортада өтілуі мүмкін. Сіз бұл мүмкіндіктерді жасауға және сынып жетекшіңізге есеп беруге жауаптысыз.

15-сабақ Зерттеуге арналған сұрақтар

(1) Сенім белгісі деген не?

(2) Ертедегі мәсіхшілер үшін Иса туралы қандай екі ұстаным қажет болды?

(3) Жазбадағы алғашқы сенім белгісі қандай бірнеше ұстаным береді?

(4) Елшілік сенім белгісін жазудың мақсаты қандай?

(5) Никей сенім белгісін жазудың мақсаты қандай?

(6) Халкидондық сенім белгісін жазудың мақсаты қандай?

Ұсынылатын Оқулықтар

1-сабақ – Құдайдың Кітабы

Dockery, David S. *Christian Scripture.* Nashville: Broadman and Holman, 1995.

2-сабақ – Құдайдың Қасиеттері

Purkiser, W.T., ed. *Exploring Our Christian Faith.* Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1960.

Tozer, A.W. *The Knowledge of the Holy.* New York: Harper and Row, 1961.

3-сабақ – Үшбірлік

Morey, Robert. *The Trinity: Evidences and Issue.* Iowa Falls, IA: Word Bible Publishers, 1996.

White, James. *The Forgotten Trinity: Recovering the Heart of Christian Belief.* Minneapolis: Bethany House Publishers, 1998.

4-сабақ – Адамзат

Purkiser, W. T., ed. *Exploring Our Christian Faith.* Kansas City, MO: Beacon Hill, 1978. See chapter 10: «What is Man?»

5-сабақ – Күнә

Wesley, John. «The Doctrine of Original Sin», in *The Complete Works of Wesley*. Vol. 9.

Wilcox, Leslie. *Profiles in Wesleyan Theology.* Salem, OH: Schmul Publishing, 1985. See Chapter 7: «Origin and Nature of Sin,» 141-170.

6-сабақ – Рухтар

Lewis, C. S. *The Screwtape Letters.* New York:

Macmillan Co., 1968.

Wesley, John. «Satan's Devices.» *Wesley's 52 Standard Sermons*. Salem, OH: Schmul Publishing, 1988.

7-сабақ – Мәсіх

Strobel, Lee*. The Case for Christ*. Grand Rapids: Zondervan, 1998.

Zacharias, Ravi. *Jesus Among Other Gods*. Nashville: Word Publishing, 2000.

8-сабақ – Құтқарылу

Purkiser, W. T., ed. *Exploring Our Christian Faith.* Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1960. Especially see chapter XI, «Man's Predicament,» and XII, «The Doctrine of Atonement.»

Wilcox, Leslie. *Profiles in Wesleyan Theology.* Salem, OH: Schmul Publishing, 1985. Especially see chapters 9-10: «Atonement» and «Conditions of Reconciliation,» 171-214.

Wiley, H. Orton and Culbertson, Paul T. *Introduction to Christian Theology.* Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1946.

9-сабақ – Құтқарылу мәселелері

Shank, Robert. *Life in the Son*. Bethany House Publishers, Minneapolis.

Wiley, H. Orton and Culbertson, Paul T. *Introduction to Christian Theology.* Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1946.

10-сабақ – Киелі Рух

Carter, Charles. *The Person and Ministry of the Holy Spirit: A Wesleyan Perspective*. Grand Rapids: Baker Book House, 1974.

Murray, Andrew*. Andrew Murray on the Holy Spirit*. New Kesington, PA: Whitaker House, 1998.

12-сабақ – Қауым

Noll, Mark. *Turning Points.* Grand Rapids, MI: Baker Academic, 1997.

Oden, Thomas. *Life in the Spirit.* Peabody, MA: Prince Press, 2001.

13-сабақ – Мәңгілік

Lewis, C. S. «The Weight of Glory,» in *The Weight of Glory and Other Addresses*. New York: Macmillan Publishing, 1980.

Purkiser, W.T. editor. *Exploring Our Christian Faith***.** Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1967. Especially chapter xxviii, «The Future Life.»

Wesley, John. «The Great Assize,» in *Wesley's 52 Standard Sermons*. Salem, OH: Schmul Publishing, 1988.

14-сабақ – Соңғы уақыттағы оқиғалар

Ladd, George Eldon. *The Blessed Hope.* Grand Rapids, MI: Eerdmans, 1992.

Wiley, H. Orton & Culbertson, Paul T. *Introduction to Christian Theology.* Kansas City, MO: Beacon Hill Press, 1949.

15-сабақ – Ежелгі сенім белгілері

Gonzalez, Justo L. *The Story of Christianity, Vol. I.* Harper, New York.

Noll, Mark. *Turning Points: Decisive Moments in the History of Christianity*. Baker, Grand Rapids.

Тапсырмалар бойынша Есеп

Студенттің аты _____

Сабақ	Тест	Жазбадағы үзіндіні зерттеу	Педагогикалық тәжірибе	
1			Күні	Топ түрі
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				

Мәсіхке бағытталған. Оқыту. Барлық жерде.

shepherds
GLOBAL CLASSROOM

SHEPHERDSGLOBAL.ORG